

**Ахметов Бахытжан Раушанбекұлы**

**САПТЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫ ОҚИТЫП ҮЙРЕТУ  
ӘДІСТЕМЕСІ**



**Түркістан-2017**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылған. №6 хаттама 16.06.2017 ж

**УДК 355.1 (075.8)**

**ББК 68.4 я 73**

**С21**

**Пікір білдірушілер:**

Ш.Б. Оразов п.ғ.д., профессор. Халық-аралық қазақ-түрік университеті,

Л.Н Ибраимова п.ғ.к., доцент Тараз мемлекеттік педагогикалық институты

О.А.Исаков т.ғ.д., профессор. Тараз мемлекеттік педагогикалық институты

Ұсынылған оқу әдістемелік құралы 5М010400-«Бастапқы әскери дайындық» мамандығының магистранттарына, 5В010400 – «Бастапқы әскери дайындық» мамандығында оқитын білімгерлерге сонымен қатар алғашқы әскери дайындық оқытушы – ұйымдастырушыларына арналған. Оқу әдістемелік құралында бөлімше құрамында жекеленген саптық тәсілдер мен үйлесімді қимылдарды дұрыс орындауды дағдыландыруға бағытталған.

**УДК 355.1 (075.8)**

**ББК 68.4 я 73**

**С21**

**ISBN 978-9965-39-656-4**

**Саптық дайындықты оқытып үйрету әдістемесі бойынша оқу құралы**

**Құрастырушылар Ахметов Бахытжан Раушанбекұлы**

**Түркістан Тұран баспасы, 2017 - № 155 бет.**

## КІРІСПЕ

Саптық дайындық - әскери оқыту мен тәрбиелеудің маңызды пәндерінің бірі болып табылады. Ол оқушыларды тәртіптілікке үйретіп, олардың өте жақсы саптық түзулікті, үлгілі сыртқы түр сипатын, саптық тәсілдерді тез және таза орындау іскерлігін дамытып, оқушыларда ұқыптылықты, ептілікті және төзімділікті қалыптастырады. Бөлімше құрамында жекеленген саптық тәсілдер мен үйлесімді қимылдарды дереу және дұрыс орындауды дағдыландыруға бағытталған.

Саптық дайындық: қарумен және қарусыз жекеленген саптық жаттығуларды; машиналардағы және жаяу реттегі қимылдар кезінде бөлімше (есеп тобы, экипажы), взвод, рота (батарея), батальон (дивизион) және полктердің жаттықтыруын; бөлімше мен бөлімдердің саптық байқауларын, сондай-ақ әскери қызметшілердің ұрыс алаңында жылжу тәсілдерін қамтиды.

*Саптық дайындық төмендегі бөліктерден тұрады:*

- жеке дайындық сарбаздардың қарумен және қарусыз орындалатын саптық тәсілдерді үйренуі;

- сапта, ұрысқа кірісу реттерінде, тізбекте (бөлімшенің ұрыс желісі) бірлесіп қимыл жасау үшін бөлімшені даярлау және үйлестіру;

-бөлімшелерді машиналармен іс-қимылдарға үйрету.

Оқушы жастардың сапта тұруының өзі жинақтылыққа, тәртіпке шақырса, ал саптық бұйрықтарды орындау оқытушы-ұйымдастырушыға бағынуға міндеттейді деген сөз. Жеке саптық үйрету саптық дайындықтың негізі түрі болып табылады, себебі жалпы бөлімшені және бөлімді үйрету мен үйлестірудің табысты болуы әрбір сарбаздың немесе оқушы жастардың дайындық дәрежесіне байланысты болады.

Нақтылық, үйлесімділік әрекеттерді бір келкі және мезетте дұрыс орындау рухты көтереді, өз іс-қимылдарына деген сенімділікті арттырады және әскери қызметшілерді ептілік пен төзімділікке тәрбиелейді.

Әдістемелік тұрғыда дұрыс жоспарланбаған сабақтар жақсы дайындық көрсеткіштеріне жетуге септігін тигізбейді.

Саптық дайындық сабақ кестесінде қарастырылған оқу уақытында өткізіледі. Ол тактикалық атыс, дене шынықтыру сабақтарында және т.б. сабақтарда, сапқа тұру, қозғалыс кезінде, күнделікті өмірде жетілдіріліп, іске асырылады.

Саптық дайындық, алғашқы әскери дайындықты оқытудың негізгі бөлігі бола отырып, оқу- тәрбиелеу процесінің барлық жақтарына әсер етеді.

Саптық дайындық - қиында күрделі тәжірибелік іс. Әрбір тәсілді немесе қимылды қайталау кезінде мынадай әдістемелік кезектілікті ұстану керек:

тәсілді (қимылды) толықтай атау және ол орындалатын пәрменді беру;

тәсілді (қимылды) толықтай үлгілі орындаумен көрсету, содан соң бөліктер бойынша тәсілді орындау ережелері мен ретін қысқаша түсіндіру мен көрсету;

тәсілді (қимылды) орындау техникасы оқушыларда алдымен бөлшектер бойынша, содан соң оны дұрыс орындалуын толықтай үйрету;

оқушыларды, тәсілді (қимылды) орындаудағы ептілік, жылдамдығын және тазалығына жете отырып, жаттықтыру.

Саптық дайындық бойынша сабақтар тәжірибе жүзінде мектептің саптық алаңында, арнайы жабдықталған жерде өткізіледі.

Сабақтар саптық алаңда, оқытушы - ұйымдастырушы өзінің көмекшілері ретінде бөлімше командирлерін дайындауы тиіс.

Саптық дайындық бойынша сабақтарды мынадай кезектілікпен өткізген жөн: взводты тұрғызу, оқушылар саны мен сыртқы түр сипаттарын тексеру. Қажет болған жағдайда ескертулер айтылып, кемшіліктерді жою керек. Взвод екі қатарлы сапқа тұрғызылады, әрбір оқушы саптағы өз орнын білуі тиіс. Сабақтардың тақырыбы мен мақсатын және оқу сұрақтарын оқушыларға хабарлайды. Сонан соң, алдыңғы меңгерілген кейбір саптық тәсілдердің тәжірибелік орындалуын тексерген жөн.

Оқушылардың жекелей саптық тәсілдерді орындауындағы іскерліктерді шыңдау, арнайы сабақтарда, саптық тактикалық, тактикалық және атыс дайындығы бойынша өтетін сабақтарда, сонымен бірге сапқа тұрғызу, жорықтық қозғалу кездерінде де жүзеге асырылады.

Оқушылардың саптық түзулігіне, сыртқы түр-сипатының ұқыптылығын, рапортты таза жеткізе білуіне және әрекет жасауға әрдайым дайын болуына қол жеткізу керек.

Оқытушы-ұйымдастырушының - жоғарғы әдістемелік дайындығына сәйкес, жекелей үлгісі, саптық тәсілдерді дәл орындауындағы, оқушыларға әрдайым талапкерлігі - оқушыларды сәтті саптық дайындығына жеткізер бірден – бір жол болып табылады.

## **I. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің саптық жарғысының жалпы ережелері.**

### *Саптық дайындықты ұйымдастыру және жоспарлау*

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің саптық жарғысының жалпы ережелерінде қарусыз және қарумен саптық тәсілдер мен қозғалыстарды; бөлімшелер мен әскери бөлімдердің жаяу тәртіптегі және машиналардағы саптарын; әскери сәлемдесуді орындау, саптық байқау өткізу тәртібін; әскери бөлімнің Жауынгерлік Туының саптағы жағдайын, оны шығару мен әкету тәртібін; әскери қызметшілердің сапқа тұру алдындағы және саптағы міндеттерін және оларды саптық үйретуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ әскери қызметшілердің ұрыс даласындағы қозғалысы мен қарсылас кенеттен шабуыл жасаған кездегі іс-әрекетінің тәсілдерін айқындайды. Жарғының күші Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының (бұдан әрі - Қарулы Күштер) әскери қызметшілеріне, сондай-ақ әскери жиындар өткізілген кезеңде оларға шақырылған әскери міндеттілерге, әскери киім нысанын киюге құқығы бар әскери қызметтен босатылған азаматтарға оны киген кезде қолданылады.

*Саптық дайындық бойынша оқытудың мәні-* оқушы жастарды саптық дайындыққа оқыту, әскери қызмет өміріне жан-жақты әсер беретін, әскери дайындықтың негізгі салаларының бір бөлігі болып саналады. Ол оқушы жастардың ерік-жігерін мықтап, өз денесін толық игеруге, төзімділікке және зейінділікті, ұжымшылдықты дамытуға, сондай-ақ әскери тәртіпті сақтауға септігін тигізеді

Оқушы жастардың, болашақ әскери қызметшілердің жоғарғы деңгейлі саптық дәрежесі келесі жүелілікпен, реттіліктер бойынша жүзеге асады:

– саптық дайындықтың дұрыс жоспарлануы мен нақтылығы, сонымен қатар барлық сабақтардың әдістемелік негізде дұрыс жүргізілуі мен ұйымдастырылуы;

– саналы түрде оқытылуы мен саптық жарғы талаптарын қатаң орындауы;

– саптық дайындық бойынша жоспарлы сабақтарды әдістемелік негізінде тұрақты жүргізу;

– саптық оқытудың барлық сабақтарында, атап айтқанда сапқа тұрған кезде және күнделікті өмірдегі қозғалыстарда тәжірибесін көбейту;

Саптық оқытуда жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін оқытушы ұйымдастырушылардың, жеке саптық үйренуі үлкен мағынаға ие, сондай-ақ саптық әдістерді көрсету (үлгі ретінде) мен қол астындағыларға жоғарғы талап қою деген мәселелер де бар.

Мұндағы оқытушы ұйымдастырушылардың әрекеті жоғарғы әдістемелік дайындықпен үйлесіп тұруы – басқалардың саптық әдістерді дұрыс орындауының кепілі ретінде болады.

Әрбір оқушы өзіне тапсырылған жұмыстарды тиянақты орындаумен қатар, өзіне жүктелген міндеттерді саналы түрде жүзеге асыру қажет.

Саптық сабақтарды жүргізуде жоғарғы сапалы деңгейге жеткізу әскери құрамның, ондағы оқытушы ұйымдастырушылардың әдістемелік қабілеттерін үздіксіз жетілдіре түсу әрекеттері маңыздырақ. Онда сыныпта тағайындалған взвод командирлерінің әдістемелік дайындығына саптық қарым-қатынастарына күнделікті назар аударылады.

Сонда бөлімшелерді дайындауға жоғарғы көрсеткіштердің мықты іргетасы қаланады деген сөз. Міне, сондықтан да командирлер әдістемелік тәсілдері мен оқу әдістерін тұрақты түрде жетілдіре жүруі тиіс.

Саптық дайындық – тәжірибемен байланысты іс. Мұнда, әр тәсілді көп рет жаттығулар мен қайталау қажет.

Сабақтарды (саптық дайындық бойынша) ережеге сәйкес, оқу бөлімшесі, взвод, рота құрамында тиісті оқушылардың басқаруында (командир) жүргізу міндет.

Тек, жекелеген саптық дайындығы барысында ғана оқушының қателігін толық байқауға болады. Дегенмен, кейбір оқытушылар бұл жөнінде ұмытып жатады, соған сәйкес бөлімшелердің де деңгейі төмендейді.

Саптық дайындықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындау, сонымен қатар жақсы көрсеткіштерге талпыну оқытушы ұйымдастырушылардың жоғарғы білікті маман болып қана қоймай, жақсы саптық деңгейде білімі бар білікті маман болып шығуына септігін тигізеді.

Нұсқаулы-әдістемелік және көрсетімдік сабақтарды, сондай-ақ саптық оқыту бойынша түсіндірмелер мен үгіттеу жұмыстарды, тәрбиелік мәні бар шараларды өткізу саптық оқыту дәрежесін жоғарылатуда айтарлықтай әсер береді.

Саптық дайындық қазіргі уақыттағы әскери қимылдарда жеке құрамға қажетті психологиялық бағыттың дұрыс болуына, қабілет пен білімнің дамуына әсер бере отырып, көптеген барлық оқыту пәндеріне байланысады және өзіндік әскери дайындық пәні ретінде жүреді.

Сондықтан да, саптық оқытудың негізіне әскери педагогиканың жетекші құралы ретінде оқытудың дидактикалық қағидалары қарастырылған.

Жоғарғы саптық білім офицерлерге, оқытушы ұйымдастырушыларға саптық дайындықта жақсы жетістіктерге жеткізетін мағынаға ие. Яғни саптық жарғыда қарастырылған тәсілдерді дұрыс орындау негізгі қағида болып табылады.

Оқытушы ұйымдастырушыларға жоғарғы әдістемені, жақсы теориялық білім мен тәжірибелік дайындықты білу

жеткіліксіз, оған қол астындағылардың (оқушылардың) танымдық қызметін белсенді ете білуі де міндет. Ал, ол үшін саптық оқытудың сапасын көтеру, жауынгерлердің (оқушылардың) ойлау қабілетін дамыту және тиімді тәсілдерді игеруге көмек көрсету керек. Саптық дайындық бойынша тәсілдерді одан әрі тактикалық, дене тәрбиесі бойынша сабақтарда және күнделікті өмірде жетілдіре түсу қажет.

Әр оқытушы (оқытушы ұйымдастырушы) оқытудың алғашқы күндерінен бастап әр сабаққа әдістемелік тұрғыда дайындалғаны дұрыс.

Дәл сол уақытта, саптық тәсілдер мен іс-қимылдарды үйрену, сондай-ақ карумен және әскери техникамен әрекеттер орындау барысында белгілі бір тәртіп қалыпты дағдыға айналады.

Саптық жаттығуларды игеру – бұл әр тәсілдерді ұғыну қосымша есте сақтау, ал білім, біліктілікке қол жеткізу саптық әрекеттерді тәжірибеде қолдану деген сөз.

Оқуда белгілі нәрсені белгісізбен, жеңілден күрделі тәсілдерге көшу, теорияны тәжірибемен байланыстыру, жүелілікпен бірізділік сонымен қатар саптық оқытудың айтулы, тиімді әдістері мен формаларын айқындау өте маңызды болып табылады.

Сондай-ақ әр саптық сабақтарын рухани деңгейді көтеруге бағытталған әскери қолданбалы немесе саптық ән бақаулары секілді сайыстарды жүелі түрде өткізген жөн. Бұл сайыстар ұйымдастырылып өткізілгенде көрсетілетін саптық элементтер кез-келген әрекеттерді тез арада игерілуіне қажетті алғышарттарды құрады.

Әр саптық сабақ бөлімшелер мен жауынгерлердің саптық тәжірибелерді жетілдіру ісіндегі жаңа қадам болып табылады. Бұл орайда, алынған білімнің тереңдігі мен

біліктілігін көбінесе сабақ барысында тиімді таңдалған жаттығулар мен оқыту әдістеріне байланысты.

Оқушы жастардың, жауынгерлер іс-қимылының үздіксіздігі - міне, осы бүгінгі саптық сабақтарға қойылатын талаптарға байланысты деп санауға да болады. Тұрақты саптық дайындыққа демеу көрсету мен әскери тәртіпті мықтау, бөлімшелердің, жоғары деңгейлі жинақтылығына және жақсы жеке дара саптық үйренуімен де байланысты екенін ұмытпаған жөн.

*Саптық дайындықты жоспарлау.*

Оқытушы-ұйымдастырушының ең бірінші міндеті – оқушыларды психологиялық, денелік, адамгершілік тұрғыдан ҚР ҚК-де қызмет етуге, өз Отанын қорғауға дайындау және ол міндетті іске асыруда АӘД-ті оқыту басты рөл ойнайды.

АӘД бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі түрі – сабақ. Ол оқытудың жалпы дидактикасы мен әдістемелерінің қағидаларына жауап бере отырып, АӘД бағдарламасына сәйкес жүргізілуі керек.

Оқыту барысында оқытушы ұйымдастырушы алғашқы әскери дайындық бағдарламасының талаптарын, саптық жарғының ережесін, сондай-ақ жеке құрамның саптық деңгейін сақтау керек.

Жалпы білім беретін мектептеріне арналған оқу бағдарламасында саптық дайындықты оқытуға 9 сағат қарастырылған.

10- сыныптарда Саптық дайындық (7 сағат)

1 - тақырып «Сап және оларды басқару» (2 сағат)

Сап және оның элементтері. Алдын ала берілетін және орындалатын пәрмендер. Сарбаздың сапқа тұрар алдындағы және саптағы міндеттері. Сәлемдесуге орнында тұрып жауап беру.

Саптық тұрыс. Пәрмендерді орындау: «Сапқа тұр!», «Түзел!», «Тік тұр!», «Еркін тұр!», «Жинақтал!»

2 – тақырып «Орнында тұрғандағы бұрылыстар. Саптық және жорықтық адыммен қозғалыс. Қозғалыстағы бұрылыстар» (1 сағат)

Орнында тұрып бұрылу. Саптық және жорықтық адыммен қозғалу. Қозғалыста бұрылу.

3 – тақырып «Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа қайта сап құру және керісінше» (1 сағат)

Орнында тұрып бұрылу. Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және керісінше ауысып сапқа тұру. Орнында тұрып және қозғалыста бас киіммен және бас киімсіз әскери сәлемдесу. Сәлемдесуге қозғалыста жауап беру.

4 – тақырып «Қарумен саптық тұрыс» (1 сағат)

Қарумен сапқа тұру. Пәрмендерді орындау: «Белдікті босат (тарт)!!», «Автоматты – кеудеге!», «Белдікке!», «Қаруды – арқаға!», «Белдікке!», «Қаруды түзет!».

5 – тақырып «Бір орында қарумен тәсілдер орындау. Қарумен бұрылыстар және қозғалыстар жасау» (1 сағат)

Орында тұрып қарумен тәсілдерді орындау. Қарумен бұрылу және қозғалу.

Саптан шығу және сапқа қайтып оралу. Бастыққа келу және одан кету.

6 - тақырып «Бөлімше сабы» (1 сағат)

Бөлімшенің жазыла және жорықтық сапқа тұруы. Бөлімшенің жазылған саптан жорықтық сапқа және керісінше сапқа тұруы, бөлімшенің бір лектен екі лекке және керісінше сапқа тұруы.

11- сыныптарда Саптық дайындық (2 сағат).

1-тақырып: «Машиналар жанындағы және машинадағы жауынгерлердің іс-әрекеті» (2 сағат)

Машиналар жанына сап құру. Машинаға отыру, орналасу және түсу. Машиналар арасындағы ара қашықтық

және қозғалыс жылдамдығы. Қозғалыстағы бұрылыстар. Сапты және машинаны басқаруға арналған белгілер.

Саптық дайындық бойынша сабақтар, тиянақты дайындалғанда және материалды қамтамасыз етілгенде ғана көздеген мақсатына жете алады. Міне, сондықтан жоспарлаған кезде нұсқаулы әдістемені қолдануы жөн болады.

Саптық дайындық бойынша сабақтар сыныпта, әдетте бір мезгілде барлық бөлімшелермен бірге взвод командирінің жетекшілігінде жоспарланады:

Әр сабақ үш бөлімнен тұруы керек:

– кіріспе бөлімнен, оған тақырыпты, сабақтың мақсаты мен оқу сұрақтарын жариялау кіреді;

– негізгі бөлімде бөлімше, онда тақырыптар бойынша және толық түрде жаңа тәсілдерді қайталау мен оқу көзделеді;

– оқу, қайталау, үйрену командирдің пәрмені бойынша немесе жеке өз алдына, жұптық және бөлімше құрамында жүргізіледі (взводтың, ротаның);

– қорытынды бөлімде оқушылардан сұрау жүргізу, жауабына сәйкес бағалау, ішінен дара шыққандарын анықтап, өзіндік дайындыққа тапсырма беру қарастырылады.

Саптық дайындық сабақтарын оқытушының басқаруында оқу взводы құрамы негізінде де жүргізілуі мүмкін.

*Саптық оқытудың негізгі тиімді формалары.*

Саптық дайындықты оқытуда оқытудың тиімді әдістерін пайдалану және оны әдістемелік тұрғыда қолдану оқытудың алғашқы шарттарының бірі болып саналады. Саптық дайындық бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық негіздеріне ерекше көңіл бөлінгені дұрыс.

Оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық негіздері.

- жалпы ұйымдастыру жұмыстары,
- оқыту үдерісінің мәні,
- оқытудың дидактикалық қағидалары,
- оқыту әдістері,
- сабақтың құрылымы,
- оқытушының сабаққа дайындығы,
- білім, біліктілік,
- дағдыларын тексеру және бағалау.

Оқыту барысында басты үш дидактикалық мақсат көзделетіні белгілі. Олар:

- жеткізу, қабылдау мен ойлау.
- білім мен қабілетті көрсету.
- пікір қалыптастыру мен білімді одан әрі жетілдіру.

Негізінде, басты әдістемелік талаптық есебі ол реттілік пен жүйелілік, яғни жеңіл сұрақтан күрделісіне көшу.

Оқыту үдерісінің мәні белгілі бір білімді алуға және тәжірибе жинақтауға бағытталады. Бұл үдерісте ең маңызды қызметті оқытушы атқарады.

Саптық дайындыққа байланысты біліктілік, білім, дағдылық деген не? Білімді игеру үдерісі – бұл танымдық қызмет. Осы қызметтің үдерісінде оқушыда немесе жауынгерде қабылдау, сезіну, ойлау секілді танымдық қызметтер пайда болады. Ал, бұл өз кезегінде пән мен құбылыстың сыртқы жақтарын бейнелейді.

Осындай жолмен алынған оқытылып жатқан іс-қимылдар бойынша мәліметтерді саралай келе, оқушы құбылыс пен пәннің мағынасына енеді. Сондықтан, білімді – оқытушы берген материалдың мазмұнын есте сақтау ғана емес, үйретілген тәсілдер мен қимылдарға тәжірибелік ұйғарымдар мен салыстырулар жасау негізінде оның мәнін түсіну деп те, айтуға болады. Алынған білім негізінде оқушыда қажетті икемділік пен дағды пайда болады.

Икемділік - бұл білімді тәжірибеде қолдану, яғни саналы түрде белгілі бір іс - қимылдарды орындау.

Дағды – бұл жүйелілікке жеткізілгені соншалықты, орындаған кезде іс-қимылдардың негіздемесін еске түсіруді талап етпейтін және өте жеңіл, тез, әрі дұрыс атқарылатыл іс-әрекеттер.

Дағдыланған оқушы жастар нормативті орындаған кезде және күнделікті өмірдегі қозғалыстар кезінде, сонымен қатар барлық сабақтарда жүйелі түрде жүргізілетін жаттығулар барысында іс-қимылдарды көп ретті қайталаулар нәтижесінде айқындалады.

Саптық дайындықты оқытудың негізгі ұйымдастырушылары, ол оқытушы- ұйымдастырушы, взвод және бөлімше командирлері болып табылады. Олар өз қоластындағыларының нақты саптық біліктілігін жан - жақты білуі және әдіс-тәсілдерді жақсарту мақсатында әдістемелік тұрғыда жақсы даярланған білікті мамандар болуы тиіс.

Осы мақсатта оқытушы ұйымдастырушы взвод және бөлімше командирлері үшін көрсетілімдік және нұсқаулы әдістемелік сабақтарды жүргізеді.

Сабақ мақсатты түрде мынадай реттілікпен орындалуы керек:

– өткен сабақтарда үйретілген қимылдар мен тәсілдерді тексеру және жаттықтыру;

– жаңа саптық тәсіл немесе іс-қимылмен танысу;

– тәсіл немесе қимылды үйрену; егер, тәсіл немесе іс-қимыл күрделі болса, онда оларды элементтері бойынша оқып үйрену қажет, сонан соң үйлесімді түрде баяулатып қалыпты деңгейге жеткізу қажет. Егер, тәсіл немесе іс-қимыл жеңіл болса, онда оларды алғашқыда, баяу деңгейде кейін бірте-бірте оқыту барысында қалыпты дәрежеге дейін жеткізеді;

– біржақты және екіжақты (жекелеген немесе жұптық) оқыту әдістерін қолдану;

– оқушыларды тәсілдер мен іс-қимылдарды орындауда үлгілі көрсеткішке дейін жаттықтыру;

– тәсілдер мен іс-қимылдарды «ең үздік орындаушы сарбаз» жарысын ұйымдастыру;

– Саптық жаттығуды орындауларына талдау жүргізу.

Саптық дайындық бойынша сабақтарды жүргізу барысында оқытушы ұйымдастырушы оқушылардың қимылдарына назар салып қадағалауы тиіс. Жіберілген қателіктерді дер кезінде ескертіп, тоқтатуға мүмкіндік береді. Саптағы бөлімшелердің ара қашықтығын былайша айтуға болады. Мәселен, бөлімше командирі үшін 3 - 4 адым; взводтардың командирлері үшін 5-6 адым және рота командирлері үшін 7 адым. Мұндай қашықтықта тұрған оқушылар немесе сарбаздарды қадағалау командирге қолайлы жағдай туғызады.

Саптық дайындықты оқыту барысында Сапты басқару үлкен мағынаға ие. Оқытушы ұйымдастырушы сапты басқару үшін дауыстап және нақты командалар беруімен қатар белгілермен және тәсілдерді жеке өзі көрсете отырып жүзеге асырады. Дұрыс берілмеген командалар тәсілдерді орындалуын қиындатады. Алдын-ала берілген командалар оқушы жастардан командир қандай іс-қимыл талап етіп отырғанын түсінікті етіп берілуі тиіс. Орындау команда үзілістен кейін үзбелі және нақты берілгені жөн. Сондай-ақ бұл орындау командаларын созуға болмайды, себебі қажетсіз ауырлыққа және іс-қимылдардың нақтысыздығына әкеп соғады.

Командаларды немесе бұйрықты беру алдында командир, яғни оқытушы-ұйымдастырушы «саптық қалып» күйін қабылдауы тиіс. Бұл оқушыларды тәртіпке және сапқа деген құрметке тәрбиелейді.

Саптық тәсілдерді оқыту мынадай реттілік бойынша жүргізілуі қажет:

- тәсілдермен танысу;
- тәсілдерді үйрету;
- жаттығу.

Тәсілдермен танысу үшін оқытушы-ұйымдастырушы мынадай әдістемелік тұрғыда әрекеттер жасауы керек:

– тәсілді атау және көрсету, қай жерде және қандай мақсатта қолданылатынын;

– команда беру, сол бойынша тәсілді орындау;

– тәсілді толық жарғы бойынша орындалуын қатаң түрде көрсету, сонан соң қысқаша түсіндіру арқылы – баяу деңгейде жалғастыру.

Тәсілмен танысу үшін көп уақыт жіберілмеуі қажет. Саптық тәсілдің күрделілігіне байланысты:

– егер, тәсіл қиын болмаса, толық түрде;

– егер, тәсіл күрделі болса бөлім бойынша;

– егер, тәсіл күрделі, әрі оның жекелеген элементтерін үйрену қиын болса, қосымша жаттығулар арқылы орындалуы мүмкін.

Тәсілмен танысу үшін сабақтың жетекшісі немесе оқытушы, оның орындалу тәртібін толық үлгілі түрде көрсетеді.

Тәсілдің немесе қимылдың әр элементін үйрену де, көрсету және қысқаша түсіндіру арқылы басталады (егер, тәсіл орындалуы бойынша қиын болса).

Көрсету кезінде оқушыда саптық тәсіл мен іс-қимыл жөнінде түсінік қалыптасады, сондықтан да оны көрсету өте дұрыс болуы қажет.

Түсіндіру саптық тәсілдердің немесе қимылдардың қиын жақтарын ашып беруге септігін тигізеді. Ол оқушыларды алда ненің көрсетілетініне, немесе саптық

тәсілдер және іс-қимылдардың дұрыс орындалуы неге тәуелді екенін түсінуге бағыттайды.

Саптық тәсілдер мен іс-қимылдарымен танысқаннан кейін, қалыптасу үдерісі толық әрекет ретінде, өзара байланысты үш негізгі кезеңді қамтиды:

Бірінші кезең, тәсілдерді немесе қимылдарды элементтерге жіктеуге негізделеді.

Екінші кезең элементтерді реттілікпен біріктіреді, ал кейін -толыққанды біркелкі жүйелейді.

Үшінші кезең тәсіл немесе қимылды орындауда дағдыны қалыптастыруға бағытталған. Орындау қимылдарды көп ретті қайталау арқылы жүйелікке дейін жеткізіледі. Барлық тәсілдерді нақты, әсем, тез және дұрыс атқарылуын талап етіп отыру қажет.

Жаттығу бастапқы да баяу, сонан соң әдеттегідей жұптық немесе жеке командирдің пәрмені бойынша жүргізіледі. Жекелеген оқушылардың немесе курсанттардың жіберген қателіктерін жаттықтыру уақытында дер кезінде түзеп отыру керек.

Саптық дайындық бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі түрі – сабақ. Ол оқытудың жалпы дидактикасы мен әдістемелерінің қағидаларына жауап бере отырып, АӘД бағдарламасына сәйкес жүргізілуі керек. Әр сабақтың сапалылығы мен тиімділігі, сол процеске оқытушы-ұйымдастырушының дайындалуына байланысты.

Саптық дайындық бойынша сабақты ұйымдастыру ерекшеліктеріне қысқаша тоқталып кетсек. Олардың ішіндегі ең бастысы – әрбір жекелеген сабақтың оқушыны тәртіпке, білімділікке, өз Отанын қорғауға дайын болуға тәрбиелейтін міндеттерге бағынуы.

Оқушылардың жоғары деңгейдегі ұйымшылдығы мен тәртіп деңгейлері ерекше маңызға ие.

Сабақты ұйымдасқан түрде өткізу және оқушылар іс жүзінде орындайтын дағдыларды жетік меңгерулері үшін сынып үш бөлімшеге бөлінеді. Мектеп директорының бұйрығымен үздік ұл балалардың қатарынан взвод және бөлімше командирлері тағайындалады. Ал қыздардан құрылған бөлімшеге командир болып ең үздік қызбала тағайындалады.

Взвод командирі оқушыларды екі қатарлы сапқа орналастырып, оқытушы-ұйымдастырушыға сабаққа дайын болулары туралы баяндауымен АӘД бойынша сабақ басталады.

Сабақты дұрыс ұйымдастыру және жүргізу үшін оқытушы-ұйымдастырушының терең әскери білімі ғана емес, сонымен қатар әдістемелік шеберліктері жоғары деңгейде болуы керек.

Әдістемелік қабілетті көтерудегі негізгі формалар саптық дайындық бойынша оқу-әдістемелік жиындар барысында жүргізілетін көрсетімдік, нұсқаулы-әдістемелі сабақтары мен түсіндірмелер болып табылады. Оның үстіне, олардың білімдері оқушылардың өз алдына жүргізетін барлық сабақтарында жетілдіріледі.

*Көрсетімдік сабақтар.* Көрсетімдік сабақтар оқытудың әдісі мен ұйымдастырылуына көз-қарастардың бірдейлігіне жету мақсатымен жүргізіледі. Олар ең күрделі тақырыптар немесе жекелеген сұрақтар бойынша аудандық оқу әдістемелік бірлестігінің жоспарына сәкес өткізіледі.

Көрсетімдік сабақтар екі түрде болады. Оқытушы–ұйымдастырушының оқушыларды қалай оқытатынына назар аудару және әдістемелік дайындығы бағаланады. Әскери қызметшілерді дайындауда аталмыш тақырып бойынша мақсатты әдістерді игереді. Мұндай жағдайда қандайда бір алдын-ала жаттығуларды жүргізу қажет емес, себебі бұл керекті оқыту әдістемесінің нақты көрінісін қиындатады.

Басқа сабақтар белгілі бір сабақтарды жүргізгенде қандай жетістіктерге жетуге болатынын айтып, көрсету мақсатымен жүргізіледі. Осындай сабақтар үшін бөлімшелер алдын-ала дайындалады. Үлгілі көрсету мен түсіндіру сабақ оқытушы – ұйымдастырушының жұмыстарын жүйелілікпен, реттілікпен ұғынуға мүмкіндік туғызады.

*Нұсқаулы әдістемелік сабақтар.*

Саптық оқытудағы негізгі формалардың бірі жаттығу болып табылады, олардың тиімділігі бірінші кезекте сабақты жүргізетін оқытушы – ұйымдастырушы әдістемелік дайындығы мен жеке дайындығына байланысты. оқытушы – ұйымдастырушы жаңа тақырыптар бойынша әр саптық сабақтардың алдында әдістемелік ептілігін көтеру мақсатында олармен нұсқаулы-әдістемелік сабақтар жүргізу қажет.

*Нұсқаулы әдістемелік сабақтар сыныптарда тағайындалған взвод және бөлімше командирлерімен жүргізіледі.*

Нұсқаулы әдістемелік сабақтарда оқытушы ұйымдастырушы, взвод және бөлімше командирлерінің білімін. Саптық жарғы ережелерін білуі, саптық тәсілдерді тәжірибеде орындауы тексеріледі. Сол уақытта оларға аталмыш тақырып бойынша оқыту әдісі көрсетіледі. Сондықтан, жеке құраммен сабаққа дейін 1-2 апта ішінде жүргізіледі.

Нұсқаулы әдістемелік сабақтарды мынадай реттілікпен жүргізген жөн:

- оқытушы-ұйымдастырушы, взвод және бөлімше командирлерінің сыртқы көрінісін, жарғылық ережелерді білуін тексеру;
- саптық тәсілдерді үлгілі түрде көрсете алса, оқытушы ұйымдастырушы, взвод және бөлімше командирлерін жаттықтыруға кіріседі;

- сабақ аяқталысымен оқытушы ұйымдастырушы әрқайсысына жеке саптық және әдістемелік дайындығы үшін баға береді және келесі сабақтарға дайындық тәртібін айта отырып талдау жүргізеді.

*Түсіндірмелер (Инструктаж).*

Алдағы сабақтар взвод және бөлімше командирлермен инструктажы олардың әдістемелік білімдерін тексеруден басталады. АӘД бағдарламалары, жарғылық ережелер, қарастырылатын оқу сұрақтары мен тақырыптың мазмұны, жоспарды құру тәртібі және оқу сағатын бөлу деген секілді мәселелер тиімді жүргізілуі тиіс. Басты назар инструктажда, практикалық жаттығуларға және саптық тәсілдердің орындалу техникасына аударылады.

Инструктаж, негізінен әскери алаңдарда жүргізіледі. Инструктаж әдістемелік дайындықтың басқа да формалары мен әдістеріне қарағанда келесі артықшылықтарға ие:

- оны жеке, я болмаса оқушылар тобымен өткізуге болады;
- ол өзінің жеделділігімен, кемшіліктерді тез арада түзеуімен ерекшеленеді;
- инструктаж, оны өткізуге уақытпен шектелген;
- бөлімше командиріне бұрын кеткен кемшіліктерді жоюға немесе түзеуге қажетгі әдістемелік ақыл-кеңестер беріледі. Әдетте мұндай түсіндірмелер бірнеше ондаған минуттарға ғана созылуы мүмкін.
- оқытудың басқа формалары мен әдістеріне қарағанда инструктаждың мақсатты сипаты бар; ол әрқашан нақты бір шешілетін мәселелер бойынша белгілі бір жерде өткізіледі.

Осыған орай, белімшелермен шешілетін мәселелердің ерекшелігін толық ескеруге және командирлердің дайындық дәрежесі мен жұмыс тәжірибесін нақтылай түсуге мүмкіндік берілген.

## II. САП ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАСҚАРУ.

### 2.1 Сап және оның элементтері.

Саптағы тәсілдер мен іс-қимылдарды ойдағыдай орындауы үшін әскери қызметкерлердің сап туралы түсінігі болуы керек, оның элементтерін, пәрмендерді орындау ретін, сап құру алдындағы және саптағы міндеттерін білуі керек.

*Сап* - әскери қызметшілердің, бөлімшелердің және бөлімдердің Жарғымен белгіленген өзара іс-қимыл жасаулары үшін жаяу тәртіптегі және машинадағы орналасуы.

*Қатар* - қатарда белгіленген бір сызық бойында әскери қызметшілердің біреуі екіншісінің қасында белгіленген аралықты сақтап орналасқан сабы.

*Машиналар желісі* - машиналардың біреуі екіншісінің қасында бір сызық бойында орналасуы.

*Қаптал* - саптың оң (сол) жақ шеті. Бұрылыс жасаған кезде сап қапталдарының аттары өзгермейді.

*Маңдайшеп* - саптың әскери қызметшілер тіке қарап тұрған жағы (машиналардың маңдай алды).

*Саптың тыл жағы* - маңдайшеп жағына қарама-қарсы

*Аралық* - маңдайшеп бойынша әскери қызметшілердің (машиналардың), бөлімшелердің және бөлімдердің арасындағы аралық.

*Арақашықтық* - түкпір жаққа қарай әскери қызметтердің (машиналардың), бөлімшелердің және бөлімдердің арасындағы аралық.

*Сап ені* — сап шеттерінің арасындағы аралық.

*Саптың ұзындығы* - саптың бірінші шетінен (алдыңғы тұрған әскери қызметшінің) саптың соңғы шетіне (соңғы тұрған әскери қызметшінің) дейінгі аралық, машиналар қозғалысында - машиналардың бірінші сызығынан (алдыңғы

тұрған машинаның) машиналардың соңғы сызығына (соңғы тұрған машинаның) дейінгі аралық.



Саптың ені

1-сурет. Бөлімшенің жазылма сабы - бір қатарлы

*Екі қатарлы сап* - бір қатардағы әскери қызметшілер басқа қатардағы әскери қызметшілердің ту сыртына қарай бір қадам арақашықтықта орналасқан сап (қолын созып, алдына тұрған әскери қызметшінің иығына салу). Қатарлар бірінші және екінші деп аталады. Сап бұрылыс жасағанда қатарлар өзгермейді.

*Қатар* - екі қатарлы сапта біреуі екіншісінің ту сыртында тұрған екі әскери қызметші. Егер бірінші қатардағы әскери қызметшінің ту сыртында екінші қатардың әскери қызметшісі тұрмаса, онда мұндай қатар толық емес деп аталады.

Екі қатарлы сап кері бұрылған кезде толық қатардағы әскери қызметші алдыңғы қатарға ауысады.

Бір қатарлы және екі қатарлы саптар жиналма немесе жазылма болуы мүмкін.


Жиналма саптағы әскери қызметшілер қатарда маңдайшеп бойынша бір-бірінен шынтақтарының арасында алақанның еніне тең аралықта орналасқан.

Жазылма саптағы әскери қызметшілер қатарда маңдайшеп бойынша бір-бірінен бір қадам немесе командир белгілеген аралықта орналасқан.

**ВЗВОДТЫҢ ЖАЙЫЛМА САБЫ – БІР ҚАТАРЛЫҚ**



**ВЗВОДТЫҢ ЖАЙЫЛМА САБЫ – ЕКІ ҚАТАРЛЫҚ**



*Лек* - әскери қызметшілер бір-бірінің ту сыртында, ал бөлімшелер (машиналар) бір-бірінің артында жарғымен белгілеген немесе командир белгілеген арақашықтықта орналасқан сап.

Лектер бір, екі, үш, төрт және одан да көп қатарлы болуы мүмкін.

Лектер бөлімшелерді және бөлімдерді жазылма немесе жорық сапты орналастыру үшін қолданылады.

*Жазылма сап* - бөлімшелер маңдайшеп бойынша бір сызықтың бойында бір қатарлы немесе екі қатарлы сапта (машиналар сызығында) немесе лектің сызығында жарғымен белгіленген немесе командир белгілеген арақашықтықта орналасқан сап.

Жазылма сап тексерістер, санақтар, байқаулар, парадтар жүргізу үшін, сондай-ақ басқа да қажетті жағдайларда қолданылады.

*Жорық сабы* - бөлімше лекке немесе бөлімшелер лектер белгілеген арақашықтықта орналасқан сап.


Жорық сабы марш жүргізудегі, ән салып салтанатты шерумен жүріп өтудегі бөлімшелердің қозғалысы үшін, сондай-ақ басқа қажетті жағдайларда қолданылады.

*Бағыттаушы* - көрсетілген бағыттағы бірінші жүріп келе жатқан әскери қызметші (бөлімше, машина). Бағыттаушы бойынша қалған әскери қызметшілер (бөлімшелер, машиналар) өздерінің қозғалыстарын реттейді.

*Тұйықтаушы* - лектегі соңғы келе жатқан әскери қызметші (бөлімше, машина).

**Тұйықтаушы**

**Бағыттаушы**



2-сурет. Бөлімшенің бір лек бойынша жорық сабы

## ***2.2 Сапты басқару және алдын ала берілетін, орындалатын пәрмендер.***

Сапты басқару (машинада) командалармен жүзеге асырылады, оны командир дауыстап, белгілермен және жеке өзі көрсете отырып, сондай-ақ техникалық байланыс құралдары арқылы беруі мүмкін. Командалар лек бойынша бөлімшелер командирлері (машиналар жетекшілері) және тағайындалған қадағалаушылар арқылы берілуі мүмкін.

Сапта аға командир, оған команда беруге ыңғайлы жерде болады. Қалған командирлер Жарғымен немесе аға командирмен белгіленген орындарда бола отырып, командаларды береді. Рота және одан жоғары бөлімшелер командирлеріне батальон мен бригаданың (полктің) жорықтық сабында командалар беру және олардың орындалуын тексеру үшін саптан шығуға рұқсат етіледі.

Команда алдын ала берілетін және орындалатын болып бөлінеді; командалар тек орындалатын болуы мүмкін. Алдын ала берілетін команда әскери қызметшілердің назарын күшейту және орындалатын команданы орындауға дайындалу үшін сапта тұрғандар командирдің олардан қандай іс-қимылдарды талап етіп тұрғанын түсіну үшін нық, дауыстап және созылмалы беріледі.

Орындалатын команда (Жарғыда ірі әріптермен басылған) үзілістен кейін, дауыстап, буындалып және нық беріледі. Орындалатын команда бойынша оны шұғыл және нақты орындау жүргізіледі. Бөлімшенің немесе жекелеген әскери қызметшінің назарын аудару мақсатында қажет болған кезде алдын ала берілетін командада бөлімшенің атауы немесе әскери қызметшінің атағы мен тегі аталады. Мысалы: «Взвод (3-ші взвод) - ТОҚТА». «Қатардағы жауынгер Әлімов, Артқа - БҰРЫЛ». Командир (бастық) бөлімшеге назар аударған кезде және алдын ала берілетін команда бойынша саптағы орнында тұрған әскери қызметшілер саптық қалыпты қабылдайды, ал қозғалыста саптық адымға көшеді.

Бастық саптан тыс әскери қызметшіге назар аударған кезде ол бастыққа қарай бұрылады және саптық қалыпты қабылдайды. Егер бастық сапта тұрған әскери қызметшінің әскери атағы мен тегі бойынша назар аударса, ол: «МЕН» деп жауап береді, ал тек әскери атағы бойынша назар аударса, әскери қызметші өз лауазымын, атағы мен тегін

атап жауап береді. Бұл ретте қарудың күйі өзгермейді және қол бас киімге апарылмайды. Алдын ала берілетін командада қарумен тәсілдерді орындаған кезде қажет болған кезде қарудың атауы аталады. Мысалы: «Автоматтарды - кеуде-ГЕ». Командалар берген кезде дауыс саптың еніне және тереңдігіне сәйкес келуі тиіс, ал баяндау анық, дауысты күрт көтерместен айтылады.

Сапты басқару үшін белгілер және машинаны басқару үшін белгілер қосымшаларда көрсетілген. Қажет болған кезде командир сапты басқару үшін қосымша белгілерді тағайындайды.

Барлық бөлімшелерге қатысты командаларды бөлімшелердің барлық командирлері мен машиналардың командирлері (жетекшілері) қабылдайды және дереу орындайды. Командаларды белгімен берген кезде алдын ала «НАЗАР САЛ» белгісі беріледі, ал егер команда бөлімшелердің біреуіне ғана қатысты болса, онда сол бөлімшенің нөмірін көрсететін белгі беріледі. Бөлімшелердің нөмірлерін белгілеу үшін белгілерді бөлім (бөлімше) командирі белгілейді. Белгімен команданы қабылдауға әзірлік, сондай-ақ «НАЗАР САЛ» белгісімен белгіленеді. Белгіні қабылдау оны қайталаумен расталады.

Тәсілді болдырмау немесе тоқтату үшін «ТОҚТАТ» командасы беріледі. Осы команда бойынша тәсілді орындауға дейін болған қалып қабылданады.

Үйрету кезінде Жарғыда көрсетілген саптық тәсілдер мен қозғалыстарды бөлінулер бойынша, сондай-ақ дайындық жаттығуларының көмегімен орындауға жол беріледі. Мысалы: «Автоматты кеудеге, бөліну бойынша: жаса - БІР, жаса - ЕКІ, жаса - ҮШ». «Оңға, бөліну бойынша: жаса - БІР, жаса - ЕКІ».

Құрама командаларды құрған кезде бөлімшелерге олардың саптық есебі жүргізіледі. Есеп жүргізу үшін әскери

қызметшілер бір қатарлы немесе екі қатарлы сапқа тұрғызылады және жалпы нөмірлеу бойынша санасады. Осыдан кейін команданың санына байланысты роталарға, взводтар мен бөлімшелерге біртіндеп есеп жүргізіледі және осы бөлімшелердің командирлері тағайындалады. Парадтарға қатысу үшін, сондай-ақ басқа да жағдайларда командирдің бұйрығы бойынша бөлімше үш, төрт және одан да көп болып жалпы лекке сапқа тұрғызылуы мүмкін. Бұл ретте сапқа тұрғызу, әдетте, ранжир (бойы) бойынша жүргізіледі.

Бөлімшелерді сапқа тұрғызу «САПҚА ТҰР» командасы бойынша жүргізіледі, оның алдында сапқа тұрғызу тәртібі көрсетіледі. Мысалы: «Бөлімше, бір қатарға - САПҚА ТҰР». Осы команда бойынша әскери қызметші саптағы өз орнына жедел тұруы, белгіленген аралық пен арақашықтықты сақтауы, саптық қалыпты қабылдауы тиіс.

Қарулы Күштер түрінің, тектері мен арнайы әскерлерінің бөлімшелері үшін командалар берген кезде «бөлімше», «взвод», «рота», «батальон» және «бригада» («полк») атауларының орнына Қарулы Күштер түрінде, тектері мен арнайы әскерлерінде қабылданған бөлімшелер мен бөлімдердің атаулары көрсетіледі.

Осы Жарғыда көрсетілмеген бөлімдер мен бөлімшелер, олардың ұйымдық-штаттық құрылымы ескеріле отырып, оның ережелері басшылыққа алынады.

### ***2.3. Командирлер мен әскери қызметшілердің сапқа тұру алдындағы және саптағы міндеттері.***

*Командир* мыналарға міндетті: сапқа тұрғызу орнын, уақытын, тәртібін, киім нысаны мен жабдықтарды, сондай-ақ қандай қару-жарақ пен әскери техника болуын көрсетуге; қажет болған кезде қадағалаушыны тағайындауға; сапта өз бөлімшесі (бөлімі) бағыныстыларының, қару-жарақтың,

әскери және басқа да техниканың, оқ-дәрілердің, жеке қорғану құралдары мен шанецтік аспаптардың болуын тексеруге және білуге; бағыныстылардың сыртқы пішінін, сондай-ақ жабдықтардың болуын және оның дәл келуін тексеруге; сап тәртібін сақтауға және бөлімшелердің командаларды, ал әскери қызметшілердің саптағы өз міндеттерін нақты орындауын талап етуге; жаяу жүру сабындағы орнында командалар берген кезде саптық қалыпты қабылдауға; жеке құрамды тасымалдау үшін жабдықтың болуын және ақаусыздығын, тасымалданатын (тіркелетін) материалдық бөлік бекітілуінің және мүлік салынуының дұрыстығын тексеруге, бөлімшелерді қару-жарақпен және әскери және басқа да техникамен сапқа тұрғызған кезде оларға сыртқы шолу жасауға; рота және одан жоғары командирлерде - өзімен бірге саптық жазбаның болуына; жеке құрамға қауіпсіздік талаптарын ескертуге; қозғалыста белгіленген арақашықтықты, жылдамдық пен қозғалыс ережелерін сақтауға.

*Әскери қызметші* мыналарға міндетті: өз қаруының, оған бекітіліп берілген қару-жарақтың, әскери және басқа да техниканың, оқ-дәрілердің, жеке қорғану құралдарының, шанецтік аспаптардың, киім-кешек пен жабдықтың ақаусыздығын тексеруге; киім-кешекті ұқыпты реттеуге, жабдықты дұрыс киюге және келтіруге, жанында тұрған әскери қызметшілерге байқалған кемшіліктерді жоюға көмектесуге; саптағы өз орнын білуге, оған жылдам, әбігерсіз тұруға; қозғалыста түзулікті, белгіленген аралық пен арақашықтықты сақтауға; қауіпсіздік талаптарын сақтауға; рұқсатсыз саптан (машинадан) шықпауға; сапта рұқсатсыз сөйлеспеуге; өз командирінің командаларын мұқият тыңдауға, басқаларға бөгет жасамай, оларды жылдам және нақты орындауға; командаларды бұрмаламай, дауыстап және анық жеткізуге.

### III. САПТЫҚ ТӘСІЛДЕР. ҚАРУМЕН ЖӘНЕ ҚАРУСЫЗ ҚОЗҒАЛЫС ЖАСАУ.


#### *3.1. Саптық тәсілдер және қарусыз қозғалыс жасау.*

*Саптық қалып.* Саптық қалып «САПҚА ТҰР» командасы бойынша қабылданады. Осы команда бойынша жылдам сапқа тұрып, қалыпты жағдайда тік тұру керек, өкшелерді қосып, аяқтың ұшын маңдайшеп сызығы бойынша, оларды табан еніне қойып түзеу керек; тізені жазу, бірақ тым қатайтпау керек; кеудені шамалы көтеріп, ал денені біршама алға ұстау керек; ішті тарту керек; иықтарды артқа жазу керек; саусақтарды жартылай бүгіп, алақандарды ішке қаратып, екі жанына тиетіндей етіп қолдарды төмен түсіру керек; басты жоғары және тік, иекті алға шығармай ұстау керек; өзінің алдына қарап тұру керек; шұғыл іс-қимылға даяр болу керек. Орнында «ТІК ТҰР» командасы бойынша саптық қалыпты жылдам қабылдау және қозғалмау керек.


Саптық қалып орнында командасыз да қабылданады: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалған уақытта, командир (бастық) назар аударған, бұйрық берген және алған, баяндаған, әскери сәлемдесуді орындаған кезде, сондай-ақ командаларды берген кезде. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалған уақытта взвод командирі және одан жоғары бөлімшелер командирлері қолдарын бас киіміне апарды. «ЕРКІН ТҰР» командасы бойынша еркін тұрып, оң немесе сол тізені бос ұстау, бірақ орнынан кетпеу, назарды әлсіретпеу және сөйлеспеу керек. «РЕТТЕЛ» командасы бойынша саптағы өз орнын тастамай, қаруды, киім-кешек пен жабдықты түзеу керек; қажет болған кезде рұқсат алу үшін саптан шығып тікелей бастыққа өтініш жасау керек. «РЕТТЕЛ» командасы алдында «ЕРКІН ТҰР» командасы беріледі. Бас киімді шешу үшін «Бас киімді - ШЕШ», ал

кию үшін»Бас киімді - КИ» деген команда беріледі. Шешілген бас киім кокардасы алға қаратылып, сол қолдың шынтағы бүгілген күйде ұсталады

Қарусыз немесе қарумен «арқаға» күйінде бас киім оң қолмен, ал қарумен «қарубауға», «кеудеге» және «аяққа» күйлерінде сол қолмен шешіледі және киіледі. Карабинмен «иыққа» күйінде бас киімді шешкен кезде карабин алдын ала «аяққа» күйіне түсіріледі.



**3-сурет.** Саптық тұрыс.  
ережесі  
а-фуражканы;  
ә-далалық мақта-мата  
фуражканы;  
б-құлақшынды




**4-сурет.** Бас киім шешу

### **3.2 Орнында тұрғандағы бұрылыстарды оқыту.**

Орнында бұрылуды оқыту саптық тұрысты орындағаннан кейін басталады. Себебі, тек соның негізінде ғана бұл тәсілдерді дұрыс орындауға мүмкін болады. Орнында бұрылулар: «Оң-ҒА», «Жарты айналым оң-ҒА», «Сол-ҒА», «Жарты айналым сол-ҒА», «Артқа БҰРЫЛ» командалары бойынша орындалады.

Артқа, солға, жарты айналым солға бұрылулар сол қол жаққа қарай сол өкшемен және оң аяқтың ұшымен; оңға, жарты айналым оңға бұрылулар - оң қол жаққа қарай оң өкшемен және сол аяқтың ұшымен жасалады. Бұрылулар екі тәсілмен орындалады: *бірінші тәсіл* - дененің дұрыс қалпын сақтай отырып және тізелерді бүкпей бұрылу керек, дененің салмағын салмақ түсетін аяққа түсіру керек; *екінші тәсіл* - қысқа жолмен екінші аяқты қою керек.



5-сурет. Бір орындағы бұрылыстар.

Орнында бұрылу үшін оқытушы бөлімшені аралығы екі адым бар бір қатарға тұрғызып, қалыпты деңгейде оңға бұрылуды көрсетеді. Сонан соң оқытушы іс-қимылдың тәртібін түсіндіре келе, тәсілдерді баяу деңгейде көрсетеді. Оңға бұрылуды екі есепке бөлік бойынша қарастырады.

Бөлім бойынша тәсілді көрсетісімен бөлімше командирі мынадай пәрмен береді «Оң-ҒА, бөлім бойынша: жаса- БІР, жаса - ЕКІ».

Бөлімше командирі бірінші есеп бойынша жылдам бұрылғанда оң қол жаққа оң аяқ өкшеде және сол аяқтың

ұшында дененің қалыпты күйін сақтаған жөн және аяқ тізелерін бүкпеген дұрыс екенін түсіндіреді және соның барысын қадағалайды. Артқы тұрған аяқтың өкшесі және алда тұрған аяқтың ұшы бұрылысты аяқтағаннан кейін тиісті деңгейде бір қалыпты болуы тиіс. Қолдардың күйі саптық тұрыс кезіндегідей болуы тиіс.

«БІР» есебі дұрыс орындалмағандығы байқалса, «ТОҚТА» пәрмені беріледі.

«Жаса - ЕКІ» есебі бойынша, қысқа жолмен, тізені бүкпей сол аяқты қояды. Тәсілді орындағанда іштей есепті жүргізуге болады.

Бұрылысты үйренген кезде, тек аяқтың көмегі арқылы емес, сондай-ақ дененің толық тез қозғалуы арқылы болатындығына назар аудару қажет.

Оңға бұрылысты көрсетуді аяқтай келе оқытушы солға бұрылу жаттығуларына көшеді.

«Солға, жаса - БІР» пәрмені бойынша студенттер сол аяқпен бұрылып, тізені бүкпей және бұрылыс кезінде қолмен сермемей оң аяқпен дененің ауырлығын сол бойынша оң аяқты қысқа жолмен сол аяққа қосу керек, мұнда өкшелер маңдайшеп сызығы бойынша бірге болуы керек.

Солға бұрылысты көрсеткеннен кейін оқытушы айналу бұрылысына көшеді. Ол тәсілді толық көрсетіп, екі есеп бойынша жүргізеді. Сонан соң артқа бұрылу «Артқа БҰРЫЛ» пәрмені бойынша орындалатынын оқытушы түсіндіреді. Ол солға бұрылыс секілді тек  $180^{\circ}$  айырмашылықпен орындалады» Артқа БҰРЫЛ», жаса - БІР» пәрмені бойынша сол аяқпен тізені бүкпей тез бұрылу қажет, бұл орайда ауырлық күйін сол аяққа жұмсап, денені кішкене алға жіберу керек. Артқа бұрылысында, сонымен қатар қолдың сермелуіне рұқсат берілмейді. «Жаса - ЕКІ» саны бойынша оң аяқты сол аяққа тақау тиіс.

Артқа бұрылу оқытқан кезде оқытушы білімгерлерге айналым қозғалысын жасау барысын толық қадағалауы, әсіресе қозғалған кезде екі аяқты бірге жұмсап қоймауын ескеріп отыруы міндет. Орнында бұрылыс кезінде, яғни оқытылу барысында білімгерлерге келесі қателіктеріне назар аудару керек: кейбіреулер тізе бүгеді, қолды сілтейді, басты төмен қарай иеді, көкіректі түсіріп немесе ішті тартпайды, айналым бұрылысы кезінде басты төмен ұстап т.б қателіктер жасау арқылы дұрыс жасалмайды.

Оқыту барысында командир өз саптық білімін жетілдіреді, себебі ол, жеке құрамға пәрмен бере отырып, өзі тәсілдерді жарғыға сай үлгілі орындайды.

Білімгерлермен мен сабақ жүргізу кезінде олардың басқарушылық және әдістемелік тәжірибесін дамыту үшін міндетті түрде оларды орнына кезекпен қойған дұрыс.

Осы команда бойынша жылдам сапқа тұрып, қалыпты жағдайда тік тұру керек, өкшелерді косып, аяқтың ұшын маңдайшеп сызығы бойынша, оларды табан еніне қойып түзеу керек; тізені жазу, бірақ тым қатайтпау керек; кеудені шамалы көтеріп, ал денені біршама алға ұстау керек; ішті тарту керек; иықтарды артқа жазу керек; саусақтарды жартылай бүгіп, алақандарды ішке қаратып, екі жанына тиетіндей етіп қолдарды төмен түсіру керек; басты жоғары және тік, иекті алға шығармай ұстау керек; өзінің алдына қарап тұру керек; шұғыл іс-қимылға даяр болу керек.

Орнында «ТІК ТҰР» командасы бойынша саптық қалыпты жылдам қабылдау және қозғалмау керек.

Саптық тұрыстың қалыпы бір орнында пәрменсіз де қабылданады:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалған уақытта, командир (бастық) назар аударған, бұйрық берген және алған, баяндаған, әскери сәлемдесуді орындаған кезде, сондай-ақ командаларды берген кезде.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалған уақытта взод командирі және одан жоғары бөлімшелер командирлері қолдарын бас киіміне апарады.


*Қозғалыс жасауды оқытып үйрету.*

Қозғалыс адыммен немесе жүгірумен жасалады. Адыммен қозғалыс жасау минутына 95-105 адым қарқынымен жүзеге асырылады. Адымның ұзындығы – 60-70 см. Сапта жүгіре қозғалыс жасау минутына 165-180 адым қарқынымен жүзеге асырылады. Адымның ұзындығы - 85-90 см. Адым саптық және жорықтық болады. Саптық адым бөлімшелер салтанатты шерумен өткен, олар қозғалыста әскери сәлемдесуді орындаған, командир (бастық) бөлімшеге назар аударған, әскери қызметші командирге (бастыққа) жақындаған және одан алыстаған, әскери қызметші саптан шыққан және сапқа қайтып тұрған кезде, сондай-ақ саптық даярлық бойынша сабақтарда қолданылады.

*Жорықтық адым барлық қалған жағдайларда қолданылады.* Саптық адыммен қозғалыс жасау «Саптық адыммен - БАС» командасы бойынша басталады. Жорықтық адыммен қозғалыс «Адым - БАС» командасы бойынша басталады, осы команда бойынша әскери қызметшілер үш саптық адым жасайды, одан кейін жорықтық адымға көшеді. Алдын ала берілетін команда бойынша дене біршама алға ұсталады, орнықтылықты сақтай отырып, оның салмағын көбіне оң аяққа ауыстыру керек; орындалатын команда бойынша қозғалыс сол аяқтан толық адыммен басталады. Саптық адыммен қозғалыс жасау кезінде аяқтың ұшын анағұрлым еркін, созбай, аяқты жерден 10-15 см биікке алға көтеру және табанды нық басады. Иықтан бастап қолдарымен дененің айналасында қозғалыс жасау керек: алға қарай – оларды белдік тоғасынан жоғары алақанның енінде және денеден алақан

аралығына көтерілетіндей, ал шынтақ қол білегінің деңгейінде болатындай етіп еркін, шынтақтан бүгу; артқа қарай – иық буынында 25-30°бұрышқа қатайтпай еркін жазу керек (бел ортасынан 10-15см). Қолдардың саусақтары жартылай бүгіліп басты тік ұстап, өзінің алдына қарау керек.

Жорықтық адыммен қозғалыс жасау кезінде аяқтың ұшын созбай, еркін қозғау және оны жерге кәдімгі жүріс кезінде сияқты қою керек; дененің айналасында қолмен еркін қозғалыс жасау керек. Жорықтық адыммен қозғалыс жасаған уақытта командир (бастық) бөлімшеге назар аударған кезде, сондай-ақ «ТІК ЖҮР» командасы бойынша саптық адымға ауысу керек. Саптық адыммен қозғалыс жасау кезінде «ЕРКІН ЖҮР» командасы бойынша жорықтық адыммен жүру керек.




*6-сурет Саптық адыммен қозғалыс жасау*

Жүгіре қозғалыс жасау «Жүгіре - БАС» командасы бойынша басталады. Алдын ала берілетін команда бойынша орнынан қозғалыс жасаған кезде денені алға ұстап, шынтақты біршама артқа жіберіп қолды жартылай бүгу керек; орындалатын команда бойынша жүгіруді сол

аяқтан бастау керек, жүгіру жылдамдығы бойынша қолмен артқа және алға еркін қозғалыс жасау керек. Қозғалыста адым жасаудан жүгіруге ауысу үшін алдын ала берілетін команда бойынша шынтақты біршама артқа жібере отырып, қолды жартылай бүгу керек. Орындалатын команда сол аяқты жерге қоюмен бір уақытта беріледі.

Осы команда бойынша оң аяқпен бір адым жасау және жүгіре қозғалысты сол аяқтан бастау керек. Жүгіруден адымға ауысу үшін «Адым - БАС» командасы беріледі. Орындалатын команда оң аяқты жерге қоюмен бір уақытта беріледі. Осы команда бойынша жүгірумен тағы да екі адым жасау және адыммен қозғалысты сол аяқтан бастау керек.

Орнында тұрып адым жасау «Орнында адым - БАС» (қозғалыста - «Орнында») командасы бойынша жасалады. Осы команда бойынша адым аяқты көтерумен және түсірумен жасалады, бұл ретте аяқты жерден 10-15 см көтеру және оны ұшынан бастап табанды толық басу керек; қолмен адым ырғағына сәйкес қозғалыс жасау керек.



7-сурет Орнында тұрып адым жасау

Сол аяқты жерге қоюмен бір уақытта берілетін «ТУРА» командасы бойынша оң аяқпен орнында тағы бір адым жасау және қозғалысты сол аяқтан толық адыммен бастау керек. Бұл ретте алғашқы үш адым саптық болуы керек. Қозғалысты тоқтату үшін «ТОҚТА» командасы беріледі, мысалы: «Қатардағы жауынгер Әсенов - Тоқта». Оң немесе сол аяқты жерге қоюмен бір уақытта берілетін орындалатын команда бойынша тағы бір адым жасау және аяқты жерге қоя отырып, саптық қалыпты қабылдау керек.

*Қозғалыс жылдамдығын өзгерту үшін мынадай командалар беріледі:*

«КЕҢ АДЫМ», «ҚЫСҚА АДЫМ», «ЖИІ АДЫМ», «СИРЕК АДЫМ», «ЖАРТЫ АДЫМ», «ТОЛЫҚ АДЫМ».


Жеке әскери қызметшілердің орнын жанына бірнеше адымға ауыстыру үшін команда беріледі, мысалы: «Қатардағы жауынгер Есентаев. Екі адым оңға (солға), адым - БАС». Осы команда бойынша әр адымнан кейін аяқты жерге қоя отырып, оңға (солға) екі адым жасау керек. Бірнеше адымға алға немесе артқа ауыстыру үшін команда беріледі, мысалы: «Екі адым алға (артқа), адым - БАС». Осы команда бойынша екі адым алға (артқа) жасау және аяқты жерге қою керек. Оңға, солға және артқа ауыстырған кезде қолмен қозғалыс жасалмайды.

Қозғалыста бұрылулар мынадай командалар бойынша орындалады: «Оң-ҒА», «Сол-ҒА», «Артқа бұрыла - БАС». Оңға (солға) бұрылу үшін орындалатын команда оң (сол) аяқты жерге қоюмен бір уақытта беріледі.

Осы команда бойынша сол (оң) аяқпен бір адым жасап, сол (оң) аяқтың ұшымен бұрылады, бұрылумен бір уақытта оң (сол) аяқты алға созу және қозғалысты жаңа бағытта жалғастыру керек.

*Қозғалыс кезіндегі бұрылыстарды оқыту.*

Артқа бұрылу үшін орындалатын команда оң аяқты жерге қоюмен бір уақытта беріледі, осы команда бойынша сол аяқпен тағы бір адым жасап, оң аяқты алға қарай жарты адым шығару және біршама солға, сол қол жаққа қарай екі аяқтың ұшымен шұғыл бұрыла отырып, қозғалысты сол аяқпен кері бағытта жалғастыру керек.



*8-сурет. Қозғалыс кезінде солға бұрылысты үйрету.*

Бұрылулар кезінде қолмен қозғалыс адым ырғағымен жасалады. Жүгіре қозғалыс жасау кезінде оңға және солға бұрылулар адыммен қозғалыс жасау кезіндегі командалар бойынша жүгіру ырғағында екі деп санағанда бір орында бұрылумен орындалады. Жүгіру кезінде артқа бұрылу бір орында жүгіру ырғағымен төрт деп санағанда сол қол жаққа қарай жасалады.

Қозғалыс кезіндегі бұрылыстарды үйрету оқытушының көрсетуі арқылы жүзеге асып отырады.

Оқытушы қозғалыс кезіндегі оңға бұрылысты көрсеткеннен кейін, екі есепке жүргізіледі: «Қозғалыс кезінде оңға бұрыл, жаса – БІР, жаса – ЕКІ». «Жаса – БІР» пәрмені кезінде қолды сермеу арқылы сол аяқпен саптық

адымды бастау қажет, ал «Жаса – ЕКІ» пәрмені бойынша, сол аяқтың ұшымен оңға бұрылып, бір уақытта оң аяқты алға жіберіп, жаңа бағытқа адым жасау жөн болады. Келесі «Жаса – БІР», «Жаса – ЕКІ» есебі бойынша тәсілдер басынан қайталаынады. Жаттығу үшін командир бөлімшені бірінші және екіншіге есептеп, білімгерлерді сегіз адымда бір-біріне қарама-қарсы тұрғызады және олардың әрқайсысы кіші төрт бұрыштың ішкі тікбұрыш сызығына қарама-қарсы тұратындай етіп, ара-қашықтықтарын төрт адымға есептейді.

Жаттығу төрт есепке үш адым қозғалыспен мына пәрмен бойынша орындалады: «Бұрылыс оңға қозғалыста, төрт есепке, адым-БАС» және «БІР, ЕКІ, ҮШ, ТӨРТ» деп санайды. Мұндағы «БІР, ЕКІ, ҮШ» есебінде білімгерлер төрт бұрыш сызығына қарай алға үш саптық адым жасайды, ал дұрыстап шыққан «ТӨРТ», есебінде–оңға бұрылыс орындалады. Білімгерлер 4 x 4 адымдағы төрт бұрыш бойынша қозғалысты атқарады. Алғашқыда қозғалыстың шапшаңдығы минутына 60 адымды құраса, кейін минутына 95-105 адымға созылады.

Солға бұрылуды үйретуге кіріспес бұрын, оқытушы оңға бұрылу тәсілі секілді, тек айырмашылығы төрт адымдық қозғалыстан кейін орындалатынын түсіндіреді. Тағы бір ескеретін жәйт солға бұрылыс төрт адымның қозғалыстан кейін және кезекті «БІР» есебінде оң аяқтың ұшында бұрылыс орындалады. Атқарушы пәрмен бір мезетте сол аяқты жерге қоюмен беріледі. Жаттығу үшін оқытушы бөлімшені бір адым артқа жіберіп, тік бұрыштың сыртқы сызығына орналастырады.

Бұрылысты орындау мына пәрменмен: «Қозғалыста солға бұрылу төрт есепке, адым-БАС» орындалады және кейін «БІР, ЕКІ, ҮШ, ТӨРТ» есепке жүргізіледі, ал келесі дауыстап айтылған «БІР» есебінде білімгерлер бұрылыс

жасап, «ЕКІ, ҮШ, ТӨРТ» есебінде қозғалысты жалғастырады. Жақсы үйрену үшін солға және оңға бұрылыстарды бірге орындаған жөн болады және білімгерлер 2-4 адым ара қашықтықта қозғалады. Артқа бұрылуды үйрену үшін оқытушы ең алдымен Саптық жарғының талаптарына назар аударуы тиіс.

Командир артқа бұрыла басуда қозғалысындағы бұрылыс, оңға және солға бұрылысқа қарағанда екі аяқтың ұшында орындалатынына назар аударады. Бұрылыстан кейін қозғалыс сол аяқпен екі аяқ ұшында тұрған кезінде атқарылады. Бұрылыстан кейін өкшеге тұру рұқсат етілмейді.

«Артқа бұрыла - БАС» үшін орындалатын пәрмен оң аяқты жерге қоюмен бір мезгілде беріледі, осы пәрмен бойынша сол аяқпен тағы да бір адым жасау керек «БІР - деп санау бойынша», оң аяқты алға қарай жарты адым созу керек және біршама солға және сол қол жаққа қарай екі аяқтың ұшымен шұғыл бұрылып «ЕКІ – деп санау бойынша», қозғалысты сол аяқпен жаңа бағыт бойынша жалғастыру керек «ҮШ – деп санау бойынша». Бұрылыс кезінде қолмен қозғалыс жасау адымның ырғағымен жүргізіледі.

Бұл тәсілдің жаттығуы үш адым алға пәрмені бойынша қозғалыспен бірге орындалуы мүмкін, яғни «БІР, ЕКІ, ҮШ» санауы бойынша үш адым жасалынып, төртінші санау бойынша айналу қозғалысы жүзеге асырылады.

Тәжірибені мықтау немесе одан әрі жетілдіру үшін күнделікті азанғы дене шынықтыру жаттығуларына қосуға болады.

Қозғалыста: Артқа бұрылысын оқыту бөлім бойынша төрт есепке жүргізілуі қажет және мынадай пәрмен беріледі «қозғалыс кезіндегі артқа бұрылысы, бөлім бойынша: жаса – БІР, жаса – ЕКІ, жаса – ҮШ, жаса – ТӨРТ».

«Артқа бұрыла - БАС» үшін «Жаса - БІР» есебі бойынша студенттер сол аяқпен алға адым жасап, сол қалпында тұрады келесі «Жаса - ЕКІ» есебі бойынша оң аяқты жарты адымға алға таман шығарады және бірден сол қолдың бұрылысымен екі аяқтың ұшында тұрып, сол күйінде қалады.

Келесі «Жаса - ҮШ» есебі бойынша сол аяқпен алға адым жасайды, ал «Жаса – ТӨРТ» есебі бойынша оң аяқты тақап қояды.

Жаттығу осындай реттілік бойынша қайталана береді, алғашқыда командир есебі бойынша, кейін студенттердің өз есебінен.

«Артқа бұрыла - БАС».бұрылысын орындаған кезде, бұрылыстың шапшандылығына, сондай-ақ қолдың қозғалысына назар аударады. «Жаса – ЕКІ» есебінде бастапқыда оң аяқпен жарты адым алға жасап, онымен бірге сол қолды алға, оң қолды артқа жіберіп отыру қажет. Оң аяқ, аяқтың ұшына апарылған кезде қолдар түсіп тұру керек.


Ал «Жаса – ҮШ» есебінде оң қол қайта алға қарай, ал сол қол артқа қарай қозғалыс жасайды.

Бөлімше командирі оң аяқты жарты адымға алға шығарғанда қолдардың қысылмауына басты назар аударуы тиіс, себебі жылдам бұрылысқа кедергі келтіруі мүмкін.

Осы тәсілді орындау үш адым алға қозғалыспен мына пәрмен бойынша орындалуы мүмкін: «Артқа бұрыла - БАС».бұрылысы үш адым алға қозғалысымен, адым - БАС ал «БІР, ЕКІ, ҮШ» есебінде үш адым, «ТӨРТ» есебінде – «Артқа бұрыла - БАС» бұрылысы орындалады.

Қозғалыстағы бұрылыстан алған дағдыға қалыптасуды, нығайту үшін оларды жүйелі түрде таңғы жаттығуларға, сондай-ақ арнайы саптық дайындықтарға қосп отырған жөн болады.

Жүгіруден адымға ауысу үшін «Адым - БАС» командасы беріледі. Орындалатын команда оң аяқты жерге қоюмен бір уақытта беріледі. Осы команда бойынша жүгірумен тағы да екі адым жасау және адыммен қозғалысты сол аяқтан бастау керек.



*9-сурет Қозғалыста Артқа бұрыла – басуды көрсету.*

Орнында тұрып адым жасау «Орнында адым - БАС» (қозғалыста - «Орнында») командасы бойынша жасалады.

Осы команда бойынша адым аяқты көтерумен және түсірумен жасалады, бұл ретте аяқты жерден 10-15 сантиметрге көтеру және оны ұшынан бастап табанға толық қою керек;

Қолмен адым ырғағына сәйкес қозғалыс жасау керек. Сол аяқты жерге қоюмен бір уақытта берілетін «ТУРА» командасы бойынша оң аяқпен орнында тағы бір адым жасау және қозғалысты сол аяқтан толық адыммен бастау керек. Бұл ретте алғашқы үш адым саптық болу керек.

**3.3. Саптық тәсілдер және қарумен қозғалыс** Қарумен саптық қалып. Қарумен саптық қалып қарусыз сияқты, бұл ретте «қарубауға» күйіндегі қарудың ұңғы жағын жоғары қаратып, шынтақты денеге қатты қысып - білекті тік күйде, ал жиналмалы дүмі бар автоматты - ұңғы жағын төмен қаратып ұстау керек.

«Кеудеге» күйіндегі автоматпен саптық қалыпты қабылдау кезінде автоматты оң қолмен дүмнің сабынан (ұңғы қорабынан) ұстап, сол қолды төмен түсіру керек. Қол оқшашарын оң аяқтың жанында ұстап, оның дүмтабаны жерде тұратындай етіп, оң қолын еркін түсіріп, аяғының жанында ұстау керек. Карабинді қол оқшашары сияқты аяқтың жанында ұстау керек, бұл ретте еркін түсірілген оң қолмен ұңғыны орап газ түтігінен ұстау керек.

#### **3.4. Орында қарумен тәсілдерді орындау**

Автомат «қарубауға» күйінен «кеудеге» күйіне «Автоматты кеуде-ГЕ» командасы бойынша үш тәсілмен алынады:

*бірінші тәсіл* - қарубау бойынша оң қолды біршама жоғары көтеріп, автоматты сол қолмен сағағы мен ұңғы бастырмасынан ұстап, иықтан алу керек, оқжатарын сол жаққа қаратып, ұңғының ұшын иек деңгейінде, өзінің алдында тік ұстайды.


*екінші тәсіл* - қарубауды оң қолмен оңға қарай жіберу керек және оны алақанмен саусақтарды жартылай бүгілген және өзіне қарап тұратындай етіп ұстау керек; онымен бір уақытта оң қолдың шынтағын қарубаудың ішіне кіргізу керек.

*үшінші тәсіл* - қарубауды бастан асыра тастап, автоматты оң қолмен дүмбінің сабынан ұстап, ал сол қолды жылдам төмен түсіру керек болады.

Жиналмалы дүмі бар автомат «қарубауға» күйінен «кеудеге» күйіне дәл сол команда бойынша екі тәсілмен алынады:

*бірінші тәсіл* - оң қолдың шынтағын қарубаудан шығармай, автоматты иықтан оң қолмен алу керек және автоматты сол қолмен сағағы мен ұңғы бастырмасынан ұстап, оны өзінің алдында оқжатарын төмен, ұңғы жағын солға қаратып ұстау керек.

*екінші тәсіл* - қарубауды оң қолмен бастан асыра сол жақ иыққа тастап, онымен автоматты қарубау жанындағы ұңғы қорабынан ұстау керек, ал сол қолды жылдам төмен түсіру қажет;



*10-сурет Қарумен тәсілдерді орындау әдісі.*

Автомат «кеудеге» күйінен «қарубауға» күйіне «Қарубау-ГА» командасы бойынша үш тәсілмен алынады:

*бірінші тәсіл* - автоматты сол қолмен сағағы мен ұңғы бастырмасының төменгі жағынан ұстау керек және онымен бір уақытта оны біршама алға жоғары қарай көтере отырып, оң қолды қарубаудың ішінен шығарып, оны дүмінің сабынан ұстау керек;

екінші тәсіл - автоматты жоғары көтере отырып, қарубауды бастан асыра тастау керек және автоматты оқжатарын солға қаратып, ұңғы ұшын иек деңгейінде өзінің алдында тік ұстау керек;

үшінші тәсіл - оң қолмен қарубаудың жоғарғы жағынан ұстау және автоматты «қарубауға» күйіне оң жақ иыққа асыра тастау, ал сол қолды жылдам төмен түсіру керек.

Жиналмалы дүмі бар автомат «кеудеге» күйінен «қарубауға» күйіне сол команда бойынша үш тәсілмен алынады:

бірінші тәсіл - автоматты сол қолмен жоғарғы жағынан ұңғысы мен газ түтігінен ұстау және автоматты біршама жоғары көтере отырып, оң қолдың шынтағын қарубаудың ішінен шығару керек, оң қолмен алақанды төмен қаратып, қарубауды ұңғы қорабы жағынан алу керек;


екінші тәсіл - автоматтың ұңғы қорабын жоғары қарата бұрып, қарубауды бастан асыра тастау керек және автоматты оқжатарын оңға қаратып ұстап тұрады; үшінші тәсіл - автоматты «қарубауға» күйіне оң жақ иыққа асыра тастап ал сол қолды жылдам төмен қарай түсіріп тұруға міндетті болады. Карабин (қол оқшашары) «аяққа» күйінен «қарубауға» күйіне «Қарубау-ҒА» командасы бойынша үш тәсілмен алынады:

бірінші тәсіл - оң қолмен карабинді (қол оқшашарын) оны денеден алшақтатпай, шамалы көтеру, оқжатарын (қол оқшашары - пистолет тұтқасын) солға қарай бұру керек; сол қолмен карабинді оқжатарынан (қол оқшашары - сағағынан) алу және оның ұңғы ұшын көз деңгейінде ұстайды, оң қолдың шынтағын қысу керек;

екінші тәсіл - оң қолмен қарубауды алу және оны солға қарай тартады;

үшінші тәсіл - карабинді (қол оқшашарын) иыққа жылдам асырып тастау керек; сол қолды төмен түсіру

керек; оң қолды білек көлденең күйде болатындай етіп, қарубау бойымен төмен түсіру керек; карабинді (қол оқшашарын) шынтақпен ақырын қысу қажет.



*11-сурет Қарумен тәсілдерді орындау әдісі.*

Карабин (қол оқшашары) «қарубауға» күйінен «аяққа» күйіне «Аяқ-ҚА» командасы бойынша екі тәсілмен алынады:

бірінші тәсіл - оң қолды қарубау бойымен біршама жоғары көтере отырып, карабинді (қол оқшашарын) иықтан алу керек және оны сол қолмен сағатынан ұстап, карабинді (қол оқшашарын) оң қолмен ұңғы бастырмасының жоғарғы бөлігінен оқжатарын (қол оқшашары - пистолет тұтқасын) солға қарай, ұңғы ұшын көз деңгейіне келтіріп алады;

екінші тәсіл - сол қолды жылдам төмен түсіру, ал оң қолмен карабинді (қол оқшашарын) жерге аяқ жанына жайлап қою қажет;

Карабин «аяққа» күйінен «иыққа» күйіне тек салынған сүңгімен «Иық-ҚА» командасы бойынша екі тәсілмен алынады:

бірінші тәсіл - оң қолмен карабинді көтере және бекітпесін алға қарай бұра отырып, оны дененің жанына сол жақ бүйірге тік ауыстыру керек және онымен бір уақытта оң қолдың алақанымен сағақ пен ұңғы бастырмасының жоғарғы жағынан ұстау керек, онымен бір уақытта сол қолдың алақанын біршама алға жіберу және карабинді дүмімен сол қолдың алақанында дүмтабаны жататындай, бас бармақ алдында тұратындай, ал қалған саусақтар дүмнің сол жағын қысып тұратындай етіп қою керек; карабинді сол жақ иыққа қарама-қарсы қолды созып тік, дүмін сол аяққа тигізе отырып ұстау керек; оң қолдың шынтағы - иық деңгейінде болады.

екінші тәсіл - оң қолды жылдам төмен түсіру керек, онымен бір уақытта сол қолмен карабинді, ол ағытқыш доғасымен иық оймасында жататындай етіп көтеру керек және оны жантайтпай ұстап тұру керек; сол қолдың білегін шынтақтан біршама төмен ұстау, дүмді белге, ал қарубауды бүйірге қысып ұстайды мысалыға карабин «иыққа» күйінен «аяққа» күйіне «Аяқ-ҚА» командасы бойынша үш тәсілмен алынады:


бірінші тәсіл - сол қолды жылдам төмен түсіріп, онымен бір уақытта карабинді оң қолмен сағағы мен ұңғы бастырмасының жоғарғы жағынан ұстап қою керек.

екінші тәсіл - карабинді оң қолмен оның бекітпесін өзіне қаратып, оң аяққа қарай төмен ауыстыру керек; карабинді сол қолмен сүңгі түтігінен ұстап тұрып, оны оң аяқтың екі жаны бойымен дүмі табан жанына тиетіндей етіп ұстап тұру керек;

үшінші тәсіл - сол қолды жылдам төмен түсіріп, ал оң қолмен карабинді жайлап жерге қойып, тұрады.

Қарубауды ұзарту (қысқарту) қажет болған кезде «Қарубауды - ҰЗАРТ (ҚЫСҚАРТ)» командасы беріледі. «Қарубауды» командасы бойынша автоматтар мен қол

гранатаатқыштарды оң қолға алынып, карабиндер мен оқшашарларды аяқ жанына қою керек; жиналатын дүмі бар автоматтың дүмін жазу керек, ол үшін оң қолды қарубау бойымен біршама жоғары көтеріп, автоматты иықтан алу және оны сол қолмен сағағы мен ұңғы бастырмасынан ұстап, өзінің алдында оқжатарын төмен қаратып, иек деңгейінде көлденең ұстау керек.



12-сурет Қаруды»қарубауға күйінде тұру әдісі.

Автоматты сол қолмен ұстай отырып, оң қолмен ілмегін босату және дүмін жазу керек.

Автоматты оң қолмен сағағы мен ұңғы бастырмасынан ұстау керек. «ҰЗАРТ (ҚЫСҚАРТ)» командасы бойынша оңға қарай жартылай айналым жасап, онымен бір уақытта сол аяқпен солға қарай бір адым жасау керек және алға еңкейе отырып, қаруды дүмімен сол аяқ табанының ішкі жағына тіреп, ал ұңғысын оң шынтақтың ішкі буынына қою керек; тізені бүкпеу керек; оң қолмен қарубаудың тоғасын ұстап тұрып, сол қолмен қарубауды қысқарту (ұзарту) және өздігінен саптық қалыпты қабылдайды.

Қару «қарубауға» күйінен «арқаға» күйіне «Қаруды арқа-ҒА» командасы бойынша екі тәсілмен алынады (осы команда алдында «қарубауды ұзарт» командасын орындайды).

бірінші тәсіл - қарубауды сол қолмен оң иықтан біршама төмен ұстау керек, ал онымен бір уақытта оң қолмен дүмінен (жиналмалы дүмі бар автомат пен қол гранатаатқышты - ұңғысынан төменгі бекітпеден) ұстайды.

екінші тәсіл - қаруды оң қолмен біршама көтеру, ал сол қолмен қарубауды бастан асыра сол иыққа тастау керек; қаруды және қолды жылдам төмен түсіру қажет.

Автомат «арқаға» күйінен сүңгі-пышақсыз, ал карабин - жазылған сүңгісімен алынады.

Қару «арқаға» күйінен «қарубауға» күйіне «Қаруды - қарубау-ҒА» командасы бойынша екі тәсілмен алынады:


бірінші тәсіл - сол қолмен қарубауды сол иықтан біршама төмен алу керек, ал онымен бір уақытта оң қолмен дүмінен (ұңғысынан, раструбынан) ұстайды.

екінші тәсіл - оң қолмен қаруды біршама көтеру, ал сол қолмен қарубауды бастан асыра оң иыққа тастау керек, қарубауды оң қолмен алып, ал сол қолды жылдам төмен түсіреді.

Автоматты «кеудеге» күйінен «арқаға» күйіне және «арқаға» күйінен «кеудеге» күйіне, сондай-ақ карабинді «арқаға» күйінен «аяққа» күйіне ауыстыру үшін қару алдын ала берілетін команда бойынша «қарубауға» күйіне алынады.

Жиналмалы дүмі бар автоматты «кеудеге» күйінен «арқаға» күйіне ауыстыру үшін автоматты оң қолмен ұңғысының бас жағынан ұстап және оны «арқаға» күйіне ауыстыру керек.

Жиналмалы дүмі бар автоматты «арқаға» күйінен «кеудеге» күйіне ауыстыру үшін автоматты оң қолмен ұңғы жағынан ұстау керек және оны ұңғы жағынан сол иыққа қарай тартып, «кеудеге» күйіне ауыстыру керек.



Қол оқшашары «арқаға» күйіне ыңғайына қарай алынады.»Арқаға», «Қарубауға» және «Кеудеге» командалары берілер алдында қару «Сактандырғышқа - ҚОЙ» командасы бойынша сақтандырғышқа қойылады.

Егер сүңгі-пышақты ағыту (сүңгіні жазу) немесе оны бекіту қажет болса, онда «Сүңгі-пышақты - АҒЫТ» («Сүңгіні - ЖАЗ») және «Сүңгі-пышақты (сүңгіні) - БЕКІТ» командалары беріледі. «Аяқ-ҚА» жалпы командасы бойынша карабиндер мен оқшашарлар «аяққа» күйіне алынады, ал автоматтар мен қол гранатаатқыштардың күйі өзгермейді.Қарудың дұрыс емес күйін түзету үшін «Қаруды - ТҮЗЕ» командасы беріледі. Қару команда бойынша жерге қойылады, мысалы: «Бөлімше, қаруды жерге - ҚОЙ».

«Қаруды жерге» командасы бойынша автоматтар мен қол гранатаатқыштары оң қолға; карабиндер мен оқшашарлар - «аяққа» күйіне алынады; одан басқа оқшашарлардың тіреуіші жинап тасталады.

«ҚАРУҒА» командасы бойынша бірінші қатар алға екі адым жасайды және аяғын жерге қояды, одан кейін екі қатар бір уақытта сол аяқпен алға бір адым жасайды және дүмтабанын оң аяқтың ұшына тигізе ұстап (оң тізе бүгілмейді, сол қол соңына дейін артқа жіберіледі, бастың күйі - тура, иек көтеріңкі болады), бекітпенің сабын (бекітпе рамасын) төмен қаратып қаруды жерге қояды, одан кейін сол аяқты оң аяқтың жанына қояды.

Қол гранатаатқыштары сабын солға қаратып жерге қойылады. Оқшашарлар тіреуішіне қойылады.

Жеке әскери қызметшілер мен бір қатарлы саптағы әскери қызметшілер орындалатын команда бойынша тек соңғы екі қимылды ғана орындайды. Қаруды жерден алу үшін «Бөлімше - ҚАРУҒА» және одан кейін «ҚАРУЛАН» командалары беріледі.

Бірінші команда бойынша бөлімше қарудың жанына сапқа тұрғызылады. Екінші команда бойынша әскери қызметшілер сол аяқпен алға бір адым жасайды, қаруды оң қолмен алады және тік түзеліп, сол аяқты оң аяқтың жанына қояды. Екінші қатар алға екі адым жасайды, одан кейін екі қатар бір уақытта қаруды «қарубауға» күйіне алады. Оқшашарлардың алдын ала тіреуіштері жиналады.

### ***3.5. Қарумен бұрылыстар және қозғалыс жасау.***

Қарумен бұрылыстар және қозғалыс жасау қарусыз жасалатын дәл сол ережелермен және командалармен орындалады. «Аяққа» күйінде орнында қарумен бұрылыстар жасаған кезде алдын ала берілетін команда бойынша қаруды біршама көтеру және онымен бір уақытта сүңгіні (ұңғы жағын) өзіне қарай тарту, ал оң қолды оң жанына біршама жақындату керек. Бұрылғаннан кейін аяқты қоюмен бір уақытта қаруды, жайлап жерге қою керек.

«Аяққа» күйінде «Адым» алдын ала командасы бойынша қарумен қозғалыс жасау үшін қаруды біршама көтеру керек, ал «Жүгіре» алдын ала берілетін командасы бойынша, бұдан басқа сол қолдың шынтағын жартылай бүгілуін қадағалау керек.

Жүгіре қозғалу кезінде қаруды ақырын бүгілген оң қолмен қарудың ұңғы жағы біршама алға қарап тұратындай етіп ұстап жүгіру керек. Жинақталған сапта жүгіру кезінде сүңгіні өзіне қарай алу керек.

«Аяққа» күйінде және «иыққа», «қарубауға» және «кеудеге» күйлерінде қарумен қозғалыс жасау кезінде қару ұстамаған бос қолмен, ал «арқаға» күйінде қарумен қозғалыс жасау кезінде екі қолмен дене айналасында адым ырғағымен еркін қозғалыс жасау керек.

Карабинмен иыққа» күйінде қозғалыс жасалуы кезінде «ТОҚТА» орындалатын командасы бойынша тоқтау керек және командасыз карабинді «аяққа» күйіне, алу керек.

Қозғалыста карабин аяққа «күйінен иыққа» күйіне орнында тұрғандай, сол аяқты жерге қоюмен бір уақытта берілетін «Иық-ҚА» командасы бойынша екі тәсілмен алынады. Орындалатын команда бойынша оң аяқпен бір адым жасау керек және содан кейін біртіндеп сол аяқты жерге қоюмен әрбір тәсілді орындауға міндетті.

Қозғалыста карабин «иыққа» күйінен «аяққа» күйіне орнында тұрғандай, сол аяқты жерге қоюмен бір уақытта берілетін «Аяқ-ҚА» командасы бойынша үш тәсілмен алынады. Орындалатын команда бойынша оң аяқпен бір адым жасау керек және содан кейін біртіндеп сол аяқты жерге қоюмен әрбір тәсілді орындау керек.

#### **IV. ӘСКЕРИ СӘЛЕМДЕСУДІ ОРЫНДАУ, САПТАН ШЫҒУ ЖӘНЕ ҚАЙТА САПҚА ТҰРУ. БАСТЫҚҚА КЕЛУ ЖӘНЕ ОДАН КЕТУ.**

##### ***4.1. Әскери сәлемдесуді қарусыз орнында тұрып және қозғалыста орындау.***

Әскери сәлемдесуді саптан тысқары өз орнында бас киімсіз бастықтан (атағы үлкеннен) үш-төрт адым жерде тұрып орындау үшін сол жаққа бұрылып саптық тұрысты қабылдау керек және оның соңынан бұрыла тұрып, оның бетіне қарауы керек.

Егер бас киім киілген болса, сондай-ақ саусақтар бірге, алақан тік, ортаңғы саусақ бас киімнің шетіне (күнқағарда) тиіп тұратындай, ал шынтақ иықтың сызығында және биіктігінде болатындай етіп оң қолды қысқа жолмен бас киімде ұстау керек. Бастық (атағы үлкен) жаққа бұрған кезде қолдың бас киімдегі орналасуы өзгеріссіз қалады. Әскери сәлемдесу нық және көрнекті орындалады


Бастық (атағы үлкен) әскери сәлемдесуді орындаушының жанынан өтіп бара жатса, басты тік ұстау керек және сонымен бір мезгілде қолды түсіру керек.

Әскери сәлемдесуді саптан тысқары өз орнында бас киімсіз бастықтан (атағы үлкеннен) үш-төрт адым жерде тұрып орындау үшін сол жаққа бұрылып саптық тұрысты қабылдау керек және оның соңынан бұрыла тұрып, оның бетіне қарауы керек.

Егер әскери қызметшінің қолы бос болмаса, онда ол әскери сәлемдесуді бастық жаққа (атағы үлкен жаққа) басты бұрумен орындайды.

Бастықтың сәлемдесуіне немесе алғыс жариялау кезінде әскери қызметші қатты дауыстап, анық жауап береді. Қозғалыс кезінде жауапты сол аяқты жерге қоюмен бастайды.

*Әскери сәлемдесуді қозғалыста бас киіммен орындалуы.* Қозғалыста бас киіммен тұрғанда аяқты жерге қоюмен бірге басты бұру керек және оң қолды бас киімге қойып, сол қолды қозғалтпай жанда ұстау керек; бастық (атағы үлкен) тік кеткеннен кейін сол аяқты жерге қоюмен бір мезгілде басты тік ұстап, оң қолды түсіру керек.



**14-сурет.** Әскери сәлемдесу

Бастықты (атағы үлкенді) басып озғанда әскери сәлемдесу басып озудың бірінші адымымен орындалады. Екінші адыммен басты тік ұстап, оң қолды түсіру керек.

Егер әскери қызметшінің қолы бос болмаса, әскери сәлемдесуді басты бастықтың (атағы үлкеннің) жағына қарай бұрумен орындайды.

#### ***4.2. Әскери сәлемдесуді қарумен орнында және қозғалыста орындау.***

Әскери сәлемдесуді қарумен орнында саптан тыс орындау қарусыз орындау сияқты жүргізіледі; бұл ретте

карабиннің «иыққа» күйін қоспағанда, қарудың күйі өзгермейді және қол бас киімге апарылмайды.

Әскери сәлемдесуді карабинмен «иыққа» күйінде орындау кезінде ол алдын ала «аяққа» күйіне алынады.

Қарумен «арқаға» күйінде әскери сәлемдесуді оң қолды бас киімге апара отырып орындау керек.

Әскери сәлемдесуді саптан тыс қозғалыста аяқ жанындағы, «қарубауға» немесе «кеудеге» күйіндегі қарумен орындау үшін бастыққа (атағы үлкенге) үш-төрт адым қалғанда аяқты жерге қоюмен бір уақытта басты ол жаққа қарай бұру және бос қолымен қозғалысты тоқтату керек; «арқаға» күйіндегі қарумен одан басқа қолды бас киімге апару керек.

Карабинмен «иыққа» күйінде әскери сәлемдесуді орындау кезінде оң қолмен қозғалысты жалғастыру керек.

«Оң жақтан (сол жақтан, маңдайшептен) қарсы алу үшін, қарауыл-ҒА» командасы бойынша «аяққа» күйіндегі карабинмен әскери сәлемдесу екі тәсілмен жүзеге асырылады:

бірінші тәсіл - карабинді оң қолмен көтеріп, ұңғысын кеуденің орта тұсына, көздеу планкасын өзіне қаратып, оны тік ұстау керек; осымен бір уақытта сол қолмен карабинді сағағынан (төрт саусақ алдында оқжатарда, ал бас бармақ - көздеу планкасының астында) ұстау керек, сол қолдың білегі - қарубау деңгейінде болуы міндетті.

екінші тәсіл - оң қолды құндақтың мойнына ауыстыру және онымен карабинді бас бармақ артында, ал біріктірілген төрт саусақ құндақ мойнының алдында қиғаш жататындай етіп ұстау керек.

Екінші тәсілді орындаумен бір уақытта басты оңға (солға)бұру және оның соңынан басын бұра отырып,бастықты көз қиығымен шығарып салады Карабин

«қарауылға» күйінен «аяққа» күйіне «Аяқ-ҚА» командасы бойынша алынады.

Алдын ала берілетін команда бойынша басты тік ұстау керек, ал орындалатын команда бойынша карабинді аяққа үш тәсілмен алу керек:

бірінші тәсіл - оң қолды жоғары ауыстыру және карабинді сағағы мен ұңғы бастырмасының жоғарғы жағынан ұстау керек;

екінші тәсіл - карабинді дүмі табанның сыртқы жағына тиіп тұратындай етіп, оң аяққа ауыстыру керек; сол қолмен карабинді сүңгі түтігінен ұстайды

үшінші тәсіл - сол қолды жылдам төмен түсіру керек, ал оң қолмен карабинді жерге жайлап қою керек.

«Қарауылға» тәсілін орындай отырып әскери сәлемдесуді карабинмен орындау тек әскери бөлімшелер мен бөлімдер орнында олар сапта болған кезде жүргізіледі.

«Оң жақтан (сол жақтан, маңдайшептен) қарсы алу үшін, қарауыл-ҒА» командасы бойынша карабиндер «қарауылға» күйіне алынады; сапта тұрған барлық әскери қызметшілер саптық қалыпты қабылдайды және онымен бір уақытта басын бастық жаққа қарай бұрып, оны көз қиығымен шығарып салады. Егер саптағы әскери қызметшілерде автоматтар, оқшашарлар мен қол гранатаатқыштар бар болса, олардың күйі өзгермейді.

#### ***4.3. Саптан шығу және одан қайта тұру. Бастыққа келу және одан кету.***

*Қарусыз саптан шығу және қайта сапқа тұру.*

Мысалы: «Қатардағы жауынгер Әсенов. САПТАН ШЫҚ (осынша АДЫМҒА САПТАН ШЫҚ)» немесе «Қатардағы жауынгер Әсенов. МАҒАН КЕЛ (ЖҮГІРЕ МАҒАН КЕЛ)».

Әскери қызметші өзінің тегін естігеннен кейін «Мен» деп, ал саптан шығу туралы (шақыру туралы) команда бойынша «Құп болады» деп жауап береді.

Әскери қызметші бірінші команда бойынша саптық адыммен бірінші қатардан бастап үш адымға (көрсетілген адым санына) саптан шығады, тоқтайды және сапқа қарап бұрылады.

Екінші команда бойынша әскери қызметші бірінші қатардан тура бір-екі адым жасап, жүріп келе жатып бастық жаққа қарай бұрылады, қысқа жолмен саптық адыммен оған келеді (жүгіріп келеді) және екі-үш адым қалғанда тоқтап, аяқты қоюмен бір уақытта оң қолын бас киімге апарды, одан кейін келгені туралы баяндайды. Баяндау аяқталғаннан кейін қолын төмен түсіреді.

Мысалы: «Лейтенант мырза. Қатардағы жауынгер Әсенов сіздің бұйрығыңыз бойынша келіп тұр».

Әскери қызметші екінші қатардан шыққан кезде ол алдында тұрған әскери қызметшінің иығына сол қолын ақырын қояды, ол алға бір адым және он аяғын қоймастан, оңға бір адым жасап саптан шығатын әскери қызметшіні өткізіп жібереді, одан кейін өз орнына тұрады.

Әскери қызметші бірінші қатардан шыққан кезде оның орнына екінші қатарда оның артында тұрған әскери қызметші тұрады.

Әскери қызметші екіден, үштен (төрттен) тұратыш лектен шыққан кезде ол саптан алдын ала оңға (солға) бұрыла отырып, жақын қаптал жаққа шығады. Егер жанында әскери қызметші тұрса, ол он (сол) аяғымен жаныңа бір адым жасайды және сол (оң) аяғын қоймастан, артқа бір адым жасап, саптан шығатын әскери қызметшіні өткізіп жібереді және одан кейін өз орнына тұрады.

Әскери қызметші қарумен саптан шыққан кезде қозғалыстың басталуы кезінде «аяққа» күйіне алынатын,

«иыққа» күйіндегі карабинді қоспағанда, қарудың күйі өзгермейді.

Әскери қызметшіні сапқа қайтару үшін команда беріледі, мысалы: «Қатардағы жауынгер Абілов. САПҚА ТҰР» немесе тек «САПҚА ТҰР».

Сапқа қарап тұрған әскери қызметші «Қатардағы жауынгер Әлімов» командасы бойынша өзінің тегін естігеннен кейін баetylық жаққа бұрылады және «Мен» деп жауап береді, ал «САПҚА ТҰР» командасы бойынша, егер ол қарусыз немесе «арқаға» күйіндегі қарумен болса, қолын бас киіміне апарып «Құп болады» деп жауап береді, қозғалыс жағына бұрылып, бірінші адым жасаумен қолын төмен түсіреді, саптық адыммен қозғала отырып, қысқа жолмен саптағы өз орнына тұрады.

Егер тек қана «САПҚА ТҰР» командасы берілсе, әскери қызметші алдын ала бастыққа бұрылмастан, сапқа кайтып оралады.

*Қарумен саптан шығу және қайта сапқа тұру әдістері.*

Саптан студент қарумен шыққан кезде, қозғалыстың басталуы кезінде «Аяққа» күйіне алынатын, «Иыққа» күйіндегі карабинді қоспағанда, қарудың ұсталуы өзгермейді.

Әскери қызметшіні сапқа қайтару үшін пәрмен беріледі.

Мысалы: «Қатардағы жауынгер Ахметов. САПҚА ТҰР» немесе тек «САПҚА ТҰР».

Сапқа бетпе-бет қарап тұрған әскери қызметші «Қатардағы жауынгер Әлімов» деген пәрмен бойынша өзінің тегін ести сала, бетін бастық жаққа бұрады және «Мен» деп жауап береді, ал «САПҚА ТҰР» пәрмені бойынша, егер ол қарусыз немесе «Арқаға» күйіндегі қарумен тұрса, қолын бас киіміне тигізіп «Құп болады» деп жауап береді, қозғалыс жағына бұрылып бірінші адым

бойынша қолын түсіреді, саптық адыммен қозғала отырып қысқа жолмен саптағы өзінің орнына тұрады.

Егер тек қана «САПҚА ТҮР» пәрмені берілсе, әскери қызметші (студент) алдын ала бастыққа бұрылмастан сапқа қайтып оралады.

Әскери қызметші немесе студент саптан тысқары бастыққа келген кезде, екі-үш адым бұрын тоқтайды және аяғын қойып бір мезгілде оң қолын бас киіміне апарады, одан кейін келуі жөнінде баяндайды. Баяндау аяқталғаннан кейін қолын түсіреді.


Бастыққа қарумен келген кезде әскери қызметші немесе студент бастықтың алдына келіп тоқтағаннан кейін «Аяққа» күйіндегі карабинді қоспағанда, қарудың ұстау күйі өзгермейді. Қару «Арқаға» күйінде тұрған жағдайды қоспағанда, қол бас киімге апарылады.

Әскери қызметші бастықтан кеткен кезде, кетуге рұқсат алып, оң қолын бас киіміне қойып, «Құп болады» деп жауап береді, қозғалыс жағына бұрылады және бірінші адыммен қолын түсіреді.

Бастықтан немесе оқытушыдан кеткен кезде «Аяққа» күйіндегі карабинді қоспағанда, қарудың ұсталынуы өзгермейді, егер қажет болса, студент «Құп болады» деген жауаптан кейін басқа жағдайға алады.

Оқытушы білімгерге сапқа қайтуға пәрмен немесе кетуге рұқсат бергенде, қолын бас киіміне апарады және оны түсіреді.

Қарумен әрекет жасау кезінде сапқа қайтып оралғаннан кейін қару сапта тұрған әскери қызметшілерде ұсталған күйге алынады. Әскери қызметші саптан тыс бастыққа келген кезде әскери қызметші бастықтың алдына келіп тоқтағаннан кейін «аяққа» күйіне алынатын, «иыққа» күйіндегі карабинді қоспағанда, қарудың күйі өзгермейді.



15-сурет Бастыққа келу және одан кету.

Қару «арқаға» күйінде тұрған жағдайды қоспағанда қол бас киімге апарылмайды. Әскери қызметші бастықтың жанынан кеткен кезде кетуге рұқсат ала отырып, оң қолын бас киіміне апарып «Құп болады» деп жауап береді, қозғалыс жағына бұрылады және бірінші адыммен қолын төмен түсіреді.

Бастықтың жанынан қарумен кеткен кезде «аяққа» күйіндегі карабинді қоспағанда, қарудың күйі өзгермейді,

егер қажет болса әскери қызметші «Құп болады» деген жауаптан кейін басқа күйге алады.

Бастыққа келу және одан кету.

Бастыққа келу және одан кету мынадай еттілікпен жүргізіледі:

бастыққа саптан тысқары жерден келу және одан кету;

- пәрмен бойынша саптан шығу және сапқа қайтып келу;

- шақыру бойынша саптан шығу және сапқа қайтып келу.

- Бастыққа саптан тысқары келу және одан кетуді оқытудың басында әскери оқытушы, бөлімше маңдайшебін жағалай отырып бастыққа келуді толық көрсетеді.

Нәтиже болу үшін әскери оқытушы немесе бөлімше командирі саптан студентті шақырып басшының орнына қоюы мүмкін.

Бастыққа келуді үш санауы бойынша үйреткен абзал. «Жаса – БІР» санағына сәйкес, қолдарды қозғалысқа келтіре отырып, алға қарай саптық адымды сол аяқпен орындайды. «Жаса – ЕКІ» санағы бойынша оң аяқты қояды және бірден оң қолды бас киімге тақайды. «Жаса -ҮШ» санағы бойынша қолды жамбасқа түсіреді. Осыдан соң жаттығу басынан қайталанады.

Осы қимылдарды оқыту үшін бөлімшелер әр студенттің ара қашықтығы 2-3 адым болатындай, бір қатарға немесе біреуден лекке тұрғызылады.

Бастыққа келу тәсілін игеруді алға үш адым қозғалыспен төртке санау бойынша жүргізуге болады.

«Бастыққа келу, үш адым алға қозғалыспен үш санау бойынша, БАСТА» пәрменіне сәйкес. «БІР, ЕКІ, ҮШ» санау бойынша алға үш саптық адым жасау керек, ал «ТӨРТ» санауы бойынша оң аяқты сол аяққа тақайды және бірдестен оң қолды бас киімге апарды. Келесі «БІР, ЕКІ, ҮШ» санаулары бойынша қолды бас киімге ұстап тұрып, «төрт»

санаққа түсірген жөн. Мұндай тәртіпке жаттығу бірнеше рет қайталанады.

Бастықтан кетуді төрт санаққа мына пәрмен бойынша орындаған дұрыс. Яғни, «Бастықтан кету, төрт санау бойынша, БАСТА». Осыған сәйкес «Жаса – БІР» санауы бойынша барлық курсанттар оң қолдарын бас киімге апарады және «Құп болады» деп жауап береді. «Жаса - ЕКІ» санағы бойынша айналып бұрылады (оңға, солға) және оң аяқты жерге қояды. «Жаса – ҮШ» санауы бойынша бірінші адыммен (сол аяқты жерге қоюмен) қолды түсіреді. «Жаса - ТӨРТ» санағы бойынша оң аяқты сол аяққа тақайды. Осындай реттілікте бөлімше командирінің санауы бойынша жаттығу жүргізіледі, ал сонан соң студенттердің өз санауларына орай жалғасады. Осыған сәйкес айналып оңға, солға бұрылу тәжірибесі жетіле түседі.


Бастыққа келу және одан кету бөлім бойынша оқытылғаннан кейін, осы қимылдар кешенді түрде жалғасады. Жаттығу жұппен жүргізіледі (15-сурет).

Бөлімше командирі жаттығу барысында кезекпен өзіне студенттерді шақырады және олардан дұрыс, әрі нақты қимылдарды талап етеді.

Білімгерлерді бастыққа келу және одан кету қимылдары бойынша нақты дағдылықты қалыптастыру үшін қарапайым деңгейде сегіз есепке жаттықтарған жөн. Бұл үшін бөлімше ара-қашықтығы 1-2 адым болатындай біреуден лекке немесе жұп бойынша бір-біріне қарама-қарсы тұрғызылады. Бөлімше командирінің «Бастыққа келу және одан кету, сегіз есепке, БАСТА» пәрмен бойынша студенттер бірінші үш есеп бойынша сол аяқтан бастап, алға үш адым жасайды. Келесі «ТӨРТ» есебі бойынша сол мезетте оң аяқты сол аяққа тақай отырып, оң қолды бас киімге апарады. Келесі «БЕС» есебі бойынша қолдар түсіріледі. Келесі «ЖЕТІ»

есебі бойынша айналу бұрылысын орындайды. Соңғы «СЕРІЗ» есебі бойынша оң аяқты сол аяққа тақап тұрады.

Кезекті «БІР» есебі бойынша студенттер, қозғалыстың бірінші адымын сол аяқтан кері бағытта жасайды және оны жерге қоюмен бірге қолды түсіреді, сонымен қатар жаттығуды қайталайды. Бөлімше командирі бұл уақытта, олардың іс-қимылдарына назар салып, кеткен кемшіліктерді түзейді.




*16-сурет.* Бастықтан кетуді оқыту.

Сондай-ақ, осы сабақтарда әскери қызметшінің саптан тысқары жерде бастықтың оған келуі немесе оның бастыққа келуі секілді қимылдарда көрсетіледі.

Пәрмен бойынша саптан шығуын және сапқа қайта оралуын оқытуды бөлімше командирі бір қатарлыдан бастайды, кейін екі қатарлыдан және екеуден, үшеуден, төртеуден тұрған лектен жалғастырады.

Әскери қызметші саптан шығу үшін пәрмен беріледі.



17-сурет Бастыққа жұппен келуге және одан кетуге жаттығу.

Мысалы: «Қатардағы жауынгер Әлімханов. САПТАН пәленбай АДЫМ АЛҒА ШЫҚ» немесе «Қатардағы жауынгер Асылханов. БЕРІ КЕЛ».

Әскери қызметші өзінің тегін ести сала, «Мен» деп, ал саптан шығу (шақыру) туралы пәрмен бойынша «Құп болады» деп жауап береді. Әскери қызметші немесе студент бірінші пәрмен бойынша саптан саптық адыммен бірінші қатардан бастап аталған адым саны бойынша шығады, тоқтайды және бетін сапқа қаратып бұрылады.

Екінші пәрмен бойынша студент бірінші қатардан тура бір-екі адым жасап, жүріп келе жатып бастық жаққа қарай бұрылады, қысқа жолмен саптық адыммен оған келеді (жүгіріп келеді) және екі-үш адым жетпей тоқтап, келуі жөнінде баяндайды.

Мысалы: «Лейтенант мырза, қатардағы жауынгер Әлімов, сіздің бұйрығыңыз бойынша келіп тұр» немесе «Полковник мырза, студент Алтаев, сіздің бұйрығыңыз бойынша келіп тұр».

Әскери қызметші екінші қатардан шығар кезде ол сол қолын алдында тұрған әскери қызметшінің иығына ақырын салады, ол алға бір адым және ағын қоймастан оңға бір адым жасап саптан шығатын студентті өткізіп жібереді, одан кейін өзі орнына тұрады.

Әскери қызметші бірінші қатардан шыққан кезде оның орнына екінші қатардағы оның артында тұрған әскери қызметші тұрады.

Екіден, үштен тұратын реттен студент шыққан кезде ол саптан саптың жақын шетінен, алдын ала оңға (солға) бұрылыс жасап шығады. Егер қасында студент немесе әскери қызметші тұратын болса, ол оң аяғымен бүйірге бір адым жасайды және сол (оң) аяғын қоймастан артқа бір адым жасап, саптан шығатын оқушыны өткізіп жіберіп, өзінің орнына тұрады.

Бастыққа қарумен келген кезде әскери қызметші бастықтың алдына келіп тоқтағаннан кейін «аяққа» күйіне алынатын, «иыққа» күйіндегі карабинді қоспағанда, қарудың күйі өзгермейді. Қару «арқаға» күйінде тұрған жағдайды қоспағанда, қол бас киімге апарылмайды.

Әскери қызметші бастықтың жанынан кеткен кезде кетуге рұқсат ала отырып, оң қолын бас киіміне апарып «Құп болады» деп жауап береді, қозғалыс жағына бұрылады және бірінші адыммен қолын төмен түсіреді.

Бастықтың жанынан қарумен кеткен кезде «аяққа» күйіндегі карабинді қоспағанда, қарудың күйі өзгермейді, егер қажет болса әскери қызметші «Құп болады» деген жауаптан кейін басқа күйге алады.

Бастық әскери қызметшіні сапқа қайтаруға команда бергенде немесе оған кетуге рұқсат бергенде қолын бас киіміне апарды және төмен түсіреді.

## V. БӨЛІМШЕНІҢ, ВЗОДТЫҢ, РОТАНЫҢ ЖАЯУ ТӘРТІПТЕГІ САПТАРЫ.

### *5.1. Бөлімшенің саптары. Өрістетілген сап.*

Бөлімшенің өрістетілген сабы бір қатарлы немесе екі қатарлы болады. Бөлімшені бір қатарлы (екі қатарлы) сапқа тұрғызу «Бөлімше, бір қатарға (екі қатарға) - САПТАН» командасы бойынша жүргізіледі. Сабақты жеке құрамды саптық міндеттермен оқытудан бастаған жөн. Бөлімше командирі бастапқыда білімгердің (сарбаздың) сапқа дайындық кезіндегі іс-қимылдарын тәжірибе жүзінде көрсетеді.

Өз қаруының дұрыстылығын, сондай-ақ қорғаныс жеке құралдарын, қару-жарақ, арнайы киім-кешек басқа да өзіне тиесілі заттардың күйін тексеру әдістері, сонан соң киімнің дұрыс киілуін тексереді. Бұл орайда, бөлімше командирі айтылған іс-шаралардың орындалуы аяқталған кезде, қасындағы жолдасымен киімнің күйін және қару-жарақтың жағдайын тексеруге өтініш білдіру керектігін айтуға міндетті.

Міндеттермен оқыту мақсатты түрде саптық тұрыста және жайылма сапта жүзеге, асырылуы тиіс.

Жеке құрамды саптық іс-қимылдармен оқытудан бұрын оқытушы немесе бөлімше командирі бөлімше үшін Жарғыда жайылма және жорық саптары қарастырылған.

Бөлімшенің жайылма сабы – бұл маңдайшеп бойынша бір сызыққа орналасқан жауынгерлердің сабы. Осыған орай олар бір қатарлы немесе екі қатарлы сапқа тұруы мүмкін. Мұндай сап алғашқы сапқа тұрулар үшін, есептеу, тексеру, байқау, шерулер үшін, сондай-ақ басқа да жағдайлар үшін қолданылады. Сонан соң бөлімше командирі бір қатарлы сапқа бөлімшені практикалық жүзінде тұрғызуға кіріседі.

Әрине, мұндай іс-қимылдар әр уақыт түсіндіріліп отырылу қажет.

Бөлімшенің жайылма сабы бір қатарлы немесе екі болуы мүмкін. Бөлімшені бір қатарлы (екі қатарлы) сапқа тұрғызу «Бөлімше, бір қатарға (екі қатарға) – САПТАН» пәрмені бойынша жүргізіледі.

Алдын-ала «Бөлімше» пәрмені бойынша барлық студенттер, дереу бөлімше командиріне бұрылуы қажет және «ТІК ТҰР» күйін қабылдап, келесі пәрменді нақты әрі тез орындай алатындай дайындықта күту керек.

Пәрменді бөлімше командирі білімгерлерге қарап тұрып береді. Пәрмен беру аяқталғаннан кейін ол жылдам сапқа тұрудың маңдай шебі жағына қарай, «тіктел» күйінде қала отырып, бұрылуы қажет. Бұдан кейін бөлімше командирі әскери қызметшіден Жарғы не талап ететін түсіндіреді, сапта өзінің орнын білу, оған тез тұра білу, сапта рұқсатсыз сөйлемеу және толық тыныштылықты сақтау, пәрмендер мен бұйрықтарға зейін қойып тындау, жылдам және дұрыс басқаларға кедергі келтірместен орындау.


Әскери қызметші атқарушы «САПТАН» пәрмені бойынша өз орнына тұрады. Бөлімше командирі саптың маңдай-шебі жағына қарама-қарсы тұрып өзіне солға таман пулеметшіге, солға таман аға атқышқа және т.б. бұйрық береді.

Сонан соң студенттер саптағы өз орнына тұрады, ал бөлімше командирі саптан екі-үш студентті шығарып, оларды бөлімшеге қарама-қарсы бір қатарға тұрғызады. Осылар арқылы ол әскери қызметші сапта қалай тұру керек екенін көрсетеді: екі әскери қызметшінің ара қашықтығы алақанның еніне сәйкес, аяқ-киімнің ұштары тұзу бір сызықта болуы тиіс, «ЕРКІН ТҰР» пәрменіне дейін барлығы саптық тұрыс күйінде тұруы керек, басты еңкейтпеуі тиіс.

Осыдан кейін мақсатты түрде »Бөлімше - ТАРА» пәрмені бойынша қимылдарды үйренуге кірісу керек. Бұл пәрменді де жылдам орындаған жөн.

Түсіндіру мен көрсетуді аяқтаған соң олармен «Саптан» және «Тара» пәрмендерін жаттығуға кіріседі.

Пәрменді біріншімен бөлімше командирі бөлімше маңдай шебін ауыстырып отырады. Сапқа тұрудың алдында бөлімше командирі саптан шығып, басқалардың тұрысына қарайды, сондай-ақ олардың атқарған қимылдарының ұйымдастырылуына, сабақтың дұрыстылығына, арақашықтыққа, аяқ-киім ұштарының күйіне назарын салады. Жаттығу студенттер дұрыс және нақты қимылдарға үйренгенше жалғаса береді.




*18-сурет бір қатарлы саптағы бөлімше.*

Бөлімше командирі бөлімшені бірқатарға сапқа тұруды оқыту барысында, әскери қызметші сапта «САПТЫҚ ТҰРЫС», «ТІК ТҰР» және «ЕРКІН ТҰР» күйінде тұруы мүмкін екенін түсіндіреді.

Саптық тұрыс күйін қабылдау «САПТАН» пәрмені бойынша орындалады. Орнында «ТІК ТҰР» күйін қабылдау – бұл, саптық тұрыс күйін қабылдау секілді, бірақ осы пәрменнен кейін келесі пәрменге дейін қандай-да бір қимыл жасауға (қозғалуға) тиым салынады. Орнында «ТІК ТҰР» күйін қабылдау сапта, тек «ТІК ТҰР» пәрмені бойынша ғана емес, сондай-ақ басқада алдын-ала берілетін пәрмен бойынша орындалады.

Жайылма екі қатарлы сапқа оқыту үшін бөлімше командирі мынадай пәрмен берілетінін айтады: «Бөлімше, екі қатарға – САПТАН». Сонан соң бөлімшенің әр курсантының екі қатарлы саптағы орнын көрсетеді.

Командир екі студентке саптан шығуға рұқсат береді (бұйрық береді) және олардың біреуін басқасының артына тұрғызып – екі қатарлы саптық орналасуын көрсетеді. Сонан соң ол екі қатарлы сапта тұрған кезде бір қатардың әскери қызметшілері алдында тұрғандардың дәлме-дәл артында бірдей тұру керектігін айтады. Осыған орай қатарлардың ара қашықтығы бір адымға немесе алда тұрған әскери қызметшінің иығында тұрған, яғни созылған қолдың қашықтығындай болуы тиіс. Сондай-ақ аяқтың ұштары ір сызықта болуы – бұл саптық жарғының талабы, демек бұндай аяқтың күйі бұзылмауы тиіс.



*19-сурет екі қатарлы саптағы бөлімше*

Екі қатарлы сапта алдыңғы тұрған қатар бірінші, ал артқы тұрған – екінші деп аталады. Саптың бұрылуы кезінде атаулары өзгертілмейді.

Егер бөлімшеде төрт немесе одан да аз адам болса, онда бөлімше бір қатарға тұрғызылды.

Саптық тұрысты қабылдап және пәрмен беріп бөлімшенің оқытушысы сапқа тұрудың маңдайшебіне қарама-қарсы тұрады, бөлімше штатқа сәйкес оқытушы-ұйымдастырушыдан солға қарай «Сапқа» тұрады. *Бөлімшенің түзелуі.* Бөлімшені түзету тек қажетті жағдайларда ғана жүргізіледі. Яғни, әскери қызметшілердің

сапта ара-қашықтығы бұзылған жағдайда, ал аяқ киім ұштары – бір сызықта болмаса, ал екі қатарлы сапта қатарлар арасындағы ара қашықтық бұзылса. Бөлімшені «САПТАН» пәрмені бойынша тұрғызу кезінде, егер барлық әскери қызметшілер дұрыс орындаса, онда «ТҮЗЕЛ» пәрменін беру міндет емес.

Түзелуді оқыту үшін мынадай реттілік қажет: алғашқыда аяқтың ұштарын түзеу, сонан соң дененің дұрыс тұруы және түзелу жағына қарай бастың бұрылуы.

Аяқ ұштарын түзету мақсатты түрде сапқа тұрғанда бірден оқытқан жөн, кейін тұрақты жаттығу арқылы тәсілді жүйелікке дейін жеткізу. Аяқ ұштарын түзеу көбінесе оң қапталдағы әскери қызметшіге байланысты. Сондықтан бөлімше командирі бірінші кезекте осыған назар аударуы тиіс. Оң қапталдағының аяқ ұштары маңдайшеп сызығын көрсетуі керек. Бастапқы жаттығу үшін бөлімшені арнайы жасақталған алаңшаға жайылма сапқа тұрғызу керек немесе өздері, яғни курсанттар жерге түзу сызық жүргізеді.

Аяқ ұштарының дұрыс емес қалпын бөлімше командирі пәрмен беру арқылы түзейді, мәселен: «Студент Әлімов. Аяқ ұштары алға», «Студент Арынов. Сол аяқтың ұшы артқа» және т.б.

Сапқа тұру кезіндегі дененің қалпы және түзелуі саптың тұрыс күйінде болуы тиіс. Аяқ киім ұштарының бір сызықта болуы барысында әскери қызметшілер бастарын түзету жағына қарай бұрып, төртінші адамның кеудесін көретіндей болуы тиіс. Бұл орайда, басты еңкейтуге, иекті алға қарай созуға болмайды.

Басты бұруды оқыту үшін, аяқ пен дене қалпын өзгертпестен, басты түзету жағына қарай бұрады және бұл кезде оң құлақ сол құлақтан жоғары болуы керек, ал сол жаққа бұрған кезде – керісінше болады.

Жаттығу барысында бөлімше командирі қателіктерді түзеу үшін мынадай пәрмен беруі мүмкін, мәселен: «Студент Өтенев. Кеудені алға ұста», «Студент Әйтенев. Иекті жоғары көтер» және т.б.

Бөлімшені орнында түзету қажеттілігі туындағанда, «ТҮЗЕЛ» немесе «Солға – ТҮЗЕЛ» пәрмендері берілуі тиіс.

«ТҮЗЕЛ» пәрмені бойынша оң жақ шетте тұрғаннан басқасының барлығы бастарын оңға бұрады (оң құлақ сол құлақтан жоғары, иекті көтерген дұрыс) және әрқайсысы өзінен бастап төртінші адамның кеудесін көретіндей түзуленеді.

«Солға – ТҮЗЕЛ» пәрмені бойынша сол жақ шеттегінен басқасының барлығы бастарын солға бұрып (сол құлақ оң құлақтан жоғары ұстап, иекті көтерген жөн).

Түзулену кезінде әскери қызметшілер немесе студенттер біршама алға, артқа немесе жан-жағына қозғала алады.

«ЕРКІН ТҮР» пәрмені бойынша және «жинақ-ТАЛ» пәрменімен орнында тұрған студенттер тиісті әрекеттер жасауы тиіс.

«Бөлімше – ТАРА» пәрменімен студенттер саптан шығады. Бөлімшенің жиналуы үшін «Бөлімше - МАҒАН КЕЛ» пәрмені беріледі де, әскери қызметшілер немесе студенттер оқытушыға жиналады және оның қосымша пәрмені бойынша сапқа тұрады.

*Бөлімшенің жазылуы мен сығылуы.* Бөлімшені бір қатарлы жайылма сапқа тұрғызып, бөлімше командирі практикада әскери қызметшілердің саптағы арақашықтығын жиі ұлғайту керектігін түсіндіреді, мәселен қарумен саптық тәсілдерді оқыту кезінде, еңбектеу және жүгіру, сондай-ақ таңғы байқау кезінде және т.б. Бұл үшін Жарғыда жазылу мен сығылу қарастырылған.

Бөлімшені бір немесе оданда көп адымға жазылуы үшін мынадай пәрмен беріледі «Бөлімше, оңға (солға, ортадан), жа-ЗЫЛ» немесе «Бөлімше, оңға (солға, ортадан), мыншама адымға жа-ЗЫЛ (жүгіріспен, жазыл)». Егер пәрменде ара-қашықтық айтылмаса, онда жазылу бір адымға орындалады.

Ортадан жазылу үшін пәрменде, кім ортаңғы екені айтылады. Ортаңғы атанған әскери қызметші, өз тегін ести сала, жауап береді. «Мен» деп, сол қолды алға созып сол мезетте оны түсіреді.

Орнында тұрып жазылуды оқыту үш есепке бөлім бойынша бастаған жөн. Мұндағы, «Жаса – БІР» есебі бойынша артта тұрған аяқты көрсетілген жаққа бұрылу керек.


Келесі «Жаса – ЕКІ» есебі бойынша артта тұрған аяқты қосып, бір мезетте басты саптың маңдайшебі жағына бұру керек. Бас иық арқылы артта тұрған әскери қызметшіні көре алатындай етіп бұрылуы, сондай-ақ дене саптың тұрыстағыдай қалыпты күйде болуы қажет. Келесі «Жаса – ҮШ» есебі бойынша шапшаң жартылай адыммен (жүгіріспен) иық арқылы артта келе жатқанға қарай келе жүру керек, арттағы келе жатқан тоқтағаннан кейін тағы бір адым немесе пәрменде айтылған адым жасайды және тоқтап бұрылады.

Бөлімшені сығылу үшін оқыту мақсатты түрде жазылу мен бірге жүргізіледі. Бөлімше сығылу үшін мынадай пәрмен беріледі: «Бөлімше, оңға (солға, ортаға), сы-ҒЫЛ». Тәсіл бөлім бойынша екі есепке орындалады. Мұндағы, «Жаса – БІР» есебі бойынша барлық әскери қызметшілердің барлығы, сығылу тағайындалғанды қоспағанда сығылу жағына қарай бұрылады. Келесі «Жаса – ЕКІ» есебі бойынша шапшаң жарты адыммен (жүгіріспен) сығылған сап үшін белгіленген ара-қашықтыққа келеді және өз алдына

тоқтап оңға (солға) бұрылады және саптық тұрысты қабылдайды.

Жазылумен сығылуды оқыту барысында студенттермен мынадай кемшіліктер жіберілуі мүмкін: бір мезетте аяқты қойып, бастарын бұрады, алдағы келе жатқан артта жүріп келе жатқандардан белгіленген ара-қашықтықтан әлде қайда озып кетеді, қолдардың қозғалысын келтірмейді.

Жазылудан кейін студенттер бір сызықта болуы тиіс, яғни сығылған саптағы секілді. Сондықтан оларды түзелуге жаттықтырған жөн. Әлбетте, ол үшін «Түзел» пәрмені беріледі. Орнында тұрып осы тәсілдер жаттықтырылғаннан кейін, қозғалыста жазылу және сығылу қиындықтар келтірмейді.



20-сурет Бөлімшенің жазылуы.

Ал, бөлімше орнында жазылу үшін «Бөлімше, оңға (солға, ортадан) мыншама адымға жа-ЗЫЛУ» пәрмені беріледі. Орындалатын пәрмен бойынша, жазылу басталатыннан басқа барлық білімгерлерге көрсетілген жаққа қарай бұрылады, бір мезгілде аяқтарын қоя отырып бастарын саптың маңдайшебі жағына бұрады және артта келе жатқанның иығы арқылы қарап және одан көз

айырмастан жиленген жартылай адыммен (жүгіріп) жүреді, соңғы адам тоқтағаннан кейін пәрмен бойынша қанша адым айтылды, сонша адым жасайды және оңға (солға) бұрылуы мүмкін.

Бөлімшені орнында сығылу үшін «Бөлімше, оңға (солға, ортаға) сы-ҒЫЛ» (жүгіріп сығыл) пәрмені беріледі. Орындалатын пәрменге сәйкес сығылу тағайындалғаннан басқа барлық студенттер сығылу жасалатын жаққа бұрылып, жиленген жартылай адыммен (жүгіріп) сығылған сап үшін белгіленген аралыққа келе бастайды.

Бөлімшенің қозғалуы үшін: «Бөлімше, қарубау-ҒА (иық-ҚА)», «Адым (саптық адыммен, жүгіре) - БАС» командалары беріледі екен. Мұндайда, қажет болса пәрменмен қозғалыстың бағыты және түзелу жағы көрсетіледі.

Мысалы: «Бөлімше, қарубау-ҒА (иық-ҚА)», «Мынадай бір затқа, «Адым (саптық адыммен, жүгіре) - БАС» пәрменіне сәйкес барлық әскери қызметшілер бір мезгілде сол аяқтарымен түзулікті және аралықты, сондай-ақ арақашықтықты сақтай отырып қозғалысты бастайды.

Егер, түзулену жағы көрсетілмесе, түзулену оң жақ қапталға қарай басты бұрмай көз қараспен жүрген дұрыс. Тиісінше, бөлімшені тоқтату үшін «Бөлімше - ТОҚТА» пәрмені айтылады.

Әскери қызметшіде немесе студентте қарудың бірнеше түрі болған кезде және олардың біреуін басқа күйге ауыстыру қажеттілігі туындағанда пәрменде, әлбетте сол қарудың аты аталады.

Мысалы: «Автоматтарды кеуде-ҒЕ», «Оқшашарларды қарубау-ҒА», «Қарабиндерді иық-ҚА».

*Бөлімшені бір қатардан екі қатарға және қайта тұрғызу.*

Бөлімшені бір қатардан екі қатарға қайта тұрғызу үшін алдын-ала бірінші мен екіншіге санау жүргізіледі. Бөлімше командирі санау бойынша қимылдардың орындалуын түсіндіреді. Осыған орай, ол номері аталғанның бірдестен басының бұрылуына және бастың бастапқы қалпына тез келуіне баса назар аударады.

Санау бойынша жаттықтырғаннан кейін бөлімше командирі бір қатардан екіге өтуге оқытуға кіріседі. Бұл тәсілді үйретуді үш есепке жүргізген жөн. Алғашқыда, бөлімше командирі студенттердің біреуін өзінің оң жағына тұруына бұйрық береді және екінші номерлердегінің екі қатарға қайта тұру кезіндегі қимылдарын көрсетеді. Сонан соң бөлімше командирі бөлім бойынша қайта тұруға пәрмен береді.


Мұндағы «Жаса – БІР» есебі бойынша бірінші нөмерлілер оң аяқты қозғалтпастан, сол аяқпен адым жасайды. Келесі «Жаса – ЕКІ» оң аяқты қысқа жолмен шетке адым жасап шығарады. Келесі «Жаса – ҮШ» есебі бойынша сол аяқты оң аяққа тақап саптық тұрыс күйін қабылдап отырады.

Екінші нөмірлінің бір қатардан екіге қайта тұру кезіндегі қимылдарын көрсеткеннен кейін, бөлімше командирі екінші нөмірлінің екі қатардан бір қатарға қайта тұру кезіндегі кері қимылдарын көрсетеді. Осыған орай, бөлімше командирі тығыз екі қатарлы саптан бір қатарлы сапқа орнында қайта тұруы үшін алдын-ала бөлімше бір адымға сиренкірейтінін ескертеді.

Екі қатардан бір қатарлы сапқа қайта тұру үшін де үш есепке орындаған жөн. Яғни, «Жаса – БІР» есебі бойынша сол аяқпен солға адым жасайды. Келесі «Жаса – ЕКІ» есебі бойынша оң аяқты тақамастан оны қысқа жолмен алға шығарып, бірінші нөмірлінің сызығына қояды. Келесі «Жаса – ҮШ» есебі бойынша сол аяқты оң аяққа тақайды.

Көрсеткен соң, бөлімше командирі қайта тұруға жаттықтырады.

Бөлімшені бір қатардан екіншіге және керісінше қайта тұрғызу қимылдарға үйрету кезінде, екі жағдайда қолдармен қозғалыс жүргізілмейтінін есте ұстаған жөн. Екі қатарға қайта тұрғызғаннан кейін бөлімшенің түзелуі кезінде, қатарлар арасындағы ара-қашықтық



*21-сурет бөлімшенің бір қатардан екі қатарға қайта тұруы.*

Бөлімше бір қатардан екі қатарға қайта сапқа тұру үшін алдын-ала «Бөлімше, бірінші және екіншіге – САНАЛ» пәрменіне сәйкес бірінші және екінші болып санау жүргізіледі. Осы пәрмен бойынша оң жақ қапталдан бастап әрбір әскери қызметші немесе студент кезек бойынша жылдам оның сол жағында тұрған студентке қарай басын бұрып өзінің нөмірін айтады, сонымен қатар басын тез тік ұстайды, сол жақ қапталдағы бұрмауы тиіс.

Сондай-ақ жалпы нөмірлеу бойынша санау жүргізіледі, ол үшін «Бөлімше, ретімен – САНАЛ» пәрмені беріледі.

Екі қатарлы сапта екінші қатардың сол жақ шетіндегі тұрған сапты санау аяқталғаннан кейін «ТОЛЫҚ» немесе «ТОЛЫҚ ЕМЕС» деп баяндайды.

Бөлімшенің өз орнында бір қатардан екі қатарға қайтадан сапқа тұруы «Бөлімше, екі қатарға – САПҚА ТҰР» пәрменіне сәйкес жүргізіледі.

Орындалатын пәрмен бойынша екінші нөмірдегілер сол аяқтан бастап, оң аяғын қоймастан бірінші нөмірдің ту сыртында тұру үшін оңға бір адым жасайды және сол аяғын қояды.

Бөлімшенің өз орнында екі қатарлы тығыз саптан бір қатарлы сапқа тұруы үшін бөлімше алдын ала бір адымға сиренкірейді, содан кейін «Бөлімше бір қатарға – САПҚА ТҰР» пәрмені беріледі.

Орындалатын пәрмен бойынша екінші нөмірдегілер сол аяғымен солға қарай бір адым жасап, оң аяғын қоймастан алға бір адым жасап, сол аяғын қойып біріншілердің сызығынашығады.

Бөлімше командирі саптық қалыпты қабылдап және команда беріп саптың маңдайшеп жағына қарап тұрады; бөлімше штатқа сәйкес командирден солға қарай сапқа тұрғызылады.

Сапқа тұрғызу басталғанда бөлімше командирі саптан шығады және бөлімшенің сапқа тұруын қадағалайды.

Бөлімшені орнында түзету қажет болған кезде «ТҮЗЕЛ» немесе «Солға - ТҮЗЕЛ» командасы беріледі.

«ТҮЗЕЛ» командасы бойынша оң жақ қапталда тұрғаннан басқасының барлығы басын оңға бұрады және түзеледі. «Солға – ТҮЗЕЛ» командасы бойынша сол жақ қапталда тұрғаннан басқасының барлығы басын солға бұрады.

Түзелу кезінде әскери қызметшілер біршама алға, артқа немесе жан-жағына қозғала алады.

«Аяққа» күйіндегі карабиндермен (оқшашарлармен) түзелу кезінде одан басқа, орындалатын команда бойынша сүңгі (ұңғы жағы) өзіне қарай тартылады және оң бүйірге қысып ұсталады.

Түзелу аяқталғаннан кейін «ТІК ТҰР» командасы беріледі, ол бойынша барлық әскери қызметші басын жылдам тік ұстайды, ал карабиндер (оқшашарлар) бұрынғы күйге келтіріледі.

Бөлімше артқа бұрылып түзелген кезде командада түзелу жағы көрсетіледі. Мысалы: «Оңға (солға) - ТҮЗЕЛ». «ЕРКІН ТҰР» командасы бойынша және «РЕТТЕЛ» командасы бойынша орнында тұрған әскери қызметшілер әрекет жасауы тиіс. «Бөлімше - ТАРА» командасы бойынша әскери қызметшілер саптан шығады. Бөлімшені жинау үшін «Бөлімше - МАҒАН КЕЛ» командасы беріледі, ол бойынша әскери қызметшілер командир жанына жүгіре жиналады және оның қосымша командасы бойынша сапқа тұрғызылады.

Бөлімшенің бұрылыс жасауы командалар мен ережелер бойынша түзелуді сақтай отырып, барлық әскери қызметшілер бір уақытта орындайды. Екі қатарлы саптағы бөлімше оңға (солға) бұрылыс жасағаннан кейін бөлімше командирі оңға (солға) жарты адым, ал артқа бұрылыс жасаған кезде - алға бір адым жасайды. Бөлімше орнында жазылу үшін «Бөлімше оңға (солға, ортадан) осынша адымға алшақ-ТА (жүгіре, алшақ-ТА)» командасы беріледі.

Орындалатын команда бойынша, жазылуды жүргізу басталатыннан басқа, барлық әскери қызметшілер көрсетілген жаққа қарай бұрылады, аяқтарын қоюмен бір уақытта басын саптың маңдайшебі жағына бұрады және артта келе жатқанға иығы арқылы қарап және одан көз айырмастан, жиіленген жарты адыммен (жүгіріп) жүреді; артта келе жатқан адам тоқтағаннан кейін әр қайсысы

командада көрсетілгендей осынша адым жасайды және солға (оңға) бұрылады.

Ортадан жазылған кезде ортадағы адам көрсетіледі. Ортадағы болып аталған әскери қызметші өз тегін естігеннен кейін «Мен» деп жауап береді, сол қолын алға созады және оны төмен түсіреді.

Бөлімше түзелген кезде жазылу кезінде белгіленген аралық сақталады. Бөлімшені орнында жинақтау үшін «Бөлімше, оңға (солға, ортаға). жинақ-ТАЛ (жүгіре, жинақ-ТАЛ)» командасы беріледі.

Орындалатын команда бойынша жинақталу тағайындалғаннан басқа барлық әскери қызметші жиналатын жаққа қарай бұрылады, одан кейін жиіленген жарты адыммен (жүгіре) жиналған сап үшін белгіленген аралыққа келеді және келгеннен кейін өз бетінше тоқтайды және солға (оңға) бұрылады. Бөлімшенің қозғалуы үшін: «Бөлімше, қарубау-ҒА (иық-ҚА)», «Адым (саптық адыммен, жүгіре) - БАС» командалары беріледі. Егер қажет болса, командада қозғалыс бағыты мен түзелу жағы көрсетіледі.

Мысалы: «Бөлімше, қарубау-ҒА (иық-ҚА)», «Саптық алаң бағытына назар оңға (солға), адым (саптық адыммен, жүгіре) - БАС».

«БАС» командасы бойынша барлық әскери қызметші назарды және аралық пен арақашықтықты сақтай отырып, сол аяқтан қозғалысты бір уақытта бастайды. Егер назар жағы көрсетілмесе, назар оң жақ қапталға қарай басты бұрмай көзқараспен жүргізіледі. Бөлімшені тоқтату үшін «Бөлімше - ТОҚТА» командасы беріледі.

Әскери қызметшілерде қарудың әр түрлі түрі болған кезде және олардың біреуін басқа күйге ауыстыру қажет болған кезде командада осы қарудың атауы көрсетіледі. Мысалы: «Автоматтарды кеуде-ГЕ», «Оқшашарларды

қарубау-ҒА», «Карабиндерді, иық-ҚА». Сапта тұрып орнында шетке қарай бірнеше адымға орын ауыстыру үшін «Бөлімше, оң-ҒА (сол-ҒА)», ал сап бұрылғаннан кейін - «Бес адым алға, адым - БАС» командалары беріледі.

Әскери қызметшілер қажетті адым санын жасағаннан кейін бөлімше «Сол-ҒА (оң-ҒА)» командасы бойынша бастапқы күйге бұрылады. Аяқ алысты ретсіз алып жүру қажет болған кезде «Ретсіз - АДЫМДА», ал аяқ алысты ретпен алып жүру үшін «Ретпен - АДЫМДА» командасы беріледі (ретпен жүру бағыттаушы бойынша немесе командирдің санауы бойынша жүзеге асырылады).

Қозғалыс бағытын орнынан иықпен еніп өзгерту үшін «Бөлімше, оң (сол) иық алға, адым - БАС», жүру кезінде - «Бөлімше, оң (сол) иық алға - АДЫМДА» командасы беріледі.

Осы команда бойынша бөлімше оң (сол) иықпен алға енуді бастайды: еніп келе жатқан қапталдың шеткі адамы басын маңдайшеп бойына бұрып, өзінің қозғалысын қалғандарын қозғалмайтын қапталға ығыстырмайтындай етіп толық адыммен жүреді; қозғалмайтын қапталдың шеткі адамы орнында адымдайды және біртіндеп енетін қапталдың қозғалысымен үйлесе отырып, солға (оңға) бұрылады; қалғандары енетін қапталға қарап, маңдайшеп бойынша түзелуді сақтай отырып (басын бұрмай) және қозғалмайтын қаптал жағында тұрған жанындағының шынтағын сезе отырып, олар қозғалмайтын қапталға жақындаған сайын шағын адым жасайды.

Бөлімше қажеттілігіне қарай бұрылғанда «ТУРА» немесе «Бөлімше - ТОҚТА» командасы беріледі.

Бөлімшені бір қатардан екіге қайта сапқа тұрғызу үшін алдын ала «Бөлімше, бірінші-екіншіге - САНАЛ» командасы бойынша бірінші және екіншіге санау жүргізіледі.

Осы команда бойынша әрбір әскери қызметші оң қапталдан бастап кезек бойынша жылдам өзінің сол жағында тұрған әскери қызметшіге басын бұра отырып, өз нөмірін атайды және жылдам басын тік қаратады; сол жақ қапталдағы басын бұрмайды.

Жалпы нөмірлеу бойынша есеп те осылай жүргізіледі, ол үшін «Бөлімше, ретпен - САНАЛ» командасы беріледі. Екі қатарлы сапта екінші қатардың сол жақ қапталындағы адам жалпы нөмірлеу бойынша саптың есебі аяқталғаннан кейін: «Толық» немесе «Толық емес» деп баяндайды. Бөлімшені орнында бір қатардан екіге сапқа қайта тұрғызу «Бөлімше, екі қатарға - САПҚА ТҰР» командасы бойынша жүргізіледі.

Орындалатын команда бойынша екінші нөмірлер бірінші нөмірлердің ту сыртына тұру үшін сол аяғымен артқа адым жасайды, оң аяғын жерге қоймастан, оң жаққа адым жасап, сол аяғын жерге қояды.

Егер бөлімшенің сол қапталында бір қатарлы сапта бірінші нөмірлі әскери қызметші тұрса, онда екі қатарға қайта тұрғызу кезінде оның оң жағында тұрған екінші нөмірлі әскери қызметші оң аяғымен артқа бір адым жасайды, сол қапталдағы бірінші нөмірлі әскери қызметшінің ту сыртына тұру үшін сол аяғын жерге қоймастан, сол жаққа адым жасап, оң аяғын қояды.

Бөлімшені орнында екі қатарлы жинақталған саптан бір қатарлы сапқа қайта тұрғызу үшін бөлімше алдын ала бір адымға алшақтайды, содан кейін «Бөлімше, бір қатарға - САПҚА ТҰР» командасы беріледі.

Орындалатын команда бойынша екінші нөмірлер сол аяғымен сол жаққа бір адым жасайды, оң аяғын қоймастан, бір адым алға жасайды және сол аяғын жерге қоя отырып, біріншілердің қатарына шығады.

Егер бөлімшенің екі қатарлы сабындағы соңғы қатар толық болмаса, онда бір қатарлы сапқа қайта тұрғызу кезінде соңғы қатарда тұрған екінші нөмірлі әскери қызметші оң аяғымен оң жаққа бір адым жасайды, сол аяғын жерге қоймастан, алға бір адым жасап, оң аяғын жерге қояды.

*Бөлімшенің жорықтық сабы*

Бөлімшенің жорықтық сабы бір лекті немесе екі лекті болуы мүмкін.

Бөлімшені орнында бір (екі) лекті сапқа тұрғызу «Бөлімше, бір (екі) лекке - САПҚА ТҰР» командасы бойынша жүргізіледі. Бөлімше командирі саптық қалыпты қабылдап және команда бере отырып қозғалыс бағытына қарап тұрады, ал бөлімше штатқа сәйкес сапқа тұрады.

Бөлімшені өрістетілген саптан лекке қайта сапқа тұрғызу «Бөлімше, оң-ҒА» командасы бойынша бөлімшенің оңға бұрылуымен жүргізіледі. Екі қатарлы саптың бұрылуы кезінде бөлімше командирі оңға жарты адым жасайды.

Бөлімшені лектен өрістетілген сапқа қайта сапқа тұрғызу «Бөлімше, сол-ҒА» командасы бойынша бөлімшенің солға бұрылуымен жүргізіледі. Екі лекті бөлімшенің бұрылуы кезінде бөлімшенің командирі алға жарты адым жасап тұрады.

Бөлімшені бір лектен екі лекке қайта сапқа тұрғызу «Бөлімше, екі лекпен адым - БАС» (жүру кезінде - «АДЫМДА») командасы бойынша жүргізіледі.

Орындалатын команда бойынша бөлімше командирі (бағыттаушы) жарты адыммен жүреді, екінші нөмірлер оңға шығып, адым ырғағымен лектегі өз орнына тұрады; бөлімше «ТУРА» немесе «Бөлімше - ТОҚТА» командасына дейін жарты адыммен қозғалады.

Бөлімшені екі лектен бір лекке қайта сапқа тұрғызу «Бөлімше, бір лекпен, адым-БАС» (жүру кезінде - «АДЫМДА») командасы бойынша орындалады.

Орындалатын команда бойынша бөлімше командирі (бағыттаушы) толық адыммен, ал қалғандары - жарты адыммен жүреді; орынның босауына қарай екінші нөмірлер адым ырғағымен бірінші тұрғанның ту сыртына енеді және толық адыммен қозғалысты жалғастырады.

Лектің қозғалыс бағытын өзгерту үшін мынадай командалар беріледі: «Бөлімше, оң (сол) иық алға, адым-ДА», бағыттаушы «ТУРА» командасына дейін солға (оңға) бұрылады, қалғандары оның соңынан жүреді; «Бөлімше, менің соңымнан, адым-ДА (жүгіре - БАС)», бөлімше командирдің соңынан жүреді.

*Бөлімшенің әскери сәлемдесуді саптағы орнында және қозғалыста орындау .*

Саптағы орнында әскери сәлемдесуді орындау үшін бастық 10-15 адымға жақындағанда, бөлімше командирі «Бөлімше, ТІК ТҰР, назар ОҢҒА (СОЛҒА, ОРТАҒА)» командасын береді.

Бөлімшенің әскери қызметшілері саптық қалыпты қабылдайды, бір уақытта басын оңға (солға) бұрады және бастықты, оның соңынан басын бұра отырып, көз қиығымен шығарып салады.

Бастық саптың тыл жағынан келген кезде бөлімше командирі бөлімшені артқа бұрады, ал одан кейін әскери сәлемдесуді орындау үшін команда беріледі. Бөлімше командирі әскери сәлемдесуді орындау үшін команда беріп (егер ол қарусыз немесе «арқаға» күйіндегі қарумен болса, қолын бас киіміне апарады; егер ол «иыққа», «қарубауға» немесе «кеудеге» күйіндегі қарумен болса, қаруы жоқ қолымен қозғалысты жалғастыра отырып, іс-қимыл

жасайды), бастыққа саптық адыммен келеді; оған екі-үш адым қалғанда тоқтайды және баяндайды.

Мысалы: «Лейтенант мырза. Екінші бөлімше сабақ кестесіне сәйкес айналысып жатыр. Бөлімше командирі сержант Алиханов». Сәлем берілетін бастық әскери сәлемдесуді орындау үшін команда берілгеннен кейін қолын бас киіміне апарды.

Бөлімше командирі баяндап болғаннан кейін қолын бас киімінен түсірмей оңға (солға) бұрылумен бір уақытта сол (оң) аяқпен шетке қарай *бір адым жасайды және бастықты өткізіп жіберіп, оның соңынан бір-екі* адым артта және саптың сыртқы жағынан жүреді.

Бастық өтіп кеткеннен кейін немесе «Еркін тұр» командасы бойынша бөлімше командирі «ЕРКІН ТҰР» командасын береді және қолын түсіреді.

Саптағы қозғалыста әскери сәлемдесуді орындау үшін бастыққа дейін 10-15 адым қалғанда бөлімше командирі «Бөлімше, ТІК ЖҰР, назар оң-ҒА (сол-ҒА)» командасын береді. «ТІК ЖҰР» командасы бойынша барлық әскери қызметші саптық адымға көшеді, ал «Назар оң-ҒА (сол-ҒА)» командасы бойынша бір уақытта бастық жаққа басын бұрады және қолдарымен немесе қару ұстамаған қолымен қозғалыс жасауды тоқтатады. «Иыққа» күйіндегі карабинмен қозғалыста қару ұстамаған қолмен қозғалыс жасау тоқтатылмайды. Бөлімше командирі, егер ол қарусыз болса немесе «арқаға» күйіндегі қарумен болса, басын бұра отырып қолын бас киіміне апарды.

Бастықтың жанынан өткеннен кейін немесе «Еркін жүр» командасы бойынша бөлімше командирі «ЕРКІН ЖҰР» командасын береді және қолын төмен түсіреді.

Бастық сәлемдескенде немесе алғыс жариялаған кезде әскери қызметшілер көтеріңкі, анық, үйлесімді жауап береді. Қозғалыста барлық әскери қызметші сол аяқтарын

жерге қоя отырып, кейінгі сөздерді әрбір адыммен айтып жауап беруді бастайды.

### ***5.2. Взводтың саптары. Өрістетілген сап.***

*Взводтың саптары.* Взводтың сапқа тұруы кезінде, бөлімше командирлері өз бөлімшелеріне сапқа тұруларына пәрмен бермейді. Жеке құрам саптағы өз орындарында взводтың командирі берген пәрмен бойынша тұрады. Бастапқыда бөлімше командирлеріне өз орындарынан қарамағындағылардың іс-қимылдарына қадағалауға және кемшіліктерді түзеуге рұқсат беруге болады.

Жеке құрам бір қатарлы сапқа тұрудан жеткілікті жаттығу алғаннан кейін, взводтың командирі взводты екі қатарлы сапқа тұруды үйретуге кіріседі.

Мұнда «Взвод, екі қатарға - САПТАН» пәрмені бойынша бөлімше взвод командирінен солға таман, әрқайсысы – екі қатарға орналасады. Бөлімшелердің ара қашықтығы, жанында тұрған екі әскери қызметшінің арасындай алақан көлемінде болады. Қатарда студенттер (артқы қатардағылар) бірінші қатарда тұрғандардың ту сыртында болуы керек.

Екінші қатардағы әскери қызметшілердің аяқ киім ұштары да бір сызықта болуға тиісті.

*Екі қатарлы саптағы взвод.* Взводты екі қатарға тұрғызып, әр әскери қызметшінің саптағы орнын ескертіп взвод командирі жаттығуға кіріседі. Жаттығудың басында взводтың командирі студенттер сапта өз орындарына дұрыс ара-қашықтық сақтай отырып тұруларына және керексіз қимылдар жасамауын, аяқ киім ұштарын түзеу үшін бастарының еңкеймеуін талап етуі қажет. Сонан соң сапқа тұру жылдамдығы өсе түседі. Жаттығу студенттер тез, әрі дұрыс орындағанда ғана тоқтатылуы керек.

Взвод командирі немесе әскери оқытушы саптық тұрысты қабылдап және пәрменді беріп взводтың саптың маңдай шебі жағына бетін бұрады, сонан соң бөлімшелер әскери оқытушыдан солға қарай екі қатарлы сапқа тұрады. Мұнда, айта кететін мәселе, яғни әрбір бөлімшенің соңғы қатары толық болу қажетін білу шарт.

Бөлімшелердің сапқа тұруы басталысымен взводтың оқытушысы саптан шығады және қарамағындағыларының әрекеттерін бақылайды. Төрт және үш адамы бар бөлімшелерден тұратын взвод екі қатарлы сапқа тұруы тиіс.

Взводтың жайылма саптағы түзуленуі, бұрылуы, қайта сапқа тұруы және басқа да әрекеттері бөлімшелерге арналған ережелер және пәрмендер бойынша орындалады. Осыған сәйкес взводтың бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа керісінше қайта тұруы Жарғының ережелеріне қатысты жүзеге асырылады. Взводтың бөлімшелеріндегі бірінші екіншіге санау кезінде бөлімшелердің командирлері санаққа кірмейтінін ескерген абзал.

Взвод командирі оқу мен жаттығу уақытында пәрмен беруге және басқалардың іс-қимыл әрекеттерін бақылауға өзіне ыңғайлы жерде тұруына болады. Бар болғаны студенттер немесе әскери қызметшілер оны көре алатындай болуы керек.

*Жайылма саптар.* Взводты жайылма сапқа үйрету үшін алдымен бір қатарлы сапқа тұрғызудан бастаған жөн. Взводтың командирі немесе әскери оқытушы саптық тұрысқа байланысты Саптық жарғыдағы талаптарды түсіндіріп, әр бөлімшенің өз орнын көрсетеді.

Взводтың жайылма сабы бір немесе екі қатарлы болуы ғажап емес. Взводтың жайылма сапқа тұруы «Взвод, бір қатарға (екі қатарға) – САПТАН» пәрменіне байланысты жүзеге асырылады. Осы пәрмен бойынша взвод командирінің жағына таман бір қатарға бірінші бөлімше,

одан солға таман – екінші және сол қапталда – үшінші бөлімше орналасады, взвод командирінің орынбасары взводтың сол қапталында тұрады.

Бұл орайда, барлықтарында аяқ киім ұштары бір сызықта, ал дененің қалпы саптық тұрыстағыдай болуы керек. Взводтың жеке құрамы осы талаптарды бірінші бөлімше Жарғының барлық талаптарын сақтай отырып тұрғанда ғана орындай алады. Сондықтан, взводтың командирі бірінші кезекте бірінші дұрыс тұруын талап етеді, сонан соң барып – екінші және үшіншіге кезек келеді.

Жаттығудың басында взводты алаңда белгіленген сызықтың бойында бірнеше рет тұрғызуға болады. Дегенмен, жеке құрам жабдықталмаған орындарда дұрыс сапқа тұра алатындай жаттықтырылуы қажет.

Взводтың сапқа тұруы кезінде, бөлімше командирлері өз бөлімшелеріне сапқа тұруларына пәрмен бермейді. Жеке құрам саптағы өз орындарында взводтың командирі берген пәрмен бойынша тұрады. Бастапқыда бөлімше командирлеріне өз орындарынан қарамағындағылардың іс-қимылдарына қадағалауға және кемшіліктерді түзеуге рұқсат беруге болады.

Жеке құрам бір қатарлы сапқа тұрудан жеткілікті жаттығу алғаннан кейін, взводтың командирі взводты екі қатарлы сапқа тұруды үйретуге кіріседі.

Мұнда «Взвод, екі қатарға - САПТАН» пәрмені бойынша бөлімше взвод командирінен солға таман, әрқайсысы – екі қатарға орналасады. Бөлімшелердің ара қашықтығы, жанында тұрған екі әскери қызметшінің арасындай алақан көлемінде болады. Қатарда студенттер (артқы қатардағылар) бірінші қатарда тұрғандардың ту сыртында болуы керек.

Екінші қатардағы әскери қызметшілердің аяқ киім ұштары да бір сызықта болуы тиіс. Бөлімшелерге екі қатарлы

сапта әр бөлімшенің соңғы қатары толық болу керектігін ескерту керек.

Взводты екі қатарға тұрғызып, әр әскери қызметшінің саптағы орнын ескертіп взвод командирі жаттығуға кіріседі. Жаттығудың басында взводтың командирі студенттер сапта өз орындарына дұрыс ара-қашықтық сақтай отырып тұруларына және керексіз қимылдар жасамауын, аяқ киім ұштарын түзеу үшін бастарының еңкеймеуін талап етуі қажет. Сонан соң сапқа тұру жылдамдығы өсе түседі. Жаттығу студенттер тез, әрі дұрыс орындағанда ғана тоқтатылуы керек.

Бөлімшелерінде төрт немесе үш адамнан тұратын жеке құрамды взводтарға Жарғымен бірнеше басқа екі қатарлы сап қарастырылған.

Мәселен, танк взводында, яғни үш адамы бар үш танктен тұратын екі қатарлы сап көрсетілгендей болады, ал атқыштар взводында, төрт адамға есептелген взводта

Бір мезетте жайылма немесе екі қатарлы сапқа тұруды оқытуды бұрын үйретілген тәсілдерді орындауға келесі ерекшеліктерді ескере отырып жаттықтыру қажет:

а) түзелу, барлығы түзету жағына қарай бір мезетте және тез бастарын бұру керек, студенттер біршама алға артқа немесе шетке қарай қозғала алады, студенттер арасындағы ара-қашықтық жазылған саптағы түзелу барысында өзгертілмейді;

ә) солға немесе оңға бұрылыстарда, бөлімше командирлері оңға немесе солға жартылай адым жасауы тиіс;

б) айналу бұрылыстарында, бөлімше командирлері мен әскери қызметшілер (толық емес қатардан) екінші қатардың сызығына өтуі тиіс;

в) бір қатардан екіге қайта тұруда, барлық бөлімшелерде бір мезетте бірінші мен екінші санау жүргізіледі, бөлімше командирлері есепке кірмейді;

г) взводты сызылған екі қатарлы саптан бір қатарлыға қайта тұрғызуда, алдын-ала взвод бір адымға жазылады, екінші қатардың әскери қызметшілері қайта тұру кезінде қолдардың қозғалысын жасамайды;

ғ) «Қаруды – ҚОЙ» және «Қару» пәрмендерін орындауда, дене еңкейген кезде алдына тік қарау керек, оң аяқтың тізесін бүктеу керек, қарудан шегіну үшін алдын-ала жеке құрамды оңға немесе солға бұрып, алға қозғалысы үшін пәрмен беріледі;

д) жазылу және сығылуда, барлық студенттер жазылу немесе сығылу жағына бұрылуды бір мезетте орындауы керек, сондай-ақ жазылу барысында басты бірдестен бұру керек, қолдың қозғалысы адыммен жүргізіледі;

ж) «Қару БАУДЫ - БОСАТ» пәрменін орындауда, белдікті оң қолмен алған кезде және дененің түзуленуі кезінде, барлық студенттер қимылды бір уақытта атқаруы тиіс.

Егер жаттығу барысында тәсілдерді орындауда көп қателіктер жіберілсе, тәсілді бірнеше рет взвод немесе бөлім бойынша орындауға болады.

*Взводтын жайылма және жорық сабына тұруының және қозғалыс жасауы тәсілдері.*

Взвод командирі немесе әскери оқытушы саптық тұрысты қабылдап және пәрменді беріп взводтың саптың маңдай шебі жағына бетін бұрады, сонан соң бөлімшелер әскери оқытушыдан солға қарай екі қатарлы сапқа тұрады. Мұнда, айта кететін мәселе, яғни әрбір бөлімшенің соңғы қатары толық болу қажетін білу шарт.

Бөлімшелердің сапқа тұруы басталысымен взводтың оқытушысы саптан шығады және қарамағындағыларының

әрекеттерін бақылайды. Төрт және үш адамы бар бөлімшелерден тұратын взвод екі қатарлы сапқа тұруы ләзім.

Взводтың жайылма саптағы түзуленуі, бұрылуы, қайта сапқа тұруы және басқа да әрекеттері бөлімшелерге арналған ережелер және пәрмендер бойынша орындалады. Осыған сәйкес взводтың бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа керісінше қайта тұруы Жарғының ережелеріне қатысты жүзеге асырылады. Взводтың бөлімшелеріндегі бірінші екіншіге санау кезінде бөлімшелердің командирлері санаққа кірмейтінін ескерген абзал.

Взвод командирі оқу мен жаттығу уақытында пәрмен беруге және басқалардың іс-қимыл әрекеттерін бақылауға өзіне ыңғайлы жерде тұруына болады. Бар болғаны студенттер немесе әскери қызметшілер оны көре алатындай болуы керек

*Взводтың қатарлы саптары, лектік, жайылма, жорықтық саптары.*

Взводты жорық сабындағы іс-қимылдарға үйрету үшін, әдеттегідей осы сапты көрсетумен қатар, әр бөлімшенің және әскери қызметшілердің (студенттердің) тиесілі орындарын көрсеткен жөн. Осы мақсатта взводты жайылма бір қатарлы сапқа тұрғызып «оң-ҒА» пәрменін беріп взводты сәйкес бағытқа қарай бұрады. Осыған орай взводтың командирі немесе әскери оқытушы взвод оңға бұрылғаннан кейін біреуден бойынша лекке жорық сабы қалпында болатынын түсіндіреді. Сонан соң взвод командирі екі қатарлы жайылма сапқа тұрғызады және оңға бұрылыспен екеу бойынша лекке жорық сабында тұрғызады. Взвод командирі немесе әскери оқытушы бөлімше командирлеріне бұрылыстан кейін жарты адым оңға бұрылу қажеттілігін айғақтайды.

Жалпы, взводтың жорық сабы үш лекті (төрт бөлімшеден тұратын взводта – төрт лекті), екі лекті немесе үш лекті болуы мүмкін.

Взводтың өз орнында үш (төрт) лек бойынша сапқа тұруы «Взвод, үш (төрт) лек бойынша – САПТАН» пәрмені айтылады.

Студенттер бір лектен бойынша сапқа тұру техникасын игерген соң, взводтың командирі взводтың жорық сабына үшеу бойынша лекке сапқа тұруды көрсетуге (төрт бөлімшеден тұратын, взвод – төртеуден бойынша лекке). Көрсету үшін взводтың командирі бөлімшеге біреуден бойынша лекке тұруды бұйрық етеді.

Сапқа тұрғаннан және түзелуден кейін (бірінші бөлімшенің) одан солға таман екінші бөлімшені тұрғызады, ал екіншіден солға таман үшінші бөлімше орналасады. Осыған орай бөлімшелер арасындағы ара-қашықтық алақан енінің көлеміндей, ал аяқ ұштары бір сызықта, қатарлардың ара-қашықтығы – алда тұрғанның иығына қойылған, яғни созылған қолдың қашықтығындай болады.

Бөлімшелерде әскери қызметшілер бір-бірінің ту сыртында тұруы қажет «Взвод үшеуден бойынша лекке (екеуден, біреуден) – САПТАН» және «ТАРА» пәрменін бере отырып, командир взводты жаттықтырады. Сапқа тұру барысында жеке құрамды түзелуге, бұрылыстарға жаттықтырған жөн.

Бөлімше санымен (адам, саны) төртеу және үш адамы бар взвод жорық сабына екеу бойынша лекке тұрады.

Жеке құрам тез және кідіріссіз сапқа тұруға пәрмендерін орындай алатын жағдайға жетсе взводтың командирі взводты жайылма саптан жорық сабына және керісінше сондай-ақ жорық сабының бір түрінен басқа түріне қайта тұрғызуды оқытуға кіріседі. Қайта тұруды



өзінің алдына екі қатарлы саптағыдай тұруға бұйрық береді. Сонан соң пәрменді бере отырып «Взвод, оң-ҒА», «Бір лекті саппен « адым - БАС»», екеуіде қозғалыс жасайды.

Бұл орайда студент толық адыммен, ал взвод командирі – жартылай адыммен. Осыдан кейін студент алға қарай бір адымға жылжиды, взвод командирі студенттің ту сыртына тұрып, екеуіде толық адыммен қозғалысты жалғастырды.

Бұл тәсілдің орындалуын жаттығуға өтпестен бөлімшелердің біреуіне көрсетуге болады. Бұл орайда, бөлімшенің қайта тұруында реттілік қажет. Бастапқыда бірінші бөлімше бір лекті сапқа тұрады, оның артынан екінші, кейін үшінші бөлімше тұрады. Бөлімшенің қайта тұруы аяқталғаннан кейін бірінші бөлімшенің ту сыртынан қозғалысты жалғастырады.

Взводты бір қатарлы жайылма саптан екі лекті сапқа қайта тұруы. Қайта тұру техникасын взвод командирі дайындалған екі әскери қызметші немесе бөлімшелердің біреуімен жеке жүргізуі мүмкін. Бұл орайда адым - БАС) пәрмені бойынша бірінші тұрған әскери қызметші жартылай адыммен жүреді, ал екінші нөмерлі оңға шығады және адыммен қозғалып біріншінің жанына тұрадыда, «ТУРА» пәрменіне дейін жартылай адыммен қозғалысты жалғастырады.

Взводтың екі қатарлы саптан үш (төрт) лекке қайта сапқа тұрғызу «Взвод, оң-ҒА»; «Қарубау-ҒА (иық-ҚА)», «Үш (төрт) лекпен, адым - БАС» (жүру кезінде - «адым-ДА») командасы бойынша жүргізіледі.

«Адым-ДА» командасы бойынша бірінші бөлімше жүру кезінде бір лекті сапқа қайта тұрып, жарты адыммен жүреді, қалған бөлімше біріншінің сызығына сол жаққа, сондай-ақ бір лекті сапқа тұрып, белгіленген аралыққа шығады, одан кейін взвод командирі «ТУРА» немесе «Взвод - ТОҚТА» командасын береді.

Взводты үш (төрт) лектен екі лекті сапқа қайта тұрғызу «Взвод, екі лекпен, адым - БАС» (жүру кезінде - «адым-ДА») командасы бойынша жүргізіледі.

Взвод үш лекті (төрт) саптан екі қатарлы жайылма сапқа қайта тұру үшін взвод алдын ала екі лекті және одан кейін қайта сапқа тұрады.

Взводты үш лекті саптан жайылма екі қатарлы сапқа қайта тұруы. Қайта тұру тұрғызу «Взвод, екі лекпен, адым - БАС» (жүру кезінде - «адым-ДА») командасы бойынша жүргізіледі. Осы пәрмен бойынша алдын-ала екі лекті сапқа тұрады. Взводтың қайта тұруынан кейін «Взвод - ТОҚТА» және «Взвод, сол-ҒА» (жүріспен – «сол-ға»);

Взводты үш (төрт) лектен бір лекті сапқа қайта тұрғызу «Взвод, бір лекпен, адым - БАС» (жүру кезінде - «адым-ДА») командасы бойынша жүргізіледі.

Осы команда бойынша бірінші бөлімше тура жүреді, қалған бөлімшелер орнында адым жасайды және бөлімшенің лектен кезектесіп шығуына қарай өз командирлерінің «ТУРА» командасы бойынша алдында келе жатқан бөлімшенің ту сыртынан жүріп, қозғалысты толық адыммен бастайды.) Взводты бір лектен үш (төрт) лекті сапқа қайта тұрғызу «Взвод, үш (төрт) лекпен, адым - БАС» (жүру кезінде - «адым-ДА») командасы бойынша жүргізіледі.

Осы команда бойынша бірінші бөлімше орнында адымдайды, қалған бөлімшелер бірінші тұрғанның сызығына шығып, сондай-ақ взвод командирінің «ТУРА» немесе «Взвод - ТОҚТА» командасына дейін орнында адымдайды.

Взводты екі лектен үш (төрт) лекті сапқа қайта тұрғызу «Взвод, үш (төрт) лекпен, адым - БАС» (жүру кезінде - «адым-ДА») командасы бойынша жүргізіледі. Осы пәрмен бойынша бірінші бөлімше жарты адымға қозғалады және бір

лекті сапқа тұрады, екінші және үшінші бөлімше белгіленген қашықтыққа біріншінің сызығына солға шығады, сондай-ақ бір лекті сапқа тұрады. Взвод үш лекті (төрт) сапқа тұрғаннан кейін, взвод командирі «ТУРА» немесе «Взвод – ТОҚТА» пәрменін береді.

Взвод легінің қозғалысын бағытын ауыстыру үшін мынадай пәрмен беріледі: «Взвод, оң (сол) иық алға - АДЫМДА». Осы пәрмен бойынша бастылар (бөлімше командирлері) солға (оңға) «ТУРА» пәрменіне дейін солға шығады, ал қалғандары лек бойынша олардың артынан жүреді; » Взвод, айналып – АДЫМДА». Осы пәрмен бойынша барлық әскери қызметшілер бір мезетте айналып, кері бағытта қозғалыстарын жалғастырады; «Взвод, артымнан – АДЫМДА». Осы пәрмен бойынша взвод командирдің артынан ілеседі.

*Взводтың өрістетілген саптары.* Взводтың өрістетілген сабы бір қатарлы немесе екі қатарлы болады. Взводты өрістетілген сапқа тұрғызу «Взвод, бір қатарға (екі қатарға) - САПТАЛ» командасы бойынша жүргізіледі. Взвод командирі саптық қалыпты қабылдап және команда бере отырып, саптың маңдайшебі жағына қарап тұрады; бөлімше командирден солға қарай сапқа тұрады. Екі қатарлы сапта әрбір бөлімшенің соңғы қатары толық болуы тиіс.

Бөлімшелерді сапқа тұрғызу басталғанда взвод командирі саптан шығады және бағынысындағылардың әрекетін бақылайды. Төрт және үш адамы бар бөлімше санынан тұратын взвод екі қатарлы сапқа тұрғызылады.

Взводтың өрістетілген саптағы түзелуі, бұрылуы, қайта сапқа тұрғызылуы және басқа да әрекеттері бөлімше үшін көрсетілген ережелер мен командалар бойынша

орындалады. Взводты бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа немесе керісінше қайта сапқа тұрғызылады.

Взводтың бөлімшелерінде бірінші және екіншіге санау кезінде бөлімше командирлері санауға кірмейді.

*Взводтың жорықтық сабы*

Взводтың жорықтық сабы үш лекті (төрт бөлімшеден тұратын взводта - төрт лекті), екі лекті немесе бір лекті болуы мүмкін. Взводты орнында үш (төрт) лекті сапқа тұрғызу «Взвод, үш (төрт) лекке - САПТАН» командасы бойынша жүргізіледі. Осы команда бойынша бөлімше жылдам сапқа тұрады. Взводты өрістетілген бір қатарлы саптан бір лекке (екі қатарлы саптан екі лекке) қайта сапқа тұрғызу взводты оңға бұрумен жүргізіледі.

Взводты өрістетілген екі қатарлы саптан бір лекке (бір қатарлы саптан екі лекке) қайта сапқа тұрғызу «Взвод, оң-ҒА»; «Қарубау-ҒА (иық-ҚА)», «Бір (екі) лекпен, адым - БАС» (жүру кезінде - «адым-ДА») командасы бойынша жүргізіледі.»Адымда» командасы бойынша бірінші бөлімше жүру кезінде бір лекке қайта сапқа тұрғызылып қалған бөлімшелер бір (екі) лекке біртіндеп қайта сапқа тұра отырып, бірінші бөлімшенің ту сыртынан бірінің артынан бірі жүріп ілеседі.

Взводты өрістетілген екі қатарлы саптан үш (төрт) лекке қайта сапқа тұрғызу «Взвод, оң-ҒА»; «Қарубау-ҒА (иық-ҚА)», «Үш (төрт) лекпен, адым - БАС» (жүру кезінде - «адым-ДА») командасы бойынша жүргізіледі.

«Адым-ДА» командасы бойынша бірінші бөлімше жүру кезінде бір лекті сапқа қайта тұрып, жарты адыммен жүреді, қалған бөлімше біріншінің сызығына сол жаққа, сондай-ақ бір лекті сапқа тұрып, белгіленген аралыққа шығады, одан кейін взвод командирі «ТУРА» немесе «Взвод - ТОҚТА» командасын береді. Взводты бір лекті саптан өрістетілген бір қатарлы сапқа (екі лектен екі қатарлы сапқа) қайта сапқа тұрғызу взводты солға бұрумен жүргізіледі. Взводты үш (төрт) лектен екі лекті сапқа қайта

тұрғызу «Взвод, екі лекпен, адым - БАС» (жүру кезінде - «адым-ДА») командасы бойынша жүргізіледі.

Осы команда бойынша бірінші бөлімше жүру кезінде екі лекті сапқа қайта тұра отырып, тура жүреді, қалған бөлімшелер орнында адым жасайды, одан кейін біртіндеп екі лекке қайта сапқа тұра отырып, алда келе жатқан бөлімшенің ту сыртына шығады. Взводты үш (төрт) лектен өрістетілген екі қатарлы сапқа қайта тұрғызу үшін взвод алдын ала екі лекті сапқа қайта тұрып әрекет жасайды. Взводты үш (төрт) лектен бір лекті сапқа қайта тұрғызу «

Взвод, бір лекпен, адым - БАС» (жүру кезінде - «адым-ДА») командасы бойынша жүргізіледі. Осы команда бойынша бірінші бөлімше тура жүреді, қалған бөлімшелер орнында адым жасайды және бөлімшенің лектен кезектесіп шығуына қарай өз командирлерінің «ТУРА» командасы бойынша алдында келе жатқан бөлімшенің ту сыртынан жүріп, қозғалысты толық адыммен бастайды. Взводты бір лектен үш (төрт) лекті сапқа қайта тұрғызу «Взвод, үш (төрт) лекпен, адым - БАС» (жүру кезінде - «адым-ДА») командасы бойынша жүргізіледі.

Осы команда бойынша бірінші бөлімше орнында адымдайды, қалған бөлімшелер бірінші тұрғанның сызығына шығып, сондай-ақ взвод командирінің «ТУРА» немесе «Взвод - ТОҚТА» командасына дейін орнында адымдайды. Взводты екі лектен үш (төрт) лекті сапқа қайта тұрғызу «Взвод, үш (төрт) лекпен, адым - БАС» (жүру кезінде - «адым-ДА») командасы бойынша жүргізіледі. «Адым-ДА» командасы бойынша взвод үш лекті сапқа қайта тұрғызылады. Взводты жинау үшін «Взвод - МАҒАН КЕЛ» командасы беріледі, ол бойынша бөлімшелер жүгіріп взвод командирінің жанына жиналады және оның қосымша командасы бойынша сапқа тұрады.

Жорықтық сапта взводтың қозғалыс бағытын ауыстыру бөлімшенің жорықтық сабы үшін көрсетілген командалар мен ережелер бойынша жүргізіледі. Взводтың әскери сәлемдесуді саптағы орнында және қозғалыста орындау взвод сержанты мен бөлімшелер командирлері сапта өз орындарында тұрады және қолын бас киіміне апармайды. Қозғалыста команда бойынша әскери сәлемдесуді орындау үшін ән айту тоқтатылады.

### ***5.3. Ротаның саптары. Өрістетілген саптар.***

Ротаның өрістетілген сабы екі қатарлы немесе взводтық лектер сызығына (взводтар үш, төрт лекте; арнайы бөлімше екі лекте) болуы мүмкін. Қажет болған кезде рота бір қатарлы сапқа да тұрғызылады. Ротаны өрістетілген сапқа тұрғызу «Рота, екі қатарға - САПТАН» немесе «Рота, взводтық сызыққа үш (төрт) лекке - САПТАН» командасы бойынша жүргізіледі. Ротаны сапқа тұрғызу бірінші взвод бойынша жүргізіледі.

Рота командирі саптық қалыпты қабылдай және команда бере отырып, саптың маңдайшебі жағына қарап тұрады. Рота командирінің орынбасарлары рота командирінен солға қарай, белгі беруші-барабаншы (командирдің бұйрығы бойынша) орынбасарлардан солға қарай тұрады, одан әрі қарай рота сержанты және басқару тобы тұрады. Бірінші взводтың командирі «Взвод, екі қатарға (үш, төрт лекке) - САПТАН» командасын бере отырып, өз взводын басқару тобынан солға қарай сапқа тұрғызады. Қалған взводтар өз командирлерінің командасы бойынша бірінші взводтан солға қарай өз нөмірлерінің реті бойынша сапқа тұрғызылады.

Бірінші взводты сапқа тұрғызу бастағанда рота командирі ротаның сабынан шығады және бағыныстылардың іс-қимылын бақылайды. Арнайы

бөлімше үшінші взводтан солға қарай сапқа тұрады. Ротаны екі қатарлы сапқа тұрғызған кезде төрт және үш адамнан бөлімшелері бар взводтар көрсетілгендей сапқа тұрғызылады. Өрістетілген сапта ротаны түзеу, бұру, қайта сапқа тұрғызу және басқа да іс-қимылдар бөлімшелер мен взводтар үшін көрсетілген ережелер мен командалар бойынша орындалады.

*Ротаның жорықтық сабы*

Ротаның жорықтық сабы үш (төрт) лекті немесе екі лекті болуы мүмкін.

Ротаны орнында үш (төрт, екі) лекке сапқа тұрғызу «Рота, үш (төрт, екі) лекке - САПТАН» командасы бойынша жүргізіледі. Осы команда бойынша рота сапқа тұрғызылады. Бұл ретте взводтар өз командирлерінің командасы бойынша үш (төрт, екі) лекке нөмірлерінің ретімен сапқа тұрғызылады; арнайы бөлімше үшінші взводтан кейін, ал басқару тобы - бірінші взвод командирінің алдында екі лекке сапқа тұрғызылады.

Ротаны жорықтық лекке сапқа тұрғызу және қайта сапқа тұрғызу кезінде рота командирінің орынбасарлары рота командирінен кейін екі адымда, олардан кейін екі адымда белгі беруші-барабаншы тұрады, рота сержанты басқару тобының алдында, рота старшинасы - арнайы бөлімшеден кейін тұрады.

Ротаны взводтық лектер сызығынан жорықтық лекке қайта сапқа тұрғызу мынадай командалар бойынша жүргізіледі: «Рота, қарубау-ҒА (иық-ҚА)», «Жорықтық үш (төрт, екі) лекпен, менің соңымнан (немесе бағыты, жүру бағдары көрсетіледі), адым - БАС» немесе «Рота, қарубау-ҒА (иық-ҚА)», «Жорықтық үш (төрт, екі) лекпен, жол бойымен, жүру тәртібі: басқару тобы, бірінші взвод (немесе өзге жүру бағдары көрсетіледі), адым - БАС». «Жорықтық үш (төрт, екі) лекпен» командасы бойынша взводтар

командирлері өз взводтарының алдында екі адымда тұрады, ал рота сержанты басқару тобының алдында тұрады.

Орындалатын команда бойынша басқару тобы немесе командада аты аталған взвод қозғалысты бастайды; қалған бөлімшелер орнында адым жасайды. Басқару тобының немесе командада аты аталған взводтың қозғалуына қарай қалған бөлімшелер өз командирлерінің «ТУРА» командасы бойынша тәртіппен қозғалысты бастайды.

Егер қажет болса, взводтар рота командирі көрсеткендей, өз командирлерінің командасы бойынша жүру кезінде қайта сапқа тұрады. Ротаны үш (төрт) лектен взводтық лектер сызығына қайта сапқа тұрғызу «Рота, солға қарай взводтық лектер сызығына, адым - БАС» (жүру кезінде - «адым-ДА») командасы бойынша жүргізіледі.

Орындалатын команда бойынша басқару тобы немесе бағыттаушы взвод орнында адым жасайды, қалған взводтар бағыттаушы сызығына солға қарай шығады. Взводтар командирлерінің «ОРНЫНДА» командасы бойынша взводтар орнында адым жасай отырып, рота командирінің «ТУРА» немесе «Рота - ТОҚТА» командасына дейін мандайшеп бойынша және тереңдікке қарай түзеледі. «Рота - ТОҚТА» командасы бойынша взводтар командирлері өз взводтарының оң жақ қапталына, ал рота командирінің орынбасарлары мен рота сержанты - басқару тобының оң жақ қапталына тұрады.

Ротаны өрістетілген екі қатарлы саптан екі лекке қайта сапқа тұрғызу ротаны оңға бұрумен, ал екі лектен өрістетілген екі қатарлы сапқа - солға бұрумен жүргізіледі.

*Ротаның әскери сәлемдесуді саптағы орнында және қозғалыста орындау*

Саптағы орнында әскери сәлемдесуді орындау үшін бастық 40-50 адымға жақындағанда рота командирі «Рота,

ТІК ТҰР, назар оң-ҒА (сол-ҒА, орта-ҒА)» командасын береді.

Осы команда бойынша барлығы саптық қалыпты қабылдайды және көрсетілген жаққа басын бұрады, ал сапта тұрған рота командирлерінің орынбасарлары, взводтар командирлері мен рота сержанты, одан басқа қолын бас киіміне апарды.

Рота командирі команда бере отырып, қолын бас киіміне апарды, саптық адыммен бастыққа жақындайды, оған екі-үш адым қалғанда тоқтайды және баяндайды.

Мысалы: «Майор мырза. Бірінші рота сабақтар кестесіне сәйкес айналысып жатыр. Рота командирі капитан Абдуллаев».

Рота командирі баяндауын аяқтағаннан кейін қолын бас киімінен түсірмей, бір уақытта оңға (солға) бұрылумен сол (оң) аяқпен шетке қарай бір адым жасайды және бастықты алға қарай өткізіп жіберіп, оның соңынан бір-екі адым кейін және саптың сыртқы жағынан жүреді.

Бастық өтіп кеткеннен кейін немесе «ЕРКІН ТҰР» командасы бойынша рота командирі «ЕРКІН ТҰР» командасын береді және қолын төмен түсіреді.


Саптағы қозғалыста әскери сәлемдесуді орындау бөлімше мен взвод үшін көрсетілгендей жүзеге асырылады. Бұл ретте рота командирінің орынбасарлары, взводтар командирлері мен рота сержанты қолын бас киіміне апарды.

Егер бастық рота легінен озып бара жатса, әскери сәлемдесуді орындау үшін команда берілмейді; әскери сәлемдесуді тек взвод және одан жоғары бөлімшелердің командирлері, сондай-ақ рота сержанты орындайды.

## VI. БӨЛІМШЕНІҢ, ВЗВОДТТЫҢ, РОТАНЫҢ, МАШИНАЛАРДАҒЫ САПТАРЫ.

### 6.1. Бөлімшенің автокөліктегі (машинадағы) саптардың орналасауы қауіпсіздігі. Жалпы ережелері.

Бөлімшелер мен бөлімдер жазылма сапқа машиналардың бойымен, маңдайшеп бойынша бір сызық бойымен, ал взводтар мен роталардың лектері Жарғыда белгіленген немесе командир белгілеген машиналардың немесе бөлімшелердің арасындағы аралықтар мен ара қашықтықтарда сапқа тұрады.



23-сурет Бөлімшенің және танк экипажының сапқа тұруы:

- а - бронетранспортердің алдында;
- ә - жаяу әскер машинасының алдында;
- б – танкінің алдында.

Бұл ретте жеке құрам машиналарда болады немесе машиналардың алдында взводтардың және роталардың бойымен машиналардың алдында үш адымнан жақын емес болатындай екі қатарлы немесе бір қатарлы саппен сапқа тұрады, машиналардың механик-жүргізушілері және жүргізушілері өз бөлімшелеріндегі сапқа тұрады.

Бөлімшелер жорық сапқа машиналардың бойымен лектер бойынша немесе бөлімшелер лектері бірінің артынан

бірі Жарғыда белгіленген немесе командир белгілеген сапқа тұрады.

Жаяу әскерді машиналарға, бронетранспортерлерге, автомашиналарға және т.б. машиналарға отырғызу кезінде бөлімшелерде қажет болған кезде әскери қызметшілерге және әскери мүліктерге машиналар бойынша санақ жүргізіледі, сондай-ақ отырғызу тәсілі көрсетіледі. Жеке құрамды машиналарға отырғызу алдында қарудың оқталғандығы тексеріледі, ал егер қозғалыс оқталған қарумен жүргізілсе, онда олардың тежегішке қойылғандығы қадағаланады, сүңгі-пышақтар алып тасталады.

Әрбір машина үшін офицерлерден, прапорщиктер немесе сержанттардан машина басшысы (бөлімше командирі) тағайындалады. Машина басшысына жүргізушіні қоса алғанда машинадағы бүкіл жеке құрам бағынады.

Аға командирдің белгісі бойынша бақылауды бөлімше командирі (машина басшысы) жүргізеді, автомобильдерде, бұдан басқа, автомобиль қорабының оң жақ алдыңғы бұрышында бақылаушы ретінде тағайындалған адам орналасады.

Қозғалыс кезінде автомобиль қорабының кемер (борт) ілгегі бекіткішіне бақылау жасап отыру үшін алдыңғы және артқы кемерлердегі шеткі орындарда отырған сарбаздар арасынан «кемерші» тағайындалады. Артқы жақта келе жатқан машиналарға, тіркемелі әскери техникаға және жаяу әскердің ұрыс машинасының есіктері ілгектерінің бекітілуіне бақылауды автомобильдің артқы қабырғасындағы оң жақ отырғышта отырған сарбаз жүргізеді. Жеке құрам – екі қатарлы сапта; машиналар сызық бойымен денгейінде лектерінің бастарымен қатарласады.

Осы пәрмен бойынша танкінің экипажы танкінің алдына бір қатарлы сапқа тұрады. Танкінің командирі алдыңғы

шынжыр табаннан екі адым алда, ал экипаждың қалған құрамы-командирден солға қарай орналасады.


*Жеке құрамды машиналарға отырғызу:*

- жаяу әскердің машиналары мен бронетранспортерлеріне люктері арқылы;
- автомобильдерге – оң, сол және артқы кемерлер арқылы;
- жабық қорапты автомобильдерге артқы кемер арқылы жүргізілуі мүмкін.

Жолдың оң жағында тұрған машинаға сол жақ кемер арқылы отырғызуға рұқсат етілмейді.

«МАШИНАҒА» пәрмені бойынша жаяу әскердің машиналарына және бронетранспортерлерге отырғызу кезінде тағайындалған жауынгерлер десанттық бөлімшенің артқы есігін (отырғызу люктерінің қақпақтарын), автомобильдерде жүргізушілер қажеттілігіне орай артқы кемерді ашады. Отырғызу аяқталғаннан кейін артқы есіктер (отырғызу люктерінің қақпақтары, кемерлер) жабылады.

«ОРЫНДАРЫҢА» пәрмені бойынша бөлімшелер машиналардағы өз орындарына тірек ретінде дөңгелектер, шынжыр табандар, аяқ салғыштарды пайдаланып жылдам орналасады.




24-сурет. Жеке құрамды автомобиль қорабына орналастыру:

а — бойлай орналасқан орындықтарда; ә — көлденең орналасқан орындықтарда

Отырғызу кезінде отырғызуды жүргізген немесе артында тұрған әскери қызметшілерге беретін қару рота пулеметтерін

және басқада ауыр қаруды қоспағанда ыңғайлы етіп алынады. Отырғызу аяқталғаннан кейін қару тізенің арасына қойылып, екі қолмен ұсталады. Автомттар бөлімше командирінің пәрмені бойынша «кеудеге» алынуы мүмкін.

Орамдары бөлімше командирінің (машина басшысының) нұсқауы (пәрмені) бойынша шешіледі және машинаға орналастырылады.



25-сурет Жеке құрамды отырғызу үшін сапқа тұрғызу:

а-жаяу әскердің машинасындағы отырғызу люктері арқылы;

б - бронетранспортерлердің люктері арқылы;

в – автомобильдің артқы кемері арқылы;


г – десанттарды танкіге отырғызу.

Бөлімшенің командирі (машина басшысы) жеке құрамды отырғызудың дұрыстығын қадағалайды, ал отырғызу аяқталғаннан кейін есіктердің (люктердің) және кемерлердің бекітілгенін тексереді, ұрыс машинасындағы өз орнына және бронетранспортердегі машина командирінің орнына, ал автомобильде – жүргізушінің қасына немесе аға командирдің нұсқауы бойынша автомобиль қорабының сол жақ, алдыңғы бұрышына отырады.

Бөлімше қозғалысының басталуы алдында машиналар қозғалтқышын қосу және қыздыру жүргізетін алдын-ала «ОТАЛДЫР» пәрмені беріледі.

«МАРШ» пәрмені бойынша барлық машиналар өздері тұрған сапта бір мезгілде қозғалысты бастайды немесе арақашықтықтарды және аралықтарды қабылдап қайта сапқа

тұрады. Егер лектегі машиналардың арасындағы арақашықтық 10м-ден көп болмаса, машиналар белгіленген арақашықтықты ала отырып, қозғалысты кезектесіп бастайды.



*а – жаяу әскердің машинасында; б – бронетранспортерд  
25-сурет Жеке құрамды орналастыру*

Қозғалыстың тәртібін және жылдамдығын, сондай-ақ демалысқа арналған аялдаманы айқындау кезінде жауынгерлік Жарғыларда баяндалған нұсқауларды басшылыққа алу қажет. Машиналар арасындағы арақашықтықтар жылдамдыққа және қозғалыстың шарттарына қатысты болады және орта есеппен 25-50м болуы мүмкін. Арақашықтықты өзгерту үшін: «АРАҚАШЫҚТЫҚТЫ ҰЛҒАЙТ», «АРАҚАШЫҚТЫҚТЫ ҚЫСҚАРТ» пәрмендері беріледі.

Қозғалыс кезіндегі бұрылыстарды бағыттаушы машинадан кейін кезектесіп (кірумен) немесе бір мезгілде барлық машиналар (бөлімшелер) жасалады

«НАЗАРА САЛ, МЕН СИЯҚТЫ ЖАСА» пәрмені бойынша кезектесіп, сырттай айналып бұрылыс жасау үшін

басқа машина төменгі жылдамдықта айналып бұрылады және қозғалысты лекке параллельді түрде кері бағытта жалғастырады. Қалған машиналар басқа машинаның бұрылған жеріне дейін жетіп, бұрылады және қозғалысты жалғастырады.

Бір мезгілде оңға (солға, кері) бұрылу үшін: «**БАРЛЫҒЫН ОҢҒА**» («**БАРЛЫҒЫҢ СОЛҒА**», «**БАРЛЫҒЫҢ АЙНАЛ**») – пәрмені беріледі. Осы пәндер бойынша машиналар жүріс барысында бір мезгілде көрсетілген бағытқа қарай бұрылады және қозғалысты жаңа бағытта жалғастырады. «**БАРЛЫҒЫҢ АЙНАЛ**» пәрмені бойынша әрбір машина арақашықтықты қысқартпай, солға бұрылыс жасап, айналып тоқтайды және қозғалысты жаңа бағытта жалғастырады.

Қозғалыс кезінде лектің жолды босату қажеттілігі болғанда: «**ОҢҒА ҚАРАЙ**» пәрмені беріледі. Осы пәрмен бойынша лектегі барлық машиналар бір мезгілде жолдың жүру бөлігінен шығады және жолдың оң жақ шетімен немесе жолдың жағында қозғалысты жалғастырады.

Машиналарды тоқтату машиналар тоқтаған алдыңғы машинаға келетін және кездесіп кемінде 10м немесе командир белгілеген арақашықтықта тоқтайтын: «**ТОҚТА**» пәрмені бойынша жүргізіледі. Лекті тоқтатудың алдында машиналар оң жақ шетке немесе жолдың оң жағына шығарылады. Егер бұл ретте арақашықтық бұзылатын болса, қиылыстар, жол айырықтары, көпірлер, темір жол өтпелері, үйлердің кіре берісі және аулаға кірме жолдар ашық болуы керек. Қажет болса, тоқтағаннан кейін: «**ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ӨШІР**» пәрмені беріледі.

*Машиналардан жеке құрамды түсіру*

Жауынгерлік машиналардан - люктер арқылы түсіріледі, автомобильдерден - оң, сол және артқы борттар арқылы түсіріледі;

жабық қорабы бар автомобильдерден - артқы борт арқылы жүргізіледі. Жеке құрамды басқа да машиналардан түсіру ыңғайына қарай жүргізіледі.

Машиналардың оң жақ шетінде тұрған машиналардан сол жақ борт арқылы түсіруге рұқсат етілмейді.

Машиналардан түсіру үшін «МАШИНАЛАР ЖАНЫНА» командасы беріледі.

Мысалы: «Бөлімше (взвод, рота), оң, сол жақ борт (артқы борт) арқылы - МАШИНА (МАШИНАЛАР) ЖАНЫНА».

Осы команда бойынша жеке құрам жылдам машиналардан түседі және олардың жанына сапқа тұрғызылады да өз командирлерінің командасы бойынша әрекет етеді.

Машиналардан түскен кезде қару ыңғайына қарай алынады, ал оқшашарлар мен топтық қару бұрын түскен әскери қызметшілерге беріледі.

### ***6.2. Взводтың машиналардағы саптары.***

Взводтың өрістетілген сабы - машиналар сызығы, машиналар арасындағы аралық - үш метр.

Взводты өрістетілген сапқа тұрғызу «Машиналар сызығына - ЖҮР» командасы бойынша жүргізіледі. Взвод командирі команда бере отырып, өз машинасын взвод сабының маңдайшеп жағына алдыңғы жағымен қаратып қояды, қалған машиналар белгіленген аралықты сақтай отырып, взвод командирінің машинасынан солға қарай бір сызық бойына нөмір ретімен сапқа қойылады.

Взводтың жорықтық сабы - лек, орнында және тоқтап тұрғанда сапқа тұрғызу кезінде машиналар арасындағы арақашықтық 10 метрден жақын емес, қозғалыста арақашықтық қозғалыс жылдамдығына және шарттарына байланысты болады және орташа алғанда 25-50 м болуы

мүмкін; взвод командирінің машинасы лектің бас жағында жүреді. Взводты лекке сапқа тұрғызу, сондай-ақ оны машиналар сызығынан лекке қайта сапқа тұрғызу «Лекпен - ЖҮР» командасы бойынша жүргізіледі.

Взводты машиналар сызығынан лекке қайта сапқа тұрғызу кезінде взвод командирінің машинасы соңынан взводтың қалған машиналары белгіленген арақашықтықта нөмір ретімен қозғалады.

Взводты лектен өрістетілген сапқа - машиналар сызығына қайта сапқа тұрғызу саптық жарғыда көрсетілгендей жүргізіледі.

### ***6.3. Ротаның машиналардағы саптары***

Рота өрістетілген сапта машиналар сызығына немесе взводтық лектер сызығына сапқа тұрғызылуы мүмкін. Взводтар арасындағы аралық - бес метр болады.

Ротаны өрістетілген сапқа - машиналар сызығына немесе взводтық лектер сызығына сапқа тұрғызу «Машиналар сызығына (взводтық лектер сызығына) - ЖҮР» командасы бойынша жүргізіледі. Рота командирі команда бере отырып, өз машинасын рота сабының маңдайшеп жағына алдыңғы жағымен қояды немесе бірінші взводтың сапқа тұру орнын көрсетеді. Взводтар нөмір ретімен белгіленген аралықтар мен арақашықтықтарда рота командирінің машинасынан солға қарай машиналар сызығына (лектерге) сапқа тұрады.

#### ***Ротаның жорықтық сабы***

Ротаны лекке сапқа тұрғызу, сондай-ақ оны өрістетілген саптан лекке қайта сапқа тұрғызу «Лекпен - ЖҮР» командасы бойынша жүргізіледі.

Ротаны өрістетілген саптан лекке қайта сапқа тұрғызу кезінде рота командирінің машинасы немесе бірінші взводтың алдыңғы машинасы қозғалысты тура бастайды

және содан кейін көрсетілген бағытқа шығады; рота командирінің машинасы немесе бірінші взводтың алдыңғы машинасы соңынан нөмір ретімен немесе рота командирі көрсеткен тәртіппен лектег қалған взводтар белгіленген арақашықтықта қозғалады.

Ротаны лектен өрістетілген сапқа - машиналар сызығына немесе взводтық лектер сызығына қайта сапқа тұрғызу, Ротаны өрістетілген сапқа - машиналар сызығына немесе взводтық лектер сызығына сапқа тұрғызу «Машиналар сызығына (взводтық лектер сызығына) - ЖҮР» командасы бойынша жүргізіледі.

Рота командирі команда бере отырып, өз машинасын рота сабының маңдайшеп жағына алдыңғы жағымен қояды немесе бірінші взводтың сапқа тұру орнын көрсетеді. Взводтар нөмір ретімен белгіленген аралықтар мен арақашықтықтарда рота командирінің машинасынан солға қарай машиналар сызығына (лектерге) сапқа тұрады.


Бұл ретте лектердегі взводтар рота легінен шығады және взводтар командирлерінің «Машиналар сызығына - ЖҮР» немесе «Лекпен - ЖҮР» командасы бойынша машиналар сызығына немесе взводтық лектер сызығына тиісінше сапқа тұрғызылады.

## **VII. БӨЛІМШЕЛЕР ЖЕКЕ ҚҰРАМЫНЫҢ ҰРЫСТА ЖАЯУ ТӘРТІПШЕН ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ КЕЗІНДЕГІ ҚОЗҒАЛЫС ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ.**


### ***7.1.»Ұрысқа», «тұр» тәсілдері.***

«ҰРЫСҚА» командасы бойынша қаруды оң қолға алу, оң аяғымен алға қарай және біршама оңға толық адым жасау керек, онымен бір уақытта денені алға еңкейту керек, сол тізеге отыру және сол қолын өзінің алдына, саусақтарын оңға қарай жерге қою керек, одан кейін сол аяқтың жамбасына және сол қолдың білегіне сүйене отырып, сол бүйірге жату керек және жылдам ішке аунап түсу керек; аяқтардың ұштарын біршама сыртқа қаратып жан-жаққа созу және оқ атуға дайындалу керек. Қол оқшашарымен тәсілдерді орындау үшін «ҰРЫСҚА» командасы бойынша қаруды оң қолымен алу, сол қолмен тіреуіштерін жазу керек.

Осымен бір уақытта оң (сол) аяқпен алға қарай толық адым жасау керек және алға еңкейе отырып, атыс бағытына оқшашарды тіреуіштеріне қою керек; жазылмастан жерге екі қолымен тіреліп, аяқтарын артқа жіберу, ішпен жату керек, аяқтардың ұштарын сыртқа қаратып созу және оқ ату үшін дайындалу керек. Ал топтық қарумен тәсілдерді орындау кезінде «ҰРЫСҚА» командасы бойынша оны жауынгерлік күйге келтіру керек, ал одан кейін ату үшін орналасу күйіні қабылдау керек (26-сурет).



26-сурет «Жат» (ұрысқа) тәсілінің орындауын көрсету.



27-сурет Жату күйінен «Тұр» тәсілінің орындауын көрсету.

«ТҰР» командасы бойынша қаруды оң қолына ұстай отырып, екі қолды кеуде деңгейіне тарту керек, бір уақытта


аяқты бірге қосады, одан кейін қолдарын жедел соза отырып, кеудесін жерден көтеру және оң (сол) аяқты алға шығару керек (27-сурет), жылдам тұрып, сол (оң) аяқты қою және қарумен саптық қалыпты қабылдау керек. Оқшашармен «ТҰР» командасы бойынша аяқтарын алға қарай созғаннан кейін оқшашарды алу керек, жылдам тұрып, сол (оң) аяқты қоя отырып, оқшашарды аяқ жанына қою керек.

### *7.2. Жүгіріп және еңбектеп өту.*


Жүгіріп өту үшін, мысалы: «Қатардағы жауынгер Сарсенбаев, жыра бағытына жүгіріп өт - АЛҒА» командасы бойынша жүргізіледі. Алдын ала берілетін команда бойынша демалу үшін таса орындарға тоқтауға қарай қозғалу жолын белгілеп алу, «ТҰР» командасы бойынша қаруды оң қолына ұстай отырып, екі қолды кеуде деңгейіне тарту керек, бір уақытта аяқты бірге қосу керек, одан кейін қолдарын жедел соза отырып, кеудесін жерден көтеру және оң (сол) аяқты алға шығару керек, жылдам тұрып, сол (оң) аяқты қою және қарумен саптық қалыпты қабылдап тұрады. Оқшашармен «ТҰР» командасы бойынша аяқтарын алға қарай созғаннан кейін оқшашарды алу керек, жылдам тұрып, сол (оң) аяқты қоя отырып, оқшашарды аяқ жанына қою қажет.

Демалу үшін тоқтаулар арасындағы жүгіріп өту ұзындығы жергілікті жерге және қарсыластың оқ атуына байланысты және орташа алғанда 20-40 адым болуы тиіс. Демалу үшін тоқтаған жерде жүгіріп келіп жату керек, біршама шетке қарай еңбектеп өту керек (бекіністі ауыстырудың өзге де әдісі қолданылуы мүмкін), ал командада көрсетілген орынға жеткеннен кейін, одан басқа оқ атуды жүргізуге дайындалу керек.

Жүгіріп өту кезіндегі қарудың күйі - жүгіріп өтушінің қалауы бойынша.



а



б



в

28- Жер бауырлап еңбектеп өту

Еңбектеп өту жер бауырлап, жартылай төрт тағандап және бүйірімен өту үшін, мысалы: «Қатардағы жауынгер Сарсенбаев, бруствер артына еңбектеп өт - АЛҒА» командасы бойынша жүргізіледі. Алдын ала берілетін команда бойынша қозғалу жолын және демалу үшін тасаланған тоқтау орындарын белгілеп алу керек, ал орындалатын команда бойынша көрсетілген әдістердің бірімен еңбектеп өту керек. Жер бауырлап еңбектеп өту үшін (28-сурет) жерге жабыса жату керек, оң қолмен қаруды жоғарғы антабкасынан қарубаудан алу және оны оң қолдың білегіне қою керек.

Оң (сол) аяқты тарту және бір уақытта сол (оң) қолды мүмкіндігінше созу керек; бүгілген аяқпен серпіле отырып, денемен алға қарай жылжу керек, екінші аяқты тарту, екінші қолды созу керек және қозғалысты сол тәртіппен жалғастыру керек. Еңбектеп өту кезінде басты жоғары көтермейді.

Жартылай төрт тағандап еңбектеп өту үшін тізерлеу және білекке немесе қолдардың басына тірелу керек. Бүгілген оң (сол) аяқты кеуде астына тарту керек, онымен бір уақытта сол (оң) қолды алға қарай созу керек. Денені оң (сол) аяқ толық созылғанша алға қарай жылжыту керек, онымен бір уақытта екінші бүгілген аяқты өзіне қарай тарта және екінші қолды соза отырып, қозғалысты сол тәртіппен жалғастыру керек.

Қаруды: білекке тірелген кезде - жер бауырлап еңбектеп өту кезіндегі сияқты; қолдардың басына тірелген кезде - оң қолмен ұстау керек. Бүйірмен еңбектеп өту үшін сол бүйірге жату керек; тізесі бүгілген сол аяқты алға қарай соза отырып, сол қолдың білегіне тірелу, оң аяқты мүмкіндігінше өзіне қарай тартып өкшесімен жерге тірелу керек; оң аяқты жаза отырып, сол аяқтың күйін өзгертпей денені алға қарай жылжыту керек, одан кейін қозғалысты осындай тәртіппен жалғастыру керек.

Қаруды сол аяқтың жамбасына қойып, оны оң қолмен ұстау керек.

### ***7.3. Қарсылас кенеттен шабуыл жасаған кездегі жеке құрамның іс-қимылы.***

Рота легіне жерүсті қарсыласының кенеттен шабуыл жасауына тойтарыс беру үшін «Қарсылас маңдайшептен (тылдан, солдан, оңнан) - «ҰРЫСҚА» командасы беріледі.

Осы команда бойынша: маңдайшептен шабуыл жасалған кезде бағыттаушы взвод жауынгерлік тәртіппен

орнында, одан кейінгі взвод оңға қарай, ал тұйықтаушы взвод - бағыттаушыдан солға қарай өрістетіледі; тылдан шабуыл жасалған кезде рота артқа бұрылады; тұйықтаушы взвод жауынгерлік тәртіппен орнында; лектің ортасында болатын взвод - одан оңға қарай, ал бағыттаушы взвод солға қарай өрістетіледі; солдан немесе оңнан шабуыл жасалған кезде рота тиісті жаққа қарай бұрылады; лектің ортасында болатын взвод жауынгерлік тәртіппен орнында өрістетіледі; қапталдағы взводтар: біреуі - оңға қарай, ал екіншісі - осы взводтан солға қарай өзінің сыртқы қапталдары жағына қарай өрістетіледі. Роталар легіне қарсылас әуеден шабуыл жасаған кезде «Ә-УЕ» командасы беріледі. Осы команда бойынша рота жағдайға байланысты қозғалысты жалғастырады немесе тоқтайды. Егер қозғалыс тоқтатылмаса, онда лекте жылдамдық пен машиналар арасындағы арақашықтық ұлғайтылады. Тоқтаған кезде жеке құрам өз командирлерінің командалары бойынша жылдам машиналардан секіріп түседі, жақын жердегі тасаланған орындарға взвод бойынша бекінеді, оқ атуға дайындалады және команда бойынша төмен ұшатын нысаналар бойынша оқ атуды жүргізеді.

Қарсылас ядролық, химиялық және биологиялық қару қолданған кезде радиациялық қауіп немесе химиялық дабыл белгілері беріледі.

Осы белгі берулер бойынша жеке құрам қорғаныс шараларын қабылдайды.

## **VIII. ЖАЯУ ТӘРТІПТЕГІ САПТЫҚ БАЙҚАУЫ.**

### ***8.1. Жаяу тәртіппен саптық байқау.***

Саптық байқау жеке саптық машық және бөлімшелердің саптық үйлесімділік дәрежесін айқындау мақсатында өткізіледі. Саптық байқауда, сондай-ақ әскери қызметшілердің сыртқы пішіні, жабдықтардың, қару-жарақтың, әскери және басқа да техниканың бар болуы мен жай-күйі тексеріледі. Саптық байқауда инспекциялау кезінде, одан басқа Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Ішкі қызмет жарғысында мазмұндалған тәртіппен әскери қызметшілерге сұрақтар қойылады. Әскери қызметшілерге сұрақтар қою да сонымен қатар тексеру жүргізу кезінде жүргізілуі мүмкін. Саптық байқауды тікелей бастықтар немесе инспекциялауға (тексеруге) басшылық жасау үшін тағайындалған адамдар жүргізеді. Саптық байқауды жүргізетін адамдарға байқаудың мақсаттарына, міндеттеріне және жауынгерлік даярлық бағдарламасын орындауға байланысты саптық байқауды өткізу тәртібін белгілеуге рұқсат етіледі. Әрбір саптық байқау бөлімшенің, бригаданың (полктің) салтанатты шерумен өтуімен, ал Жауынгерлік Ту әкетілгеннен кейін - бөлімшелердің саптық әнді орындауымен аяқталады. Байқау қарсаңында байқауды өткізетін бастық бөлімшенің, бригаданың (полктің) командиріне байқаудың уақытын, орнын, сапқа тұрғызу және өткізу тәртібін, киім нысанын, байқауға қандай қару-жарақ, әскери және басқа да техниканы шығару қажеттігін хабарлайды. Ротаның, батальон мен бригаданың (полктің) саптық байқауы жаяу тәртіппен немесе машиналарда өткізіледі. Жаяу тәртіппен байқауға бригада (полк) бөлімшесінің барлық жеке құрамы жеке қарумен

шығарылады, ал машиналардағы байқауға, одан басқа барлық қару-жарақ, әскери және басқа да техника шығарылады.

*Саптық байқау* үшін рота өрістетілген екі қатарлы сапқа тұрғызылады: рота командирі рота ортасының алдыңғы жағында сегіз адымда, рота сержанты - басқару тобының оң жақ қапталында, белгі беруші-барабаншы - рота сержантынан оңға қарай екі адымда, рота командирінің орынбасарлары - белгі беруші-барабаншыдан оңға қарай екі адымда, рота старшинасы ротаның сол жақ қапталына тұрады. Байқау өткізетін бастық 40-50 адым жақындағанда рота командирі «Рота, ТІК ТҮР, назар оң-ҒА (сол-ҒА, орта-ҒА)» командасын береді. Рота командирі команда бере отырып, қолын бас киіміне апарады, байқау өткізетін бастыққа саптық адыммен келеді, оған екі-үш адым қалғанда оның алдына тоқтайды және баяндайды. Мысалы: «Подполковник мырза. Бірінші рота саптық байқау үшін сапқа тұрғызылды. Рота командирі капитан Дүйсекеев». Рота командирі баяндап болғаннан кейін оңға (солға) бұрылумен бір уақытта сол (оң) аяғымен жанына қарай бір адым жасайды және бастықты алға қарай өткізіп жіберіп, оның соңынан бір-екі адымда және қолын бас киімінен түсірмей саптың сыртқы жағынан жүреді. Белгі беруші-барабаншы рота командирінің «Назар оң-ҒА (сол-ҒА, орта-ҒА)» командасы бойынша «Жорықтық маршты» соға бастайды; рота командирі байқау өткізетін бастықтың алдына келіп тоқтағанда белгі беруші-барабаншы барабанды соғуды тоқтатады, ал рота командирі баяндап болғаннан кейін оны жалғастырады. Байқау өткізетін бастық оң қапталдан солға қарай рота сабының маңдайшебін шолып өткеннен кейін саптың ортасына шығады, ротаның жеке құрамымен сәлемдеседі, «ЕРКІН ТҮР» командасын беруге рұқсат етеді

және рота командиріне байқауды жалғастыру туралы қажетті нұсқаулар береді. Бастық рота сабы ортасының алдына келгеннен кейін белгі беруші-барабаншы соғуды тоқтатады. Рота командирі «ЕРКІН ТҰР» командасын береді, қолын бас киімінен түсіреді, байқауды өткізетін бастыққа саптық жазбаны тапсырады, ал одан нұсқаулар алғаннан кейін оларды орындауға кіріседі. Ротаның байқауы жеке құрамның бар болуын, әскери қызметшілердің сыртқы пішінін, жабдықтар мен қару-жарақтың жай-күйін тексеруден басталады; одан кейін бөлімшелер, взводтар мен рота жеке саптық машықтарының және саптық үйлесімділік дәрежесі, рота құрамында саптық әндерді орындау шеберлігі тексеріледі. Рота байқау өткізетін бастықтың алдынан взвод бойынша, бір сызықтық (екі сызықтық) арақашықтықта; взводтар - «қарубауға» күйіндегі немесе байқау өткізетін бастықтың командасы бойынша басқа күйдегі қаруы бар үш (төрт) лек бойынша салтанатты шерумен жүріп өтеді. «Кеудеге» күйіндегі автоматтар сол қолмен сағағынан және ұңғы бастырмасынан ұсталады. Салтанатты шерумен жүріп өту алдында байқауға қатысатын рота командирінің тікелей бастықтары бір-екі адым артқы жақта және байқау өткізетін бастықтан оңға қарай тұрады. Рота командирі ротаның оң жақ қапталында лекте бір-бірден роталар өту сызығын белгілеу үшін тағайындалған сызықтықты білдіретіндері бар бола отырып, ротаны взводтық лектер сызығына қайта сапқа тұрғызып, сапқа қарама-қарсы бағыттаушы взводтың (басқару тобының) алдында сегіз адымда тұрады және: «Рота, ТІК ТҰР. Салтанатты шеруге, взвод бойынша, бір сызықтық (екі сызықтық) арақашықтықта, бірінші взвод (басқару тобы) тура, қалғандары оң-ҒА». «Қарубау-ҒА («Автоматтарды - кеуде-ГЕ»))». «Назар оң-ҒА, адым - БАС» деп команда береді, одан кейін сол жақ қолына қарай оң

аяғының ұшымен жылдам артқа бұрылады және ротамен бір уақытта сол аяғымен қозғалысты бастайды. «Салтанатты шеруге» командасы бойынша мыналар саптан шығады және: рота командирінің орынбасарлары - рота командирінен кейін екі адымда, взводтар командирлері - өз взводтарының алдында екі адымда, белгі беруші-барабаншы-рота командирі орынбасарларынан кейін екі адымда, рота сержанты - басқару тобының алдында екі адымда тұрады; сызық бойына тұратындар рота өтетін сызыққа жүгіріп немесе жиіленген саптық адыммен шығады, бір-бірінен 10-15 м (15-20 адым) арақашықтықта тоқтайды, өз бетімен солға қарай бұрылады, ал «Адым - БАС» командасы бойынша бір уақытта автоматтарды «кеудеге» күйіне, ал карабиндерді - «карауылға» күйіне алады. Орындалатын команда бойынша барлық рота қозғалуды бастайды, сонымен қатар бірінші взвод (басқару тобы) саптық адыммен тура қозғалады, ал кейінгі әрбір взвод бірінші взвод (басқару тобы) тұрған жерге жеткен кезде солға бұрылады, орнында адым жасайды және түзеледі. Алда келе жатқан взвод командамен көрсетілген арақашықтыққа жеткен кезде кейіннен келе жатқан взвод командирі «ТУРА» деп команда береді. Осы команда бойынша взвод саптық адыммен қозғалысты бастайды. Взводтардағы оң жақ қапталдағылар сызықтықты білдіретіндер белгілеген сызық бойымен олардан кейін бір адымда жүреді. Рота командирлері, оның орынбасарлары, взводтар командирлері мен рота сержанты бір сызықтық арақашықтыққа бастыққа дейін жетпей қолын бас киіміне апарады және онымен бір уақытта басын байқау өткізетін бастық жаққа бұрады. Бастық жанынан төрт адым өткеннен кейін рота командирі жанына қарай шығады, өзінің тікелей бастықтарынан оңға қарай тұрады және барлық рота өтіп болғанға дейін сол жерде тұрады. Взвод командирі қолын

бас киіміне апарғанда оң қапталдағылардан басқа, осы взводтың барлық әскери қызметшілері бір уақытта бастық жаққа басын бұрады. Байқау өткізетін бастықтың жанынан бір сызықтық арақашықтыққа взвод өтіп кеткеннен кейін взводтың командирі қолын бас киімінен түсіреді, ал қалған әскери қызметшілер басын тік қаратады.

Рота байқау өткізетін бастықтың жанынан өткен кезде сызықтықты білдіретіндер жетекшінің белгісі бойынша қаруды «қарубауға» күйіне алады, оңға бұрылады, бір лекпен жүгіріп ротаны қуып жетеді және ротаның сол жақ қапталына сапқа тұрады. Әнмен жүріп өту үшін рота командирі ротаны қайта сапқа тұрғызып, бағыттаушы взводтың алдында сегіз адымда тұрады және: «Рота, ТК ТҰР. Әндетіп өту үшін, взвод бойынша, арақашықтық елу метр, бірінші взвод тура, қалғандары оң-ҒА». «Қарубау-ҒА». «Адым - БАС» командасын береді, одан кейін оң аяғының ұшымен сол қол жаққа қарай жылдам артқа бұрылады және сол аяғымен қозғалысты ротамен бір уақытта бастайды.

«Әндетіп өту үшін» командасы бойынша мыналар саптан шығады және: рота командирінің орынбасарлары - рота командирінен екі адымда, взводтардың командирлері - өз взводтары алдында екі адымда, белгі беруші-барабаншы - рота командирінің орынбасарларынан кейін екі адымда, рота сержанты - басқару тобының алдында екі адымда тұрады.

Орындалатын команда бойынша барлық рота қозғалысты бастайды, бірінші взвод (басқару тобы) әнмен жорықтық адыммен тура қозғалады және келесі әрбір взвод бірінші взвод (басқару тобы) тұрған жерге жеткен кезде солға қарай бұрылады, орнында адымдайды және түзеледі. Алда келе жатқан взвод командамен көрсетілген арақашықтыққа жеткен кезде кейіннен келе жатқан взвод

командирі «Взвод, әндетіп - ТУРА» деп команда береді. Осы команда бойынша взвод әнмен жорықтық адыммен қозғалысты бастайды.

### ***8.2.Батальонның байқауы.***

Саптық байқау үшін батальон взводтық лектер сызығына өрістетілген сапқа немесе екі қатарлы сапқа тұрғызылады; батальон командирі батальон ортасының алдыңғы жағында 10 адымда тұрады; барлық батальонның белгі беруші-барабаншылары бағыттаушы рота (басқару тобының) командирінен оңға қарай екі адымда оң жақ қапталға бір қатарлы сапқа тұрғызылады; батальон командирінің орынбасарлары белгі беруші-барабаншылардан оңға қарай екі адымда тұрады.

Егер батальон жанында оркестр бар болса, белгі беруші-барабаншылар қапталға шақырылмайды, ал оркестр оң жақ қапталдағы рота командирінен оңға қарай екі адымда тұрады.

Бастықты қарсы алу рота үшін көрсетілген тәртіппен жүргізіледі. Бастықтың сәлемдесуіне жауап бергеннен кейін батальон командирінің «ЕРКІН ТҰР» командасы бойынша роталардың командирлері саптан шығады және өз роталары орта тұсының алдында бес адымда тұрады. Батальон байқауды өткізетін бастықтың алдынан рота бойынша, бір сызықтық (екі сызықтық) арақашықтықта; роталар - үш (төрт) лекпен өтеді. Салтанатты шерумен өту басталар алдында батальон командирі бір лектегі батальонның оң жақ қапталында сызықтықты білдірушілері бар бола отырып көрсетілгендей батальонды қайта сапқа тұрғызып, (сапқа тұрғызып), бағыттаушы рота (батальон басқармасы) алдында сегіз адымда тұрады және: «Батальон, ТІК ТҰР. Салтанатты шеруге, рота бойынша, бір сызықтық (екі сызықтық) арақашықтықта, бірінші рота тура,

қалғандары оң-ҒА». «Қарубау-ҒА («Автоматтарды КЕУДЕ-ГЕ»)). «Назар оңға, адым - БАС» командаларын береді.

«Салтанатты шеруге» командасы бойынша қысқа жолмен мыналар шығады және: батальон командирінің орынбасарлары - батальон командирінен кейін екі адымда екі қатарлы сапта, роталар командирлері - өз роталарының алдында алты адымда, олардан кейін екі адымда - олардың орынбасарлары, взводтар командирлері - өз взводтары алдында екі адымда, байланыс взводының командирі (батальон штабы бастығының көмекшісі) - батальон басқармасының алдында екі адымда тұрады.

Роталық белгі беруші-барабаншылар жетекшінің командасымен алға шығады және батальон өтетін сызыққа маңдайшебімен байқау өткізетін бастыққа қарама-қарсы, батальонның бастапқы орнына бірнеше адым жақын тұрады. Егер батальон жанында оркестр болса, ол осы команда бойынша белгі беруші-барабаншыларға көрсетілген орынға тұрады.

Батальонның соңғы бөлімшесі байқау өткізетін бастықтың жанынан өтіп бара жатқанда белгі беруші-барабаншылар соғуды (ойнауды) тоқтатпастан, жетекші белгі беруші-барабаншының (әскери дирижердың) командасы бойынша қозғалысты тура бастайды, ал салтанатты шерумен өту сызығына шығумен жетекші белгі беруші-барабаншының (әскери дирижердың) соңынан оң иығымен енеді және бастық алдынан саптық адыммен өтеді.

Бастықтан бір-екі сызықтыққа өткеннен кейін белгі беруші-барабаншылар (оркестр) соғуды (ойынды) тоқтатады. Әнмен жүріп өту үшін батальон командирі бағыттаушы ротаның (батальон басқармасы) алдында сегіз адымда тұрады және: «Батальон, ТІК ТҰР. Әндетіп өту үшін, рота бойынша, арақашықтық 50 метр, бірінші рота

(батальон басқармасы) тура, қалғандары оң-ҒА». «Қарубау-ҒА». «Адым - БАС» командаларын береді.

«Әндетіп өту үшін» командасы бойынша қысқа жолмен мыналар шығады: батальон командирінің орынбасарлары - батальон командирінің артында екі адымда, роталар командирлері - өз роталарының алдында алты адымда, олардың орынбасарлары - олардан кейін екі адымда, взводтар командирлері - өз взводтары алдында екі адымда, роталық белгі беруші-барабаншылары - роталар командирлері орынбасарларынан кейін екі адымда тұрады. Батальонды, сызықтықты білдіретіндердің шыққанын, сондай-ақ салтанатты шерумен және әнмен жүріп өтуді тексеру роталар үшін көрсетілгендей жүргізіледі.

### ***8.3. Бригаданың (полктің) байқауы.***

Саптық байқау үшін бригада (полк) Жауынгерлік Тумен көрсетілгендей роталық немесе взводтық лектер сызығына сапқа тұрғызылады, бригада (полк) командирі бригада (полк) сабы орта тұсының алдында 20-30 адымда тұрады. Оркестр болмаған кезде белгі беруші-барабаншылар жетекшінің командасы бойынша оркестр үшін көрсетілген орынға сапқа тұрады.

Бастықты қарсы алу және әскери сәлемдесуді орындау рота мен батальон үшін көрсетілгендей жүргізіледі; бұл ретте баяндауда бригадаға (полкке) берілген құрмет атақтары мен ордендерін атай отырып, оның атауы толық айтылады. Әскери сәлемдесуді орындағаннан кейін бригада (полк) командирінің «ЕРКІН ТҰР» командасы бойынша батальон командирі саптан шығады және өз батальондары орта тұсының алдында он адымда, ал жеке роталардың (батареялардың) командирлері - бес адымда тұрады. Бригада (полк) байқау өткізетін бастықтың алдынан

салтанатты шерумен батальон бойынша немесе рота бойынша жүріп өтеді.

Бригаданың (полктің) жүріп өту тәртібі: бригада (полк) командирі алда жүреді, одан кейін бір немесе екі қатарда үш адымда - бригада (полк) командирінің орынбасарлары, олардан кейін екі адымда ассистенттерімен ту ұстаушы, олардан кейін үш адымда - үш (төрт) лекте бригада (полк) басқармасының қалған құрамы және одан әрі - белгіленген арақашықтықтарда бригада (полк) бөлімшелері.

Егер саптық байқауды бригада (полк) командирі өткізетін болса, онда бригаданың (полктің) алдында оның орнына орынбасары тұрады. Салтанатты шерумен жүріп өту үшін бригада (полк) командирі: «Бригада (полк), ТІК ТҰР. Салтанатты шеруге, рота бойынша (батальон бойынша), мынанша сызықтық арақашықтықта, бірінші рота (батальон, бригада (полк) басқармасы) тура, қалғандары оң-ҒА». «Қарубау-ҒА («Автоматтарды КЕУДЕ-ГЕ»); «Назар оңға, адым - БАС» командаларын береді.

«Салтанатты шеруге» командасы бойынша бригада (полк) командирінің орынбасарлары саптан шығады және Жауынгерлік Тудың алдында төрт адымда тұрады, ал штаб бастығының аға көмекшісі саптан шығады және Жауынгерлік Тудың алдында екі адымда тұрады, батальондар, роталар, взводтар командирлері, оркестр (белгі беруші-барабаншылар) саптан шығып тұрады. «БАС» командасы бойынша оркестр марш ойнай (белгі беруші-барабаншылар - «Жорықтық марш» соға) бастайды, ал бағыттаушы рота (батальон, бригада (полк) басқармасы қозғалысты тура саптық адыммен бастайды. Қалған бөлімшелер оңға бұрыла отырып, бағыттаушы рота тұрған жерге дейін келеді, солға бұрылады (иықпен енеді), өз командирлерінің «ОРНЫНДА» командасы бойынша түзеледі, белгіленген арақашықтықты орнатады және

«ТУРА» командасы бойынша алда келе жатқан бөлімшенің соңынан жүреді. Ту ұстаушы мен ассистенттер салтанатты шерумен жүріп өту кезінде бастық жаққа басын бұрмайды.

Бригаданың (полктің) соңғы бөлімшесі байқауды өткізетін бастықтың жанынан өткенде оркестр (белгі беруші-барабаншылар) әскери дирижердың (жетекші белгі беруші-барабаншының) командасы бойынша ойнауын (соғуын) тоқтатпастан, қозғалысты тура бастайды, ал салтанатты шерумен жүріп өту сызығына келгенде әскери дирижердың (жетекші белгі беруші-барабаншының) соңынан оң иықпен енеді және бастықтың алдынан саптық адыммен өтеді, бастықтың жанынан бір-екі сызықтық өткеннен кейін ойнауды (соғуды) тоқтатады.

Әнмен жүріп өту үшін бригада (полк) командирі бригаданы (полкті) қайта сапқа тұрғызып: «Бригада (полк), ТІК ТҰР. Әнмен жүріп өту үшін, рота бойынша (батальон бойынша), арақашықтық 50 метр немесе басқа арақашықтық көрсетіледі, бірінші рота (батальон, бригада (полк) басқармасы) тура, қалғандары оң-ҒА». «Қарубау-ҒА. Адым - БАС» командаларын береді.»Әндетіп өту үшін» командасы бойынша бригада (полк) командирінің орынбасарлары саптан екі адымға шығып, бригада (полк) басқармасының алдына тұрады.

Бригаданы (полкті), сызықтықты білдіретіндердің шыққанын, сондай-ақ салтанатты шерумен және әнмен жүріп өтуді тексеру батальон үшін көрсетілгендей жүргізіледі.

#### ***8.4. Машиналардағы саптық байқау.***

Рота, батальон және бригада (полк) саптық байқау үшін машиналар алдында жеке құраммен өрістетілген сапқа тұрғызылады:

рота - машиналар сызығына, жеке құрам - екі қатарлы сапқа; батальон - машиналар және жеке құрам - роталық немесе взводтық лектер сызығына;

бригада (полк) - машиналар мен жеке құрам - роталық лектер сызығына. Машиналардағы жеке құрамның саптық байқауы жаяу тәртіппен байқау үшін көрсетілгенге сәйкес жүргізіледі. Қару-жарақтың, әскери және басқа да техниканың бар болуы және жай-күйін, сондай-ақ машиналардағы әрекеттерге жеке құрамның дайындығын тексеру саптық байқауды өткізетін бастық көрсеткен тәртіппен жүргізіледі. Ол машиналармен салтанатты шерумен жүріп өту тәртібін де айқындайды. Машиналармен салтанатты шерумен жүріп өту роталық немесе батальондық жорықтық лектермен жүргізіледі. Бригада (полк), сондай-ақ екі және одан да көп лекпен жүріп өтуі мүмкін.

Байқау өткізілетін роталар, батальондар командирлерінің, бригада (полк) командирінің машиналарындағы кабиналардың люктері мен әйнектерінен басқа, машиналар кабиналарының люктері мен әйнектері жабық болуы тиіс. Одан басқа, салтанатты шерумен қозғалыс жасаған уақытта люкте болуға рұқсат етілген бөлімшелер командирлерінің машиналарындағы люктер ашық болуы тиіс.

Байқау өткізетін бастықтың рұқсатымен кабиналардың люктері мен әйнектері басқа да машиналарда ашық болуы мүмкін.

Салтанатты шерумен қозғалыс жасаған кезде машинаның командирлік люгінде (қораптың оң жақ алдыңғы бұрышында) мыналар тұрып тұрады: рота байқауында - рота командирі, взводтар мен машиналар командирлері; батальон байқауында - батальон командирі, роталар және взводтар командирлері, бригада (полк)

байқауында - бригада (полк) командирі, батальондар мен роталар командирлері.

Автомобильде қозғалыс жасаған кезде бөлімшелер мен бөлімдер командирлері машина жүргізушісінің жанында отыруы мүмкін. Салтанатты шерумен қозғалыс жасау «Лекпен - ЖҮР» командасы (белгісі) бойынша басталады. Қозғалысты барлық машина бір уақытта орнында тұрған сол сапта немесе командирдің командасы бойынша жүріс кезінде белгіленген арақашықтық пен аралықты қабылдап, қайта сапқа тұрғызылып бастайды. Егер машиналар арасындағы арақашықтық 10 метрден аспайтын болса, онда машиналар белгіленген арақашықтықты, ал екі және одан да көп лекпен жүріп өту кезінде аралықты да ала отырып, қозғалысты кезекпен бастайды.


Байқау өткізетін бастыққа дейін екі-үш сызықтық қалғанда машиналардың командирлік люгінде (кабинасында) отыратын командирлер қолын бас киіміне апарады және онымен бір уақытта басын бастық жаққа бұрады. Қалған әскери қызметшілер әрекет етеді, бұл ретте «кеудеге» күйіндегі автоматтар сол қолмен сағағы мен ұңғы бастырмасынан ұсталады.

Байқау өткізетін бастықтың жанынан бір сызықтық арақашықтыққа өткеннен кейін бөлімшелер мен бөлімдердің командирлері бас киімінен қолын төмен түсіреді және басын тік қаратады, ал қалған әскери қызметшілер «еркін отыр» күйін қабылдайды.

Бөлімнің Жауынгерлік Туы салтанатты шерумен жүріп өту алдында бөлім командирі машинасының жоғарғы люгінде (десанттық бөлігінде, қорабында) жайылған түрінде орнатылады. Ту ұстаушы мен ассистенттер жүріп өту уақытында бастық жаққа басын бұрмайды. Автоматтармен қаруланған ассистенттер оларды «кеудеге» күйінде және сол қолымен сағақ пен ұңғы бастырмасынан

ұстауы тиіс. Бөлімшелер мен бөлімдер жазылма сапқа машиналардың бойымен, маңдайшеп бойынша бір сызық бойымен, ал взводтар мен роталардың лектері Жарғыда белгіленген немесе командир белгілеген машиналардың немесе бөлімшелердің арасындағы аралықтар мен ара қашықтықтарда сапқа тұрады.

Бұл ретте жеке құрам машиналарда болады немесе машиналардың алдында взводтардың және роталардың бойымен машиналардың алдында үш адымнан жақын емес болатындай екі қатарлы немесе бір қатарлы саппен сапқа тұрады, машиналардың механик-жүргізушілері және жүргізушілері өз бөлімшелеріндегі сапқа тұрады.



29-сурет. Бөлімшенің және танк экипажының сапқа тұруы:

- а - бронетранспортердің алдында;
- ә - жаяу әскер машинасының алдында;
- б – танкінің алдында.

Бөлімшелер жорық сапқа машиналардың бойымен лектер бойынша немесе бөлімшелер лектері бірінің артынан бірі Жарғыда белгіленген немесе командир белгілеген сапқа тұрады.

Жаяу әскерді машиналарға, бронетранспортерлерге, автомашиналарға және т.б. машиналарға отырғызу кезінде бөлімшелерде қажет болған кезде әскери қызметшілерге және әскери мүліктерге машиналар бойынша санақ жүргізіледі, сондай-ақ отырғызу тәсілі көрсетіледі. Жеке құрамды машиналарға отырғызу алдында қарудың оқталғандығы тексеріледі, ал егер қозғалыс оқталған қарумен жүргізілсе, онда олардың тежегішке қойылғандығы қадағаланады, сүңгі-пышақтар алып тасталады.

Әрбір машина үшін офицерлерден, прапорщиктер немесе сержанттардан машина басшысы (бөлімше командирі) тағайындалады. Машина басшысына жүргізушіні қоса алғанда машинадағы бүкіл жеке құрам бағынады.

Аға командирдің белгісі бойынша бақылауды бөлімше командирі (машина басшысы) жүргізеді, автомобильдерде, бұдан басқа, автомобиль қорабының оң жақ алдыңғы бұрышында бақылаушы ретінде тағайындалған адам орналасады.

Қозғалыс кезінде автомобиль қорабының кемер (борт) ілгегі бекіткішіне бақылау жасап отыру үшін алдыңғы және артқы кемерлердегі шеткі орындарда отырған сарбаздар арасынан «кемерші» тағайындалады. Артқы жақта келе жатқан машиналарға, тіркемелі әскери техникаға және жаяу әскердің ұрыс машинасының есіктері ілгектерінің бекітілуіне бақылауды автомобильдің артқы қабырғасындағы оң жақ отырғышта отырған сарбаз жүргізеді.

## **ІХ. ӘСКЕРИ БӨЛІМНІҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ТУЫНЫҢ САПТАҒЫ ЖАҒДАЙЫ, ОНЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ӘКЕТУ.**

### ***9.1. Жауынгерлік Тудың саптағы жағдайы.***

Бөлім бойынша бұйрықпен Жауынгерлік Туға көбіне ордендермен және медальдармен наградталған сержанттар немесе офицерлер қатарынан ту ұстаушы мен екі ассистент тағайындалады.

Одан басқа, бригадаға (полкке) Жауынгерлік Туды шығарған және сақтау орнына әкеткен кезде оған ілесіп жүру үшін бөлім бойынша бұйрықпен туды алып жүруші взвод тағайындалады. Туды алып жүруші взвод Жауынгерлік Туды сақтау орнына алып бара жатқанда оның жанында ту ұстаушы, ассистенттер және белгі беруші-барабаншы болуы тиіс. Жауынгерлік Туды алып жүрген кезде ту ұстаушы мен ассистенттерде аспа бау болуы тиіс. Бөлімге Жауынгерлік Ту үнемі жайылған түрінде шығарылады. Елеулі қашықтыққа қозғалыс жасағанда Жауынгерлік Ту қабында алып жүріледі (тасымалданады).

*Саптағы* орнында ту ұстаушы Жауынгерлік Туды еркін түсірілген оң қолмен аяқ жанында ұстайды. Сабының төменгі ұшы оң аяқ табаны жанының ортасында болуы тиіс. Қарумен тәсілдерді орындаған кезде Жауынгерлік Тудың жағдайы өзгертілмейді.

Қозғалыс жасау үшін «АДЫМ» алдын ала командасы бойынша ту ұстаушы Жауынгерлік Туды сол жақ иығына ауыстырады және оны сабы бойымен созылған сол қолымен ұстайды, ал оң қолын төмен түсіреді. Бұл реттегі Жауынгерлік Тудың жағдайы сабының төменгі ұшы жерден 50-60 см биіктікте болуы тиіс.

Парадтарда салтанатты шерумен жүріп өту кезінде Жауынгерлік Ту алу жүктеледі.

Жауынгерлік Тумен қозғалыс кезінде автоматтармен қаруланған ассистенттер мен туды алып жүруші взвод оларды «кеудеге» күйінде, ал карабиндермен қаруланғандар - «иыққа» күйінде (қылыштармен қаруланған ассистенттер - «иыққа» күйінде) ұстауы тиіс. Бұл ретте «кеудеге» күйіндегі автоматтар сағақ пен ұңғы бастырмасынан сол қолмен ұсталады. Бөлімнің өрістетілген сабында Жауынгерлік Тумен ту ұстаушы және екі ассистент тұрады.

### ***9.2. Жауынгерлік Туды шығару және оны әкету тәртібі.***

Туды алып жүретін взвод Жауынгерлік Туды сақтау орнына үш (төрт) лекпен алып жүреді. Взвод командирі алда алты адымда, одан кейін екі адымда - ассистенттерімен ту ұстаушы, ту ұстаушыдан кейін екі адымда - белгі беруші-барабаншы жүреді.

Жауынгерлік Туды сақтау орнына келгеннен кейін туды алып жүретін взвод саптың орта тұсы үй-жайдың (сақтау орнының) есігіне қарама-қарсы келетіндей болып өрістетілген екі қатарлы сапқа тұрғызылады. Взвод командирі белгі беруші-барабаншыдан оңға қарай взводтың оң жақ қапталына тұрады, ал взвод командирінен оңға қарай екі адымда ту ұстаушы мен ассистенттер бір қатарға тұрады. Жауынгерлік Туды қабылдау үшін штаб бастығының аға көмекшісі (орынбасары) ту ұстаушыны шақырады: «Ту ұстаушы, менің соңымнан, адым - БАС».

Осы команда бойынша ту ұстаушы мен ассистенттер штаб бастығы аға көмекшісінің (орынбасарының) соңынан жүреді. Штаб бастығының аға көмекшісі (орынбасары) қарауыл бастығынан Жауынгерлік Туды қабылдап алып, оны ту ұстаушыға тапсырады және қарауыл бастығының

қатысуымен Ішкі қызмет жарғысында көрсетілген тәртіппен Жауынгерлік Туды қарап шығады.

Одан кейін штаб бастығының аға көмекшісі (орынбасары) қолын бас киіміне апарады, «Ту ұстаушы, менің соңымнан, адым - БАС» командасын береді және туды алып жүретін взводқа қарай жүреді.

Жауынгерлік Ту кіреберісте көрінгенде туды алып жүретін взвод командирі мынадай команда береді: «Взвод, Туға - ТІК ТҰР», ал егер взвод карабиндермен қаруланған болса мынадай команда береді: «Взвод, Туға - ТІК ТҰР, қарауыл-ҒА». Бірінші команда бойынша взвод саптық қалыпты қабылдайды, взвод командирі қолын бас киіміне апарады, ал екінші команда бойынша взвод, одан басқа карабиндерді «қарауылға» күйіне алады; белгі беруші-барабаншы «Туға» маршын соға бастайды. Ту ұстаушы ассистенттерімен взвод командирінен оңға қарай екі адымда қозғалыс жағына маңдайшебімен бір қатарға тұрады. Штаб бастығының аға көмекшісі (орынбасары) ту ұстаушының алдыңғы жағында екі адымда тұрады және бас киімінен қолын түсіреді; белгі беруші-барабаншы соғуын тоқтатады.

Ту ұстаушы ассистенттерімен өз орнына тұрғаннан кейін взвод командирі бас киімінен қолын түсіріп, «Взвод, оң-ҒА» командасын береді, ал егер взводта «қарауыл» күйінде карабин болса, онда алдын ала «Взвод, аяқ-ҚА» және одан кейін «Иық-ҚА» командаларын береді.

Жауынгерлік Тумен қозғалу штаб бастығы аға көмекшісінің (орынбасарының) «Ту ұстаушы, менің соңымнан, адым - БАС» командасы бойынша басталады. Осы команда бойынша штаб бастығының аға көмекшісі (орынбасары), ту ұстаушы мен ассистенттер қозғалысты жарты адыммен бастайды. Взвод командирінің «Взвод, үш (төрт) лекпен, адым - БАС» командасы бойынша туды алып

жүретін взвод жүру кезінде қайта сапқа тұрғызылады. Қайта сапқа тұрғызылғаннан кейін штаб бастығы аға көмекшісінің (орынбасарының) «ТУРА» командасы бойынша барлығы толық адыммен қозғалысты бастайды.

Жауынгерлік Тумен қозғалыс мынадай тәртіппен саптық адыммен жасалады: штаб бастығының аға көмекшісі (орынбасары), одан кейін екі адымда - ту ұстаушы ассистенттерімен, ту ұстаушыдан кейін үш адымда - взвод командирі; белгі беруші-барабаншы взвод командирінен кейін екі адымда, ал белгі беруші-барабаншыдан кейін екі адымда - взвод жүреді.

Белгі беруші-барабаншы туды алып жүретін взвод жүрген кезде «Жорықтық маршты» соға бастайды және оркестр (белгі беруші-барабаншылар) ойнай бастағанда соғуды тоқтатады. Ту алып жүруші взвод Жауынгерлік Туымен бригадаға (полкке) 40-50 адым жақындағанда бригада (полк) командирі: «Бригада (полк), Туға - ТІК ТҰР, назар оң-ҒА (сол-ҒА, орта-ҒА)», ал егер бригада (полк) карабинмен қаруланған болса: «Бригада (полк), Туға - ТІК ТҰР. Оң жақтан (сол жақтан, маңдайшептен) қарсы алу үшін, қарауыл-ҒА» командасын береді. Бірінші команда бойынша взвод және одан жоғары бөлімшелердің командирлері қолын бас киіміне апарады; барлығы басын Жауынгерлік Ту жаққа бұрады және оның соңынан басын бұра отырып, оны көз қиығымен шығарып салады; оркестр «Қарсы алу маршын» ойнайды.

Екінші команда бойынша, одан басқа, карабиндер «қарауылға» күйіне алынады. Егер бригада (полк) жанында оркестр болмаса, оркестр орнына алдын ала сапқа тұрғызылған белгі беруші-барабаншы «Туға» маршын соғады. Ту алып жүруші взвод бригаданың (полктің) сол жақ қапталына келіп тоқтайды және егер взвод карабинмен қаруланған болса, взвод командирінің командасы бойынша

оларды «қарауылға» күйіне алады. Ту ұстаушы ассистенттерімен штаб бастығы аға көмекшісінің (орынбасарының) командасы бойынша бригада (полк) маңдайшебі бойымен оң жақ қапталға қарай қозғалысты жалғастырады және олар үшін сапта белгіленген орынға тұрады.

Ту ұстаушы өз орнына тұрғаннан кейін бригада (полк) командирі оркестрге (белгі беруші-барабаншыларға) ойнауын (соғуын) тоқтату үшін белгі береді және: «Еркін тұр» командасын береді, ал егер бригадада (полкте) «қарауылға» күйінде карабин бар болса, алдын ала «Бригада (полк), аяқ-ҚА» командасын береді. Бригада (полк) командирінің «Еркін тұр» командасынан кейін ту алып жүруші взводтың командирі взводты бригаданың (полктін) сол жақ қапталына апарады. Жауынгерлік Туды әкету үшін бригада (полк) командирі «Ту алып жүруші взвод - АЛҒА» деп команда береді.

Осы команда бойынша ту алып жүруші взвод үш (төрт) лек бойынша белгі беруші-барабаншымен шығарылады және алға сол иықпен ене отырып, сол жақ қапталдағы бөлімшенің орта тұсы алдына бригада (полк) маңдайшебіне қарама-қарсы 20-25 адымда тоқтайды. Ту алып жүруші взвод тоқтаған кезде бригада (полк) командирі: «Бригада (полк), Туға - ТІК ТҰР, назар оң-ҒА» командасын береді, ал егер бригада (полк) карабинмен қаруланған болса: «Бригада (полк), Туға - ТІК ТҰР. Оң жақтан қарсы алу үшін, қарауыл-ҒА» командасын береді.

Осы команда бойынша бригада (полк) саптық жарғыда көрсетілгендей әрекет етеді (ту алып жүруші взвод солға түзеледі); оркестр «Қарсы алу маршын» ойнайды (белгі беруші-барабаншылар «Туға» маршын соғады); штаб бастығының аға көмекшісі (орынбасары) ту ұстаушыға: «Ту ұстаушы, менің соңымнан, адым - БАС» командасын

береді және оны ассистенттерімен бригада (полк) мандайшебі бойымен ту алып жүруші взвод жаққа қарай алып жүреді.







Жауынгерлік Туы бар ту ұстаушы ту алып жүруші взвод қатарына теңелген кезде ту алып жүруші взводтың командирі: «Взвод, адым - БАС» командасын береді, ал егер взвод карабинмен қаруланған болса, алдын ала «Взвод, аяқ-ҚА» және «Иық-ҚА» командаларын береді. Взвод Жауынгерлік Тумен, оны сақтау орнына кетеді.









Ту алып жүруші взвод 40-50 адымға алыстағанда бригада (полк) командирі оркестрге (белгі беруші-барабаншыларға) ойнауын (соғуын) тоқтатуға белгі береді және: «ЕРКІН ТҰР» командасын береді, ал егер бригадада (полкте) «қарауылға» күйінде карабиндер бар болса, алдын ала «Бригада (полк), аяқ-ҚА» командасын береді.








Жауынгерлік Туды сақтау орнына келгенде ту алып жүруші взводтың командирі саптық жарғыда көрсетілген тәртіпшен взводты сапқа тұрғызады және: «Взвод, Туға - ТІК ТҰР», ал егер карабиндермен қаруланған болса: «Взвод, Туға - ТІК ТҰР, қарауыл-ҒА» командаларын береді. Осы командалар бойынша взвод саптық жарғыда көрсетілгендей әрекет жасайды. Белгі беруші-барабаншы «Туға» маршын соғады. Штаб бастығының аға көмекшісі (орынбасары) бас киіміне қолын апара отырып, ту ұстаушыға: «Ту ұстаушы, менің соңымнан, адым - БАС» командасын береді және оны ассистенттерімен соңынан алып жүреді. Жауынгерлік Ту үй-жайға кіргізілген кезде ту алып жүруші взводтың командирі бас киімінен қолын түсіреді, белгі беруші-барабаншы барабанды соғуын тоқтатады; егер взводта «қарауылға» күйінде карабиндер бар болса, взвод командирі «Взвод, аяқ-ҚА», содан кейін «Қарубау-ҒА» командаларын береді және взводты рота орналасқан жерге алып жүреді.






**Х. САПТЫ ЖӘНЕ МАШИНАНЫ  
БАСҚАРУҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІЛЕРДІҢ  
КЕСТЕСІ.**







**Жеке құрамды басқаруға арналған белгілердің кестесі**



Белгі	Шартты белгілер		
	Қолмен	Жалаушалармен	Шаммен
1	2	3	4
«Назар сал!» (назар сал, мен сияқты жаса; жауап беру)	Оң қолды жоғары көтеріп, жауап бергенше ұстап тұру керек («Назар сал!» белгісін қайталағанға дейін)	Сары жалаушаны оң қолмен жоғары көтеріп, жауап бергенше ұстап тұру керек («Назар сал!» белгісін қайталағанға дейін» 	Ақ түсті шаммен - бірнеше нүктелер 
Командирді (бастықтарды) жинау	Оң қолды жоғары көтеріп, бастан асыра айналдырып, одан кейін тез түсіру керек	Сол сияқты, оң қолдағы қызыл не сары жалаушамен 	Ақ түсті шаммен бастан асыра жартылай шеңберді көрсете оңға және солға бұлғау керек 
Машинаға!	Екі қолды жоғары көтеріп, орындалғанша ұстап тұру керек	Сол сияқты, оң қолмен сары, ал сол қолмен қызыл жалаушаны ұстап тұрып 	Ақ түсті шаммен өзінің алдында оңға және солға иықтың деңгейімен бұлғау керек 

Орын-дарыңа!	Екі қолды жоғары көтеріп, жанына қарай төмен тез түсіру керек	Сол сияқты, оң қолмен сары, ал сол қолмен қызыл жалаушаны ұстап тұрып 	Ақ түсті шаммен жоғары, төмен тік бұлғау керек 
Оталдыр!	Оң қолды өзінің алдында айналдыру	Сол сияқты, оң қолмен сары жалаушаны ұстап тұрып айналдыру 	Ақ түсті шаммен өзінің алдында айналдыру 
Қозғалт-қышты өшір!	Төмен түсірілген екі қолын алдында бұлғау	Сол сияқты, оң қолмен сары, сол қолмен қызыл жалаушаны ұстап тұрып бұлғау 	Қызыл түсті шамды төмен қаратып, өзінің алдында жартылай шеңберді көрсетіп бұлғау 
Марш(алға, қозғалысты бұрынғы немесе жаңа бағытта жалғастыру жол ашық)	Оң қолды жоғары көтеріп, қозғалыс I жаққа бұрылып, қолды иықтың деңгейінде қозғалыс бағытында түсіру керек	Сол сияқты, оң қолдағы сары жалаушамен 	Жасыл түсті шаммен жоғары-төмен тік бұлғау керек 






<p>Ара-қашықтықты ұлғайт !</p>	<p>Сол қолды жоғары көтеріп, ал оң қолды жанына көлденең созып, онымен жоғары, төмен иықтың деңгейінде бұлғау керек</p>	<p>Сол сияқты, оң қолмен сары, ал сол қолмен қызыл жалаушаны ұстап, жоғары иықтың деңгейінде бұлғау керек</p> 	<p>Жасыл түсті шаммен сегіздікті көрсетіп, тік жазықтықта бұлғау керек</p> 
<p>Тоқта!</p>	<p>Сол қолды жоғары көтеріп, өзінің алдына төмен тез түсіріп, орындалғанша қайталау керек</p>	<p>Сол сияқты, сол қолдағы қызыл жалаушамен</p> 	<p>Қызыл түсті шаммен жоғары, төмен тік бұлғап</p> 
<p>Ара-қашықтықты қысқарт!</p>	<p>Оң қолды жоғары көтеріп, ал сол қолды жанына қарай көлденең созып, сонымен төмен, жоғары иықтың деңгейінде бұлғау керек</p>	<p>Сол сияқты, оң қолмен сары, ал сол қолмен қызыл жалаушаны ұстап, жоғары иықтың деңгейінде бұлғау керек</p> 	<p>Қызыл түсті шаммен сегіздікті көрсетіп, тік жазықтықта бұлғау керек</p> 
<p>Машиналар желісіне!</p>	<p>Екі қолын жанына қарай созып, жауап бергенше ұстап тұру керек</p>	<p>Сол сияқты, оң қолына сары, ал сол қолына қызыл жалаушаны ұстап</p> 	<p>Жасыл түсті шаммен өзінің алдында оңға және солға иықтың деңгейінде бұлғау керек</p>

			
Лектер желісіне!	Взводтық лектердің желісіне: екі қолды жоғары көтеріп, олармен бастан асыра бір-біріне айқастыра бұлғау керек	Сол сияқты оң қолмен сары, ал сол қолмен қызыл жалаушаны ұстап 	Жасыл түсті шаммен жартылай шеңберді көрсете отырып, бастан асыра оңға және солға бұлғау керек 
	Роталық лектердің желісіне: екі қолды жоғары көтеріп, оларды бастан асыра бір-біріне айқастыра қойып, қозғалыссыз ұстау керек	Сол сияқты, оң қолға сары, ал сол қолға қызыл жалаушаны ұстап 	Жасыл түсті шаммен жартылай шеңберді көрсетіп, бастан асыра оңға қарай бұлғау керек. Шамды бастапқы жағдайына қайтару жартылай өшірілген немесе жарықты қабылдаушыға көрсетпей, жауап жүргізу керек 










Лекке!	Оң қолды жоғары көтеріп, оны иық алдына тік ұстап, түсіру керек (оны жауап алғанша ұстап тұру керек)	Сол сияқты, оң қолмен сары жалаушаны ұстап 	Жасыл түсті шамды алдымен қозғалыссыз ұстап, содан кейін «Марш!» белгісін жауап алғанша қайталау керек 
Барлығың кері айнал!	Сол қолды жанына көлденең созып, ал оң қолды бастан асыра көтеру керек	Сол сияқты, оң қолға сары, ал сол қолға қызыл жалаушаны ұстау керек 	Жасыл түсті шамды өзінің алдында айналдыру керек 
Барлығың оңға! (Солға!)	Сол қолды жанына қарай көлденең, ал оң қолды жоғары көтеру керек бұрылыс жаққа бұрылып, оң қолмен жоғары және иықтың деңгейінде төмен бұлғау керек (жауап алғанша қайталау керек)	Сол сияқты, оң қолмен сары, ал сол қолмен қызыл жалаушаны ұстау керек 	Жасыл түсті шаммен жоғары-төмен тік және бұрылыс жаққа бұлғау керек 
Апат! (Еріксіз)	Оң қолды жанына қарай	Сол сияқты, оң қолмен сары, ал	Қызыл түсті шаммен өзінің

аялдау!)	көлденең созып, ал сол қолды жоғары көтеріп, оны бастан асыра оңға, солға бұлғау керек	сол қолмен қызыл жалаушаны ұстау керек. Белгі берілгеннен кейін қызыл жалауша машинаға 45° градустық бұрышпен орнатылады 	алдында оңға және солға иықтың деңгейінде бұлғау керек 
----------	--	---	---

*Ескерту.* Белгілердің кестесінде көрсетілгендер:

жасыл (ақ) түсті жалауша	—	
ақ түсті шам	—	
қызыл түсті жалауша	—	
қызыл түсті шам	—	
жасыл түсті шам	—	

## Машинаны басқаруға арналған белгілердің кестесі

		
Назар сал!	Оталдыр!	Қозғалтқыш
		
Алға (Маған!)	Оңға!	Солға!
		
Баяу қозғал!	Тоқта!	Артқа жүр!

Ескерту: Машинаны басқару үшін командир одан кемінде 5 м жерде тұрады.

## **XI. САПТЫҚ АЛАҢДАРДЫ (ПЛАЦТАРДЫ) ЖАБДЫҚТАУДЫҢ РЕТТІЛІГІ.**

Жалпы білім беретін мектептердің (әскери-оқу орындарының) саптық плацы мыналарды қамтамасыз етуге тиіс.

- жекелей саптық даярлық жөніндегі, машиналарсыз іс-қимыл кезінде бөлімдерді үйлестіру жөніндегі жоспарлық сабақтар өткізу

- взводтық лектер түзеп сапқа тұрған мектептің саптық байқауын өткізу

- взводтың саптық байқауын өткізу;

- сабақтар өткізу және жаттығулар өткізу;

Бөлімшелердің, взводтардың саптық даярлық жөнінде ең жақсы саптық үйлесім жарыстарын өткізу;

- «жат», «түрегел» тәсілдеріне, жүгіріп және еңбектеп өту тәсілдеріне машықтану;


Жеке құрамымен саптық даярлықты өткізу үшін плацтың бүкіл алаңы үш саптық алаңша болып бөлінеді.

Егжей - тегжейлі белгіленген саптық алаңшалар саптық адым, бір орында және қозғалыста бұрылулар, бастыққа келу, саптан шығу секілді саптық тәсілдердің бәріне машықтануға мүмкіндік береді.

Көлемі 8x16 саптық алаңдар плацтың бүкіл алаңы бойынша біркелкі дайындалады. Саптық алаңнан басқа плацта бөлімшелер салтанатты шерумен жүріп өту үшін жолақ бөлінеді. Оң жақ қапталдағылар жүріп өту сызығы мінбеден 5-8 м арақашықтықта жасалады, одан бір адымда бір-бірінен 10-15 м сызықтықты білдіретіндер үшін орындар белгіленеді. Саптық алаңдардағы барлық сызық ақ түсті бояумен (қорытылған әкпен) жасалады.

Әрбір саптық плац жарықпен жабдықталған және радиоландырылған болуы тиіс.

Саптық алаңшалардан басқа плацта салтанатты шерумен жүріп өтуге арналған жолақ белгіленеді. Асфальт төселген плацтағы барлық сызықтар ақ сырмен салынып, өшуіне қарай жаңартылып отырады. Егер плацтың төсемі құмшиыршықтас қоспасынан болса, сызықтар ерітіліп әкпен салынады немесе түсті таспен тізбектеледі.



**30-сурет.** Саптық плацтарды жабдықтаудың реттілігі

Саптық алаңшадағы саптық адымға машықтану үшін белгіленген сызықтар 80 см аралықта жүргізілуі тиіс. Саптық алаңшадағы ені бойынша 10 квадрат ол - 8 метрге, ал ұзындығы бойынша 20 квадрат ол - 16 метрге тең.

*Саптық плацтардың мынадай жабдығы болуға тиіс:*

- 1 - саптық алаң;
  - 2 - Саптық жарғылардан суреттері бар стенд;
  - 3 - айна;
  - 4 - сызықтықты білдіретіндерге арналған орын;
  - 5 - мінбе;
  - 6 - сапқа тұру үшін сызық;
  - 7 - ту салғыштар;
  - 8 - ұрыс даласындағы қозғалу тәсілдерін пысықтауға арналған алаң;
  - 9 - машиналар жанындағы және машиналардағы іс-әрекеттерді пысықтауға арналған алаң; 10 - темекі шегуге және аяқ киімді тазалауға арналған орын.
- саптық жарғыдан, киім нысанын кию ережелерінен берілген көрнекі құралдарға, плакаттар мен схемаларға арналған, көрнекі үгітке және саптық плацта өткізілетін барлық шаралардың үлгілік жоспарына арналған стенділер;

## ХІІ. СТУДЕНТТЕРДІҢ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ.

\$\$\$1

Саптық дайындық курсы болып табылады:

- A) Штаттық қару-жарағы мен ұрыс техникасы.
- B) Әскери оқыту мен тәрбиелеудің маңызды тарауы.
- C) Шеру және жорық күзеті.
- D) Саптық тәсілдерді орындау іскерлігін қалыптастырады.
- E) Әскери қызметшілердің орналастырылуы.
- F) Жекеленген саптық тәсілдермен үйлесімді қимылдарды дұрыс орындау дағдыларына бағытталған.
- G) Қазақстанның әскери саясатының ерекшеліктерін.
- H) Уақыттың бөлінуі және тәртіпті сақтау.

\$\$\$2

Саптық дайындық сабағында қамтылады:

- A) Қазақстанда әскери кадрларды даярлау.
- B) Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы.
- C) Қарумен және қарусыз жекеленген саптық жаттығулар.
- D) Жастарды алғашқы әскери дайындығының мақсаты.
- E) Машиналардағы және жаяу реттегі қимылдар.
- F) Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылуы.
- G) Әскери қызметшілердің ұрыс алаңында жылжу тәсілдері.
- H) Әскери қызметке дайындау тәртібі.

\$\$\$3

Саптық дайындық курсының оқытудың мақсаты мен міндеттері:

- A) ҚР ҚК-нің Саптық жарғысының талаптарын, міндеттерін, ережелерін білуі тиіс.
- B) Саптық жарғының талаптарына сәйкес практикалық элементтердің нақты элементтерін орындауға жаттығу.

С) ҚРҚК-де қызмет етуге даярлау және шұғыл әскери қызметті өткеру жөнінде қажетті білім бекітіліп, тереңдетіледі.

Д) Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы.

Е) Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылуы туралы.

Ғ) Қазақстанның әскери саясатының ерекшеліктері туралы.

#### \$\$\$4

Саптық дайындық бойынша әрбір тәсілді немесе қимылды қайталау кезінде мынадай әдістемелік кезектілікті ұстану керек:

А) ҚРҚК-де қызмет етуге даярлау және шұғыл әскери қызметті өткеру жөнінде қажетті білім бекітіліп, тереңдетіледі.

В) Тәсілді (қимылды) толықтай атау және ол орындалатын пәрменді беру.

С) Тәсілді толықтай үлгілі орындаумен көрсету, бөліктер бойынша тәсілді орындау ережелері мен ретін қысқаша түсіндіру мен көрсету.

Д) Саптық жарғысының талаптарын, міндеттерін, ережелерін оқу.

Е) Тәсілді (қимылды) орындау техникасы студенттерде алдымен бөлшектер бойынша, содан соң оны дұрыс орындалуын толықтай үйрету.

Ғ) Саптық жарғының талаптарына сәйкес практикалық элементтердің нақты элементтерін орындауға жаттығу.

Г) Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы оқып үйрену.

#### \$\$\$5

Саптық тәсілдерді орындау кезінде команда беріледі:

А) Сапты басқару.

В) Алдын ала берілетін.

- C) Командалармен жүзеге асырылады
- D) Орындалатын.
- E) Белгілермен.
- F) Жеке өзі көрсете отырып.
- G) Техникалық байланыс құралдары арқылы.

\$\$\$6

Қапталдар арасындағы қашықтық:

- A) Сап.
- B) Қатар.
- C) Қаптал.
- D) Машиналар сызығы.
- E) Маңдай шеп.
- F) Аралық.
- G) Арақашықтық.
- H) Саптың ені.

\$\$\$7

Сап дегеніміз не анықтамасын атаңыз:

- A) Әскери қызметшілердің бір сызық бойына бірі екіншісінің қасына белгіленген аралықтарда орналасатын сабы.
- B) Машиналардың бір сызық бойына бірі екіншісінің қасына белгіленген аралықтарда орналасатын сабы.
- C) Саптың оң (сол) жақ шеті. Бұрылған кезде сап қапталдарының атаулары өзгермейді.
- D) Әскери қызметшілердің, бөлімшелер мен бөлімдердің жаяу тәртіпте және машиналарда олардың бірлесіп іс-қимыл жасауы үшін Жарғымен белгіленген орналасуы.
- E) Саптың әскери қызметшілер тіке қарап тұрған жағы (машиналардың – алдыңғы бөлігі).

\$\$\$8

Сап және оның элементтеріне жатады:

- A) Атыс негіздері.
- B) Қатар.
- C) Саптық және жорықтық.
- D) Қаптал.
- E) Саптан шығу.
- F) Маңдайшеп .
- G) Бастыққа келу.

\$\$\$9

Саптық дайындық бойынша саптың элементтерін атаңыз:

- A) Саптық алаң.
- B) Сап және оларды басқару.
- C) Арақашықтық.
- D) Алдын ала бетілетін.
- E) Саптың ені.
- F) Жинақталған сап.
- G) Орындалатын команда.
- H) Артқа - БҰРЫЛ.

\$\$\$10

Сап және оларды басқару:

- A) Команда алдын ала беріледі.
- B) Командалар тек орындалатын болуы мүмкін.
- C) Командалармен жүзеге асырылады, оны командир дауыстап, белгілермен берілуі мүмкін.
- D) Төрт және одан аз әскери қызметшілер лекке бір-бірден тұрғызылады.
- E) Жеке өзі көрсете отырып, сондай-ақ техникалық байланыс құралдары арқылы беруі мүмкін.
- F) Маңдайшеп бойынша әскери қызметшілер (машиналар), бөлімшелер мен бөлімдер арасындағы қашықтық.

Г) Машиналардың бір сызық бойына бірі екіншісінің қасына белгіленген аралықтарда орналасатын сабы.

Н) Саптың әскери қызметшілер тіке қарап тұрған жағы.

### \$\$\$11

Қаптал дегеніміз не анықтамасын атаңыз:

А) Саптың әскери қызметшілер тіке қарап тұрған жағы (машиналардың – алдыңғы бөлігі).

В) Әскери қызметшілердің бір сызық бойына бірі екіншісінің қасына белгіленген аралықтарда орналасатын сабы.

С) Қапталдар арасындағы қашықтық.

Д) Бірінші қатардан соңғы қатарға дейінгі аралық.

Е) Саптың оң (сол) жақ шеті. Бұрылған кезде сап қапталдарының атаулары өзгермейді.

### \$\$\$12

Жорықтық сап дегеніміз не анықтамасын атаңыз:

А) Бөлімшенің лекке сапқа тұрғызылған немесе бөлімшелер Жарғымен немесе командирмен белгіленген арақашықтықтарда бірінен кейін бірі сапқа тұрғызылатын сабы.

В) Машиналардың бір сызық бойына бірі екіншісінің қасына белгіленген аралықтарда орналасатын сабы.

С) Саптың оң (сол) жақ шеті. Бұрылған кезде сап қапталдарының атаулары өзгермейді.

Д) Әскери қызметшілердің, бөлімшелер мен бөлімдердің жаяу тәртіпте және машиналарда олардың бірлесіп іс-қимыл жасауы үшін Жарғымен белгіленген орналасуы.

Е) Саптың әскери қызметшілер тіке қарап тұрған жағы (машиналардың – алдыңғы бөлігі).

### \$\$\$13

Өрістетілген сап дегеніміз не анықтамасын атаңыз:

A) Бөлімшенің лекке сапқа тұрғызылған немесе бөлімшелер Жарғымен немесе командирмен белгіленген арақашықтықтарда бірінен кейін бірі сапқа тұрғызылатын сабы.

B) Машиналардың бір сызық бойына бірі екіншісінің қасына белгіленген аралықтарда орналасатын сабы.

C) Бөлімшенің маңдайшеп бойынша бір қатарлы немесе екі қатарлы сапта (машиналар сызығына) немесе лектер сызығына Жарғымен немесе командирмен белгіленген аралықтарда бір сызық бойына тұрғызылатын сабы.

D) Әскери қызметшілердің, бөлімшелер мен бөлімдердің жаяу тәртіпте және машиналарда олардың бірлесіп іс-қимыл жасауы үшін Жарғымен белгіленген орналасуы.

E) Саптың әскери қызметшілер тіке қарап тұрған жағы (машиналардың – алдыңғы бөлігі).

### \$\$\$14

Сапта аға командир, оған команда беру үшін қай жерде орналасады:

A) Саптың шетінде.

B) Оң қапталда.

C) Маңдайшебінде.

D) Ыңғайлы жерде.

E) Сол қапталда.

### \$\$\$15

Алдын ала берілетін команданың мақсаты:

A) Сапта тұрғандар командирдің олардан қандай іс-қимылдарды талап ету үшін.

В) Командирлер Жарғымен немесе аға командирмен белгіленген орындарда бола отырып, командаларды беру үшін.

С) Бірлесіп іс-қимыл жасауы үшін Жарғымен белгіленген орналасуы үшін.

Д) Жарғымен немесе командирмен белгіленген аралықтарда бір сызық бойына тұрғызылатын сабы үшін.

Е) Әскери қызметшілердің назарын күшейту және орындалатын команданы орындауға дайындалу үшін.

\$\$\$20

Саптың оң (сол) жақ шеті. Бұрылған кезде сап қапталдарының атаулары өзгермейді:

А) Сап.

В) Қатар.

С) Қаптал.

Д) Машиналар сызығы.

Е) Маңдайшеп.

Ғ) Аралық.

Г) Арақашықтық.

Н) Саптың ені.

\$\$\$21

Әскери қызметшілердің бір сызық бойына бірі екіншісінің қасына белгіленген аралықтарда орналасатын сабы:

А) Сап.

В) Қатар.

С) Қаптал.

Д) Машиналар сызығы.

Е) Маңдайшеп.

Ғ) Аралық.

Г) Арақашықтық.

Н) Саптың ені.

\$\$\$22

Маңдайшепке қарама-қарсы жағы:

- A) Саптың тыл жағы.
- B) Қатар.
- C) Қаптал.
- D) Машиналар сызығы.
- E) Маңдайшеп.
- F) Аралық.
- G) Арақашықтық.
- H) Саптың ені.

\$\$\$23

Маңдайшеп бойынша әскери қызметшілер (машиналар), бөлімшелер мен бөлімдер арасындағы қашықтық:

- A) Сап.
- B) Қатар.
- C) Қаптал.
- D) Машиналар сызығы.
- E) Маңдайшеп.
- F) Аралық.
- G) Арақашықтық.
- H) Саптың ені.

\$\$\$24

Әскери қызметшілер (машиналар), бөлімшелер мен бөлімдер арасындағы түпкі жаққа қарай қашықтық:

- A) Сап.
- B) Қатар.
- C) Қаптал.
- D) Машиналар сызығы.
- E) Маңдайшеп.
- F) Аралық.
- G) Арақашықтық.
- H) Саптың ені.

\$\$\$25

Әскери қызметшілердің бір-бірінің ту сыртында, Жарғымен немесе командирмен белгіленген арақашықтықта орналасатын сабы:

- A) Сап.
- B) Қатар.
- C) Қаптал.
- D) Лек.
- E) Маңдай шеп.
- F) Аралық.
- G) Арақашықтық.
- H) Саптың ені.

Өзіндік жұмыс

№	Оқу сұрақтары	Жауабы
1	Сап және оның элементтеріне жатады	
2	Қапталдар арасындағы қашықтық	
3	Өрістетілген сап	
4	Жорықтық сап дегеніміз не	
5	Аралық анықтамасы	
6	Сап және оларды басқару	
7	Орнында бұрылулар қандай командалары бойынша орындалады.	
8	Қозғалыс жылдамдығын өзгерту үшін мынадай командалар беріледі:	
9	Бөлімшенің әскери сәлемдесуді саптағы орнында және қозғалыста орындау үшін командалар беріледі:	
10	Саптың оң (сол) жақ шеті. Бұрылған кезде сап қапталдарының атаулары өзгермейді:	

## Мазмұны

Кіріспе.....	3
1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің саптық жарғысының жалпы ережелері.....	6
2. Сап және оларды басқару.....	21
3 Саптық тәсілдер. Қарумен және қарусыз қозғалыс жасау.....	29
4 Әскери сәлемдесуді орындау, саптан шығу және қайта сапқа тұру. Бастыққа келу және одан кету.....	53
5 Бөлімшенің, взодтың, ротаның жаяу тәртіптегі саптары.....	66
6. Бөлімшенің, взодтың, машиналардағы саптары.....	102
7. Бөлімшелер жеке құрамының ұрыста жаяу тәртіппен іс-қимыл жасау кезіндегі қозғалыс әдістері мен тәсілдері.....	111
8. Жаяу тәртіптегі саптық байқауы.....	117
9. Әскери бөлімнің жауынгерлік туының саптағы жағдайы, оны шығару және әкету.....	131
10.Сапты және машинаны басқаруға арналған белгілердің кестесі.....	137
11. Саптық плацтарды жабдықтаудың реттілігі.....	144
12. Студенттердің бақылау жұмысы.....	147

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР әскери доктринасы. 11 қазан. 2011 ж.
2. ҚР ҚК-нің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғылары. Астана, 2007 ж. – 659б.
3. ҚР ҚК-нің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының саптық жарғылары. 02.02.2016 N 187
4. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін «Алғашқы әскери дайындық» пәнінен типтік оқу бағдарламасы Астана 2013ж. 3 сәуірдегі № 115
5. Е.Ж. Қожамжаров., Н.Р. Рамашов., М.Т. Бөдеев «Бастапқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі» оқу әдістемелік құралы. Қарағанды 2015ж.
6. А. Ерекешов., А.Рихтер., М. Бөдеев «Алғашқы әскери дайындық» Әдістемелік нұсқау. Алматы 2013ж.
7. С.Н. Асқапов., М.Е. Құсмиденоов., А.Ш. Жанғазин «Бастапқы әскери дайындығы сабағында қолданылатын саптық жаттығулар» Әдістемелік нұсқау. Павлодар 2013 ж.
8. Рамашов., Е.Ж. Қожамжаров., Н.Р. М.Т. Бөдеев «Алғашқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі». Алматы 2012ж
9. А.Ж. Кулейменов., Қ.И. Садыков., Е.Ж. Қожамжаров «Педагогикалық іс-тәжірибеден өтуді ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқау» Қарағанды, 2016ж
10. Рамашов., Е.Ж. Қожамжаров., Н.Р. М.Т. Бөдеев «Бастапқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі» Электронды оқулық Қарағанды 2013 ж.
11. Е.Ж. Қожамжаров. «Саптық дайындық бойынша әдістемелік нұсқау» Қарағанды 2007 ж..
12. Кундакбаев Б.Р., Қожамжаров Е.Ж. «Учебно-материальная база НВП» Методические рекомендации по военно-спортивным сооружениям. Қарағанды 2006 г.
14. Ж. Қадырбаев., О. Кенбаев., «Саптық дайындықты үйрету әдістемесі» әдістемелік нұсқау – Шымкент 2005 ж.
15. «Оқу процесі мен ішкі тәртіпке жалпы әскери жарғылары талаптарын енгізу жөніндегі жұмыс әдістемесі» Әдістемелік нұсқау. Алматы 2000 ж.

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Сенатының шешімімен бекітілді  
және басылымға ұсынылған.  
№6 хаттама 16.06.2017 ж*

## **САПТЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫ ОҚЫТЫП ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**«5В010400- Бастапқы әскери дайындық»  
мамандығы үшін**

**Ахметов Бахытжан Раушанбекұлы**

Басуға 09.09.2017ж. Қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Кітап-журнал қағазы.  
Көлемі 10 ес.-б.т. Таралымы 500 дана. Тапсырыс №\_\_\_\_\_

---

Түркістан Тұран баспасы, 2017 - № 155 бет